

«Балапан» ортаңғы тобының 2021-2022ж оқу жылының

«Ұлттық тәрбие»вариативтік компонентіне тақырыптық жоспар.

№	Тақырыптары	Мақсаты		Мерзімі
1	Сәлемдесу туралы	Балаларға құрбы-құрдастармен, балабақша үлкендерімен сәлемдесу, ізеттілік туралы түсінік беру, құрмет сезімдерін тәрбиелеу.	1	06.09.2021
2	Дастархан басындағы әдептілік	Балаларға дастархан басында әдеп сақтау ережелері жайлы түсінік қалыптастыру. Дастархан басында тазалық туралы ұғымдарын кеңейту.	1	13.09.2021
3	Мен ұқыпты баламын	Ұқыптылық ұғымын адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.	1	20.09.2021
4	Қайырымды бала	Балаларға өзгелерге көмектесу, мейірімділік, қайырымдылық туралы түсінік беру.	1	27.09.2021
5	Ізгілік сөздер	Балаларды күнделік тұрмыста пайдаланатын ізгілік сөздерді пайдалана білуге үйрету.	1	04.10.2021
6	Мейірімділік	Мейірімділік дегеніміз не, кімдерді мейірімді деп атаймыз, мейірімділікті қаталдық, қатыгездікпен салыстыра отырып балаларға түсіндіру.	1	11.10.2021
7	Сыпайылық туралы	Балаларды сыпайылыққа мәдениеттілікке тәрбиелеу. Сыпайы сөздерді қолдана білуге үйрету.	1	18.10.2021
8	Қонақ күтіп алу	Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету, ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.	1	25.10.2021
9	Қонақтарды шығарып салу	Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.		01.11.2021
10	Қонақты күтудегі дәстүрлер	Балалардың қонақ күту жайы білімдерін тиянақтап әдептілікке, адамгершілік қасиеттерге баулу тілдерін дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	08.11.2021
11	Мақал-мәтел жіне әдептілік	Мақалдардың көмегімен балалардың ой-өрісін дамыту, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.	1	15.11.2021
12	Сөздің көркі - мақал	Балаларды мақал түрлерімен таныстыру, ата-бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілік-ке, ойын нақты жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.	1	22.11.2021
13	Телефон	Балаларды байланыс қызметі түрлерімен таныстыру. Ой-өрісін, сана-сезімін, дүниетанымын дамыту. Мейірімділікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.	1	29.11.2021
14	Көргенді көше	Балаларды көше мәдениетін сақтап, тәртіпті болуға, тазалықты сүюге тәрбиелеу.	1	06.12.2021
15	Отаным алтын бесігім	Балаларды өз Отанын қорғауға, қастерлеп сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу. Отан туралы түсініктері	1	13.12.2021

		кеңейту.		
16	Сұлулық туралы	Балаларды сезім мүшелеріміз арқылы сезінеміз: пішін мен түсті -көзбен көру арқылы, дыбысты есту арқылы, иісті-мұрын арқылы сезінетінімізді үйрету.	1	20.12.2021
17	Жаңа жыл	Балаларға шырша мерекесі арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау.Жаңа жыл мерекесіне дайындықтарын бақылау.	1	27.12.2021
18	Қыс мезгіліндегі ойындар	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету. Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білуге үйрету.Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу	1	03.01.2022
19	Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі	Балаларды тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруді үйретуді жалғастыру.Жиһаз атауларымен таныстыру.Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрау. Достарының,үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу.	1	10.01.2022
20	Нұр-Сұлтан-бас қала	Балаларға Елордамыз Астана жайлы түсінік беру, Тұңғыш президенті күні жайлы әңгімелеу, Президентіміз жайлы түсінік беру, Астанаға саяхат жасау арқылы астананың көрнекті жерлерімен таныстыру. Ұйымшылдыққа, Отансүйгіштікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	1	17.01.2022
21	Біз тату-тәттіміз	Балаларды «Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру.«Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, татулыққа тәрбиелеу.	1	24.01.2022
22	Менің елім – Қазақстан	Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру.Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.	1	31.01.2022
23	Ұлттық жиһаздар	Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыруды, балаларға ұлттық жиһаздармен таныстыру.	1	07.02.2022
24	Ас атасы- Нан	Балаларға нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нан пісіру кезеңдері, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру.Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даяр -лайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білуге, еңбекке деген құрмет сезімдерінетәрбиелеу.жетілдіру,шығармашы- лық ой қиялын дамыту.	1	14.02.2022
25	Үлкенге құрмет-кішіге ізет	Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету. Өзара сыйластық қарым - қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру;жағымды қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту;жақсылық- қа, имандылыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	21.02.2022
26	Ертегіде қонақта	Балаларды сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету.Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.	1	28.02.2022

27	Ұлттық тағамдар пайдасы	Балаларды ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспен- шілігін арттыру.Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке тәрбиелеу.	1	05.03.2022
28	Қош келдің Наурыз	Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Ұлттық тағамдармен таныстыру.	1	14.03.2022
29	Көшеден өту	Балалардың есіне көше тәртібі ережелерін қалыптастыру.Ойлау қабілеттерін дамыту.	1	21.03.2022
30	Көліктер	Балаларға көліктер туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға үйрету.	1	28.03.2022
31	Мен көмекшімін	Балалардың айналасына көмектесу дұрыс әрекет құндылығынан туындайтынын ұғындыру, қамқорлық жасау туралы білім беру,айналасына мейірімді бола білуге дамыту,барлығына жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.	1	04.04.2022
32	Атамның әңгімелері	Әскер туралы балалардың білімін қалыптастыру. Ұлы Отан соғысының ардагеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Ержүрек, батыр, күштіболуғатәрбиелеу	1	11.04.2022
33	Бір шаңырақ астында	Балаларға бір шаңырақ астында тұратындардың бір - біріне сыйластығы, махаббаты, бауырмалдығы, бір - бірімен ынтымағы, татулығы, бірлігі шаңырақ жарастығын құрайтынын үйрету.	1	18.04.2022
34	Отбасындағы тәрбие	Балаларға отбасы мүшелерін атауға, сұрақ - жауап арқылы сұхбатқа үйрету. Отбасы мүшелері туралы тақпақтарды жатқа айтқызу, «Кім жоқ» ойыны арқылы отбасы мүшелерінің атауын білуге үйрету. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.	1	25.04.2022
35	Ұлттық салт-дәстүрлер	Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлты-мыздың дәстүрлерінен үлгі алу,ұлттық салт-дәстүр үлгісіндетәрбиелеу.	1	16.05.2022
36	Қош келдің Жайдарлы жаз!	Балаларға жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту.Сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.Тіл мәдениетін қалыптастыру	1	23.05.2022
Барлығы:36				

Тексерілді  
Ж. Жантөре

**Күні:**06.09.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Сәлемдесу туралы

**Мақсаты:** Балаларды, құрбы-құрдастармен, балабақша үлкендерімен сәлемдесу, ізеттілік туралы түсінік беру, құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Жылулық шеңбері -Балалар бүгін сендер қандай әдемі болып кеткенсіңдер! -Қане бір-біріңе жылы сөздеріңді айтып, жылы лебіздеріңді білдіріңдерші.	Амандасып бір-біріне гүл сыйлап, жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Жарайсыңдар, сендермен қызықты да көңілді серуен жасаймыз. Топтың әр бұрышында әртүрлі кейіпкер бейнесіндегі балалар отырады. Балалар олардың қасына келіп: -Сәлеметсіңдер ме, қош келдіңіздер біздің балабақшаға !-деп балалар барлық қонақтарға барып сәлем береді. Ондағы отырған қонақтар: Амансыңдар ма балалар, өркендерің өссін!-деп сәлемдерін алады. -Көлікпен аман жеттіңіздер ме ? -Рахмет балалар, жақсы келдік. -Балалар қоштасқанда не деу керек? -Ас келгенде, ас болсын десе сендер не дейсіңдер? Жарайсыңдар, үлкендерді, көршілерді көрсендер міндетті түрде амандасыңдар!	Балалар екі топқа бөлініп құрбы-құрдастармен, Үлкендермен ізеттілік туралы ойын ойнады.
Рефлексивтік түзетушілік.	-Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? -Не үйрендіңдер? не түсіндіңдер? Балаларды мақтап мадақтау.	Сау болыңыздар! Рахмет  Ия ұнады. Сәлемдесуді үйрендік.

**Нені игерді:** құрбы-құрдастармен, балабақша үлкендерімен сәлемдесу, ізеттілік, құрмет сезімдері туралы біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ш. Торай

**Күні:** 13.09.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Дастархан басындағы әдептілік

**Мақсаты:** Балаларға дастархан басында әдеп сақтау ережелері жайлы түсінік қалыптастыру. Дастархан басында тазалық туралы ұғымдарын кеңейту.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>-Балалармен «Дастархан» ойынын ойнау, дастарханды сәнді етіп дайындап қуыршақтарға тамақтану әдебін сақтауды үйрету. Балаларды қонжық, жанат, торғай, тышқан, түлкі кейпіне киіндіріп ойынды жүргізу.</p> <p>-Ойын барысында Жанаттан басқа жануарлар қолдарын жумай дастархан басына келіп отырып тамақ жей бастады.</p> <p>-Кім өзін дастархан басында қалай ұстады?</p> <p>-Кім тәртіпсіз болды?</p> <p>-Қонжық аю баласы.</p> <p>Алтын ақылдар:</p> <p>-Дастархан басында кешікпеген жөн. Күттірмей бірден келу керек.</p> <p>-Тамақ ішерде бәріне дастархан басында «Ас болсын!» деп тілек білдіру қажет.</p> <p>-Ас алдында қолды жуу керек!</p> <p>-Ас үстінде көп сөйлемей керек!</p> <p>-Жантайып, қисайып отыру, табаққа төне түсу, үстел үстіне шынтағыңды қою жараспайды.</p> <p>-Балалардың білімін сұрақтар арқылы кеңейту. Тамақтану мәдениетін сақтауды үйрету.</p>	<p>Балалар ойын ойнайды.</p> <p>Қонжық, Торай, Тышқан, Түлкі.</p> <p>Көп сөйлемей, күлмей керек.</p> <p>Тамақ ішер кезде, енді сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені, елемейміз, білмейміз!</p>

**Нені игерді:** Дастархан басында отыру мәдениетін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілгені  
Ж. Жолды

Күні: 20.09.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Мен ұқыпты баламын

Мақсаты: Ұқыптылық ұғымын адамгершілік құндылығы ретіндегі мәнін ашу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық қозғалушылық</b> <b>Ұйымдастырушылық ізденушілік</b>	<p>Балалар шеңбер құрып тұрады. Әртүрлі суреттері бар карточкалар (су, ағаш, күн т.б) үлестіріліп беріліп, әркім өз суретіне сәйкес көршісіне жылы тілектер білдіреді. -</p> <p>Зарина, күндей күліп жүр (күннің суреті)</p> <p>- Назым, гүлдей әдемі бол (гүлдің сурет)</p> <p>- Жанель, судай таза бол (судың суреті) - Асан, ағаштай мықты бол (ағаштың суреті)</p> <p>«Ұқыптылық» деген сөзді қалай түсіндіресіңдер?</p> <p>Ұқыпты балалар қандай болу керек? Біздің топта ұқыпсыз балалар бар ма?</p> <p>Сабынмен, тарақпен, сүлгімен достасыңдар! Олар тазалықтың достары болады. Ұқыпты ұл мен қыздар әрқашан әдептен озбайтын, ақылды балалар, ата-аналарының мақтанышы болып үлкен азамат болып</p>	<p>Балалар шаттық шеңбер құрды.</p> <p>Таза, әдепті болып жүретін балалар.</p> <p>Ұқыпты балалар киімдерін таза киіп, жинақы жүру қажет.</p> <p>Біздің топтың барлық балалары әдепті, ұқыпты жүреді. Ия.</p>
<b>Рефлексивтік түзетушілік</b>		

**Нені игереді:** Әдептіліктің бет-бейнесі ұқыптылық екенін, сабын, тарақ, сүлгілер-тазалықтың достары екенін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** -----

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 27.09.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: Қайырымды бала

Мақсаты: Өзгелерге көмектесу, мейірімділік, қайырымдылық туралы түсінік беру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	Шаттық шеңбері -Күнді көрсендер қалай қуанасындар? Қуан шаттан алақай Қуанатын күн қайда Қайырлы күн, қайырлы таң Келіп шықты күн бүгін. -Балалар бізге қонаққа Бота келді. Ботаның досты қалай тапқаны туралы ертегіні көріп тамашалаймыз. «Дос іздеген Бота» - деген ертегіні кейіпкерлерге бөліп ойнату. -Балалар Бота досты қалай тапты? Анасы досты табу туралы кеңес айтыпты. Досты жан тазалығымен, адамдығымен таңдау керек. -Балалар «Кім тапқыр» ойынын ойнаймыз. Дос туралы мақал – мәтелдер айтамыз. -Жақсы дос үшін жан пида. -Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын. -Дұшпан күлдіріп айтады, Дос жылатып айтады. Өзгелерден өзіңе қандай қарым- қатынас қаласақ сенде оларға жақсы қарым қатынас жаса. -Балалардың білімдерін сұрақтар қою арқылы кеңейту. Балаларды мақтап мадақтау.	Алақай!  Ертегіні рөлдерге бөлініп ойнайды.  Балалар достық туралы мақал – мәтел айтады.

Нені игерді: Өзгелерге көмектесу, мейірімділік, қайырымдылық туралы түсініктерді біледі.

Технология толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Жаңабаев

**Күні: 04.10.2021 ж**

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ізгілік сөздер туралы.

**Мақсаты:** Балаларды күнделік тұрмыста пайдаланатын ізгілік сөздерді пайдалана білуге үйрету.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	-Топқа дауласа ойыншыққа таласып екі бала келеді. -Тәрбиеші балалар мына не шу? -Самат: Мынау менің ойыншығым. -Марат: Мынау ойыншығымды маған бермей жатыр. Тәрбиеші балаларға қарап: Балалар мынау Самат пен Марат тіптен бізбен сәлемдесуді де ұмытты ғой. Бұл жарамады. Кәне бірінші бір-бірімізбен сәлемдесейік. Сосын дауды да шешерміз.	Әңгіме бойынша әрекет етеді.
Ұйымдастырушылық ізденушілік	-Сәлеметсіңдер ме балалар. Үлкен адамдармен «Сәлеметсіз бе» деп, ал аға-аталарымен «Ассалаумағалейкум, ата» деп амандасымыз. Біздің атамыз сендерге балабақшаға жаңа келгендеріңмен құттықтап сендерге ойыншықтар мен кітаптар алып келіпті. -Ойыншықтарды серуенге шыққан кезде аласыңдар. Ал атаның әкелген кітабын ашып сендерге оқып берейін. «Не деу керек»-өлеңі.	Сәлеметсіз бе апай.
Рефлексивтік Түзетушілік	Апам маған базардан, Алма сатып әперді. Ең үлкенін, қызылын, Маған таңдап әкелді. Не деп барып жеу керек? -Жарайсыңдар. -Балаларды мақтап, мадақтау.	Рахмет ата.  Рахмет айтып жеу керек.

**Нені игереді:** Ізгілік сөздер туралы біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:**



Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 11.10.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: Мейірімділік.

Мақсаты: Мейірімділік дегеніміз не, кімдерді мейірімді деп атаймыз, мейірімділікті қаталдық, қатыгездікпен салыстыра отырып түсіндіру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Топта музыка ойнап тұрады. Балалар осы музыкада сендерде қандай сезім пайда болды? -Балалардың жауабынан соң тәрбиеші балаларға музыка бойынша сурет салуды ұсынады. Суреттерін салып болған соң балалар әр қайсысы әңгімелеп береді. Балалар одан соң түрлі жағымды музыкалар тыңдап олар туралы айтып береді. -Мейірімділік дегенде не түсінесіңдер? -Ия, кішілер жыласа оны жұбатамыз. -Киімдерін кие алмаса, оларға көмектесеміз. -Қарны ашып жылап жатса оларға нан әкеп береміз. -Үсті басы кір, лас болса оның киімдерін ауыстырамыз. -Балалар күн ана өзінің мейірім шуағын төгіп біздің бетімізге, саусақтарымызға алақанымызға мейірім шуағын төгеді. -Аналарың да отбасындағы адамдарда сендерге мейірім шуағын төгеді. -Балалар сендерге бүгінгі сабақ ұнадыма? -Балалардың білімдерін сұрақтар беру арқылы кеңейту. -Балаларды мақтап мадақтау.	Мейірімділік қасиеттерін музыка арқылы сезінеді.  Бір – біріне жанашырлықты түсінеміз.  Балалар күн ананың шуағын төгу арқылы күнді бейнеледі.  Ия

Нені игерді: Әдепті, мейірімділікті қаталдық, қатыгездікпен салыстыруды біледі.

Технология толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_



Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 25.10.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Қонақ күтіп алу.

**Мақсаты:** Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	<p>- Балалармен қуыршақтармен қонақты сыйлау рәсімін ойнау. Қонаққа Қазбектің үйіне екі жолдасы Сұлтан мен Алмас келеді. Қазбек балаларға кітаптарын көрсетіп, музыкалық аспапта ойнап береді. Одан соң балаларды асқа шақырып тәтті торт пен жемістер береді. Одан соң Қазбектің мамасы қуыршақ театрын ойнауды ұсынады. Ал, балалар қалулары бойынша ойын ойнады.</p> <p>-Балалар сендер қонақты қалай күтіп аласыңдар? -Қазбек қонақтарын қалдай күтіп алды сендерге ұнады ма? -Қонақтар өздерін жақсы сезіне алдыма? Қазбек қандай бала екен? -Шақырылған қонақтардың көңілді отыруын қарастырыңдар. -Қонаққа беретін сый- сыйапатты ұмытпаңдар. -Үй иелерін көп күттіріп қойма? Шақырылған уақытында бар. -Өздерінде ұзақ отырып қалмаңдар. -Балалар қонақтар бір – бірін танымаса оларды бір – біріне таныстыруды ұмытпаңдар. -Сендер не үйрендіңдер? -Сендерге Қазбектің әрекеті ұнады ма? -Балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p>Балалар қонақтарды қалай күтіп алуларын білді.</p> <p>Ойыншақтарымызды береміз Жақсы Ия Жақсы бала</p> <p>Балалар алтын ақылды біліп алды.</p> <p>Қонақ күтуді. Ия әрине ұнады.</p>

**Нені игерді:** Қонақтардың көңілін көтеру керектігін, қонақты жақсы күтіп алу керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 01.11.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Қонақтарды шығарып салу.

**Мақсаты:** Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	«Қонақта» өлеңі. Көтеріміз көңіл біз Ертегілер елінен Бүгін біздің тойға Олар түгел келіпті Қасқыр шаппай қойға Құшыпты Аю Елікті Барыс, Қоян, Түлкі Қастықты енді білмесін Аю, Қабан, Кірпі Қол ұстасып билесін.	Балалар өлеңді мұқият тыңдады.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Балалар бұл жердегі қонақ аңдар бір – бірімен достық қатынаста. Олар бір – бірімен жақсы таныс орман тұрғындары. -Балалар сюжеттік – рөлді ойын ойнайды. Ол үшін түрлі орталықтар құрылады. Қонақ иесі ақылды қонақ болып Үкі болып қонақ қабылдайды. Бір орталықта қонақтарға ән айтып берілсе, екінші орталықта түрлі ойындар ойналды. Ал үшінші орталықта түрлі үстел үсті театры ойналады. Қонаққа келген балалар рахметін айтып қонақта өте қызық болғанын айтып қоштасады. -Сендердің үйлеріне де қонақтар келген бе?	Ертегіде ғана аңдар бос болатынын біледі.  Балалар сюжетті рөлді ойынды қызықты ойнады.
Рефлексивтік түзетушілік.	-Қонақ келсе қызық бола ма? -Ия олармен ойнайсыңдар, оларды көңілді етіп шығарып саласыңдар. Балаларды мақтап мадақтау.	Ия  Өте қызық болады.

**Нені игерді:** Қонақтардың көңілін көтеру керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні:08.11.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Қонақ күтудегі дәстүрлер.

**Мақсаты:** Балалардың қонақ күту жайы білімдерін тиянақтап әдептілікке, адамгершілік қасиеттерге баулу тілдерін дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет Кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық козғалушылық  Ұйымдастырушы- лық ізденушілік.	-Балалар залда отырып сәлемдеседі. «Қазақтың дәстүрлері ай» - әнімен сабақты бастайды. -Балалар, біз қандай ән тыңдадық? -Біз қандай дәстүрлерді білеміз? Кім айтады? -Осы дәстүрлердің осы тойлардың ең құрметті, ең сыйлы адамдары кімдер? -Қонақ күтудің сан алуан түрлі себептері бар олар нелер? -Қонақ келгенде... -Бұдан кейін? -Қонаққа дастархан жайып... -Дастарханға... -Ал қонақ күтуге дастарханымыз дайын, ал қонақты шығарып салу кезінде жол жоралғы ретінде сыйлық ұсынуымыз керек. Олар нелер екен? -Балалар қонақтарға зергерлік бұйымдар беруге де болады. -Қане бәріміз ермексазбен зергерлік бұйымдар мүсіндеп көрейікші. сол бұйымдарды қонаққа береміз. «Қазақы дастарханым» әнімен сабақты аяқтайды.	Қазақтың дәстүрлері туралы. Бесікке салу, ат қою, тұсау кесер, сүндетт той т.б Қонақтар.  Амандасамыз, көрпеше төсейміз, төрге шығарып нан қоямыз.
Рефлексивтік түзетушілік.	-Балалардың еңбегін мақтап мадақтау. -Сұрақтар арқылы балалардың білімдерін шыңдау, кеңейту.	Қамшы, айырқалпақ, камзол, орамал, тақия.  Балалар мүсіндеді.

**Нені игерді:** Қонақ күтудегі дәстүрлерді біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ш. Мамбет

Күні: 15.11.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Мақал – мәтел және әдептілік.

**Мақсаты:** Мақалдардың көмегімен балалардың ой-өрісін дамыту, әдемі сөйлеу дағдыларын өалыптастыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Балалармен мақал – мәтел жарысын өткізу. Тәрбиеші мақалды халық шығарғанын олардың әр түрлі тақырыптарға арналатынын айтып бірнеше мақал оқып береді. Мақал оқып оның мағынасын айтып берген топтың жүлдеге ие болатынын айтып балаларды екі топқа бөледі. -Бірінш тақырып: Оқу, білім туралы: -Оқу білім бұлағы Білім өмір шырағы -Оқу инемен құдық қазғандай Еңбек туралы: -Еңбек ет те, мақтан Ойнап күлде, шаттан. -Еңбек түбі - бейнет, Бейнет – түбі зейнет. -Еңбексіз өмір, Сөнген көмір. Достық туралы: -Досы көпті жау алмайды, Жолдасы көпті жау алмайды. -Жүз саның болғанша, Жүз досың болсын. -Жарайсыңдар балалар сендер көп мақал біледі екенсіңдер. -Мақалдардың не үшін айтылғанын да білдіңдер осымен жарысымыз аяқталды. -Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар мұқият тыңдады.  Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ.  Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей.  Доссыз адам жапырақсыз ағашпен тең.
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Мақалдарды қарапайым халық шығарғанын біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Жаңабаев

Күні: 22.11.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Сөздің көркі мақал.

**Мақсаты:** Мақал түрлерімен таныстыру, ата- бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	Шаттық шеңбері: Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздер ме, балалар! Өздеріңіз білесіздер, қазақ халқы әрқашанда сөз өнеріне үлкен мән берген, бір ауыз сөзге тоқтаған. «Сөздің көркі - мақал» деген мақал арқылы халқымыз бүкіл өмірлік тәжірибесін, өсиет - өнегесін жеткізе білген, түйіндеген. Мақалдың бала тәрбиесіндегі көмегі орасан зор. Мына суретте нелер бейнеленген? - Үй жануарларына не жатады? - Олардың қандай пайдасы бар? Төрт түлік туралы мақалдарда бар екен. Мысалы: Сиыр сүті – тілінде. Ат – адамның арқауы. Түйе атасы – нар. Мал өсірсең қой өсір, -Балалар еңбек жайлы қандай мақалдарды білеміз? Ал әдептілік жайлы ше? Жарайсыңдар балалар сөздің көркі мақал деп босқа айтпаған екен ия? Мақал адамды тәрбиелей ма? Балалардың білімін сұрақтар арқылы кеңейту. Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар шаттық шеңберін жасады.    - Үй жануарлары. - Сиыр, жылқы, қой, түйе. - Сүтін ішеміз, етін жейміз.  Балалар тыңдайды. Асан: Еңбек ер атандырады. Мерей: Еңбек түбі – береке. Үсен: Еңбегіне қарай өнбегі. Бекзат: Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала. Ия, тәрбиелейді.

**Нені игерді:** Мақал балаларды адамгершілікке, әдептілікке үйрететінін білді.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_





Тексерілді  
Ж. Мағалиев

Күні: 29.11.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Телефон».

**Мақсаты:** Байланыс қызметі түрлерімен таныстыру.

Ой-өрісін, сана-сезімін, дүниетанымын

дамыту. Мейірімділікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Балалармен амандасып, құрал-жабдықтарын алғызып, сабаққа назарын аудару. Балалар адамдар бір-бірімен байланысқа шығу үшін не керек? -Дұрыс бүгін қандай байланыс қызметтері бар соны өтеміз. Балаларды жақын жерде орналасқан байланыс қызметінің мекемесіне апарып, олардың түрлерімен мамандық иелері аттарымен таныстыру. Байланысшы, хат тасушы, телеграмма қабылдаушы т.б. Сабақ барысында тәрбиеші балаларды қосымша телефон-телеграф, радио, почта т.б. байланыс түрлерімен таныстыру. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет екендігі туралы айтады. «Почташы». Ойын барысында балаларды үлкендермен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, әдептілікке, тәрбиелеу. Әй, телефон, телефон Мамам келіп бұраса Кім керегін сұраса. Тез шақырып келесі, Айтқанына көнесің. Әй, телефон, телефон, Ал мен келіп бұрасам, Кім керегін сұрасам, Тыңдамайсың бірін де, Гүлдейсің, мұның не? -Бүгін қандай тақырып өттік? - Адамдар бір-бірімен байланысқа шығу үшін не керек? Сабаққа жақсы, белсенді қатысқан баланы мадақтау.	Жұмбақтың шешуі: Телефон.     Ойын ойнайды.  «Телефон» Ө.Ақшбеков оқып беру   «Телефон» сымтетігі жайлы әңгімелестік.
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет екендігі туралы айтады.

Тексерілді  
Ж. Шамал

Күні: 06.12.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Көргенді көше».

**Мақсаты:** Балаларды көше мәдениетін сақтап, тәртіпті болуға, тазалықты сүйеге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	-Балалар, мен бүгін сендерді Е.Өтетілеуов ағамыздың біраз өлеңдерін оқып беремін. Ал сендер өлеңдерді тыңдап маған олар не туралы екенін айтып беріңдер.	Балалар өлеңдерді мұқият тыңдайды.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Ісі түлкі оқысты Шашты жолға қоқысты Салақтықты даттаймыз Тазалықты сақтаймыз!  -Әлденеге асыққан Жүгіргенде Асылхан Қағып кетті бір қартты Киіп-жарып зырлауын Өгіз бе еді мынауы Ел не дерін білді енді -Мүйізтұмсық-бұл деді! -Ит-серік қашан да Малшыға, шопанға Бүгін де ермек табылды Тентек сары пысыққа Дүрліктірді ол ауылды Итін қосып мыссыққа	Артық заттарды, қағаздарды, Балмұздақ орауышы және әлдене қабықтарын қоқыс салатын жәшіктерге салу керектігін біледі.  Мәдениетті адам мұрнын шұқып, түкіре бермейтінін біледі.
Рефлексивтік түзетушілік.	-Көшеде тәртіпті балалар Өзін қалай ұстайды? -Көшеде де, ауылда да Айқайлауға болмайды. Итерісіп-төбелесіп жүрген жан тәрбиелі кісі деп саналмайды. Балаларды мақтап мадақтау.	Тәртіпті болу керек.

**Нені игерді:** Көше мәдениетін сақтап, тәртіпті болу керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 13.12.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: «Отаным алтын бесігім».

Мақсаты: Балаларды өз Отанын қорғауға, қастерлеп сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу. Отан туралы түсініктері кеңейту.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық козғалушылық	Шаттық шеңбері Отан деген –атамекен Отан деген-туған жер Отан-ана,Отан-үлкен, Қазақстан-туған ел!	Балалар шаттық шеңбер құрды.
Ұйымдастырушы- лық ізденушілік.	-Отан-біздің сүйікті отбасымызбен бірге тұратын үйіміз,туған жеріміз,ауылымыз,қаламыз,айналаны қоршаған табиғатымыз. Біздің Отанымыз-Қазақстан. -Қ.Р ның астанасы қай қала? -Қ.Р ның Президенті кім? -Рәміздерді атап беріндерші?	Отан-отбасынан басталады.  Астана қаласы Н.Ә.Назарбаев Елтаңба,әнұран,ту
Рефлексивтік түзетушілік.	Дидактикалық ойын: «Қай қала екенін тап?».Шарты: Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады.Туған жеріміздің,таза ауасын,әдемі гүлдерін,сайра,ан құстарын көз алдымызға елестетеміз.Туған өлкеміздің табиғаты қандай тамаша! Көзімізді ашамыз.Туған жеріміз туралы ойымызды әңгімелейміз. Сергіту сәті Төскейден жел еседі Төбемнен бұлт көшеді Туған жерім мен үшін Көк майсасын төседі. Қ.Р сы-біздің сүйікті Отанымыз! Қазақстан-өте үлкен.бай республика. Жері байдың-елі бай!	Балалардың бойлары серігіп қалды.

Нені игерді: Туған өлкеміздің табиғаты қандай тамаша екенін біледі. Технология толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 20.12.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Сұлулық туралы».

**Мақсаты:** Сезім мүшелеріміз арқылы сезінеміз: пішін мен түсті -көзбен көру арқылы, дыбысты есту арқылы, иісті- мұрын арқылы сезінетінімізді үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>« Сұлулық деген не?»</p> <p>Көбінесе біз сұлулық деп сыртқы сұлулықты айтамыз. Бұны біз сезім мүшелеріміз арқылы сезінеміз: пішін мен түсті -көзбен көру арқылы, дыбысты есту арқылы, иісті- мұрын арқылы, денеміздің бір жерге жанасқанын түйсік сезімі арқылы сезінеміз. <b>«Ұрық» аңызы:</b></p> <p>Бір күні әйел түс көреді. Түсінде құдай дүкен ұстап тұрады.</p> <p>-Құдай ,бұл сен бе? - дейді ол қуанышты үнмен.</p> <p>- Иә, бұл мен, -деп жауап береді Құдай.</p> <p>-Сенен не сатып алуға болады?- деп сұрайды әйел.</p> <p>-Менде бәрі бар-деген жауап естіледі.</p> <p>-Ондай болса, маған денсаулық, бақыт, сұлулық, махаббат, табыс, көп ақша берші.</p> <p>-Құдай жымияды да, сұраған нәрсе- лерді алып келуге кетеді. Көп ұзамай ол кішкентай қорап әкеледі.</p> <p>- Бар болғаны осы ма?! -дейді әйел бір жағынан таңданып, бір жағынан көңілін су сепкендей басылып.</p> <p>-Иә, бары осы-деп жауап береді Құдай.</p> <p>Менің дүкенімде тек ұрықтар сатылатын білмедің бе?</p> <p>-Мұнда бәрін сатып ала алмайсың. Оны өзің өсіруің керек.</p> <p>Әр адам -өз бақытының құрлысшы -сы, деп жауап береді.Қорытындылау.</p>	<p>Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Балаларды аңызды қорытындылап «бақыт өз қолдарында»екенін түсіндіру.</p> <p>Әр күндеріңді жақсы көңіл-күймен бастаңдар!</p> <p>Балаларды мақтап мадақтау.</p>

**Нені игерді:** Сұлулықты-сезім мүшелеріміз арқылы сезінетіндерін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Т. Т.

Күні: 27.12.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Жаңа жыл

Мақсаты: Балаларға шырша мерекесі арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау. Жаңа жыл мерекесіне дайындықтарын бақылау.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	- Сәлемдесу. Қонақ күту салтымыз, Оқып біліп жатырмыз. Келген қонақ сіздерге, Сәлем бердік жалпымыз. Ұранымыз! Бір, екі, үш, Отырамыз тып тыныш. Жалқаулықты тастаймыз, Сабакты біз бастаймыз. Ұйымдастырушылық - ізденістік. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыста далада қандай өзгерістер болады? -Қыста қандай мереке бар? -- Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдер ме? - Ал жаңа жыл мерекесінде не міндетті түрде болу керек? -Шыршаны қайдан алуға болады? -Мерекеге шыршаны дайындау үшін не істейміз? Жұмбақ шешу. Тікен – тікен тік пісте, Қысы – жазы бір түсте. Ол не? Жақында Жаңа жыл мерекесі болады. Ортада шырша тұрады, әсем етіп безендіріледі. Онда көптеген ойыншықтар болады, сол ойыншықтарды қағаздан киып та жасауға болады екен, балалар. Мультфильм көру «Маша мен аю». Әр бала өз ойын айтады. Мұқият, қызығушылықпен тыңдайды. Түсінгендерін әр бала әңгімелеп береді. . Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бекіту. Балаларды мақтап мадақтау. Балаларға жұлдызшалар тарату. Сұрақтарға жауап береді.	Қонақ күту салтымыз, Оқып біліп жатырмыз. Келген қонақ сіздерге, Сәлем бердік жалпымыз. Ұранымыз! Бір, екі, үш, Отырамыз тып тыныш. Жалқаулықты тастаймыз,  Сабакты біз бастаймыз. Балалар сұрақтарға жауап береді  Шырша Сұрақтарға жауап береді  Суретке қарап тамсанып отырады <b>Билингвальды компонент:</b> Шырша-Елка Жаңа жыл-Новый год
Рефлексивтік түзетушілік.		

Нені игерді: Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі.  
тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Технология толтырған

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 03.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қыс мезгіліндегі ойындар.

**Мақсаты:** Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету. Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білуге үйрету. Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	<b>Шаттық шеңбері</b> Армысың, Алтын күн! Армысың, Жер Ана! Армысың, көк аспан! Армысың баршаға! Жылуыма жылу қос, Міне менің қолым.	Балалар шаттық шеңберін жасады.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Балалар, аяз жылдың қай мезгілінде болады? – Қыс мезгілінде болады. Қыс айларын білесіңдер ме? – Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? – Қыста біздер қалай киінеміз? – Жылы киімдерімізді киеміз. – Қандай қысқы ойындарды білеміз? Бірақ біз қыстан қорықпаймыз денемізді шыңдаймыз, жылы киінеміз. Сырғанап ойнап, аққала жасаймыз. <b>«Қайсысы артық» дидактикалық ойыны.</b> Үстел үстінде әр мезгілдің киімдері ілінеді, осы киімдердің ішінен артық киімдерді табу керек. Табылған артық киімдерді қай мезгілде киетінін сұрау. <b>«Аққала» дидактикалық ойыны.</b>	Қыста, қыс мезгілінде. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан Салқын болады, беті-қолымыз тоңады. Қар жауады, боран болады. Аққала соғамыз, шана- мен сырғанаймыз, шаң-ғы, коньки тебеміз.
Рефлексивтік түзетушілік.	<b>Ойын шарты:</b> Үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: басына киетін шелегі, аузы, қолы, сыпырғышы, ілгегі сияқты суреттері жатады. Балалар осы бөліктерді алып, артындағы сұраққа жауап беріп іледі – Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? – Қыста ойнайтын қандай ойындарды білесіңдер? – Қардан не жасаймыз? – Сырғанаққа бару үшін қалай киіну керек? Балаларды мақтап мадақтау,	Балалар ойындарды қызығушылықпен ойнайды.  Аққаланың неше бөліктен тұратынын, қандай геометриялық фигуралардан құралғанын, оны неден жасайтынын айтады.  Балалар сұрақтарға жауап береді.

**Нені игерді:** Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажыратып, ұйымшылдықпен ойнау керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 10.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі

**Мақсаты:** Тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруді үйретуді жалғастыру.  
Жиһаз атауларымен таныстыру. Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.  
Достарының, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық козғалушылық  Ұйымдастырушы- лық ізденушілік.	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды қаламыз Жайнай түсті даламыз Қайырлы таң балалар! Қайырлы таң апайлар! <b>Ғажайып сәт:</b> Балалар бүгін қонаққа кім келді? Музыка әуенімен қуыршақ билеп кіреді Сәлеметсіңдер ме балалар? -Балалар мен қуыршақ боламын. -Қуыршақ қош келдің, біз бүгін балалармен Айгерімнің бөлмесі туралы оқу іс-әрекетін өтіп жатырмыз, сенде қатысқың келеді ма? -Ой қандай жақсы болды менде қатысайыншы? Балалар қуыршаққа ойыншық туралы тақпақ айтып береміз бе? -Балалар Айгерімнің өз бөлмесі бар екен. Қане қарандаршы? -Бөлмесі қандай? -Бөлмесінде не бар екен? -Дұрыс жиһаздар, орындық, үстел, керуерт. Біздің топта үстел бар ма? -Біздің топта шкаф бар ма? -Балалар, сендердің бөлмелерінде қандай жиһаздар бар?	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды қаламыз Жайнай түсті даламыз Қайырлы таң балалар! Қайырлы таң апайлар!  Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін Кешке дейін жалықпай Олармен ойнап жүремін. Жиһаздар, орындық, үстел, керуерт. Ия, көп жиһаздар бар.  Жиһаздар бар Балалар ойын ойнайды
Рефлексивтік түзетушілік.	Әйгерімге не керек дидактикалық ойыны: Балалар өздеріне берілген ойынды пайдалана отырып Әйгерімге не керек екенін табуы керек.  Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесінде қандай жиһаздар бар екен?  Сұрақ-жауап арқылы оқу-іс әрекетін қорытындылау.	жиһаздар, орындық, үстел, керуерт <b>Билингвальды компонент:</b> Жиһаз-мебель, Үстел-стол, Орындық-стул.

**Нені игерді:** Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі.  
**тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

**Технология толтырған**

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 17.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Нұр-Сұлтан -бас қала.

**Мақсаты:** Балаларға Елордамыз Астана жайлы түсінік беру, Тұңғыш президенті күні жайлы әңгімелеу, Президентіміз жайлы түсінік беру, Астанаға саяхат жасау арқылы астананың көрнекті жерлерімен таныстыру. Ұйымшылдыққа, Отансүйгіштікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Шаттық шеңбері. Қуанамын менде, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! - Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біз қазақ деген ұлтпыз. Біздің президентіміз – Н.Ә.Назарбаев. Еліміздің астанасы – Астана қаласы. 1997 жылғы 20 қазандағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылғы 6 мамырдағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Қаланың ортасында ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағы қала халқы денмалатын жағажайға айналды. Бәйретек – Астананың символы. Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ. Енді балалар, астанаға саяхат жасаймыз: Астананың көрнекті жерлерін білесіңдер ме? Астана туралы білетін тақпақтарыңды айтыңдаршы: Диас: Астана арман, қала, Бағы бір жанған қала. Тұрады ол жап-жас болып, Мен үлкен болғанда да. Дидактикалық ойын. «Ойлан тап». Шарты: А,с,т,а,н,а мына дыбыстардан басталатын сөз ойлау.. Мыс: А – алма, Ана... Сұрақ-жауап жүргізу арқылы қорытындылау. Мақтап- мадақтау.	Әсемай: Ел намысы – Нұр Аға, Жер ырысы – қыр дала, Су шынысы – зер мұнай, Тау тынысы – гүл лала.  Мынау парламент үйі. - Мынау бәйтерек. - Мынау жабық футбол стадионы. - Мынау конькимен сырғанау жабық стадионы. - Республикалық велотрек. - Мынау НұрАстана мешіті. - Мынау Пирамида Аяулым: Төкті оған нұрын дала, Астана сұлу қала, Біз оны анамыздай, Сүйеміз шынында да.  Балалар ойын ойнайды. Сұрақтарға дұрыс жауап береді.
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Астанаға саяхат жасау арқылы Астананың көрнекті жерлерімен таныс болу керектігін, Елордамыз Астана қаласы екенін білу керек.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_



Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 24.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Біз тату-тәттіміз!

**Мақсаты:** «Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру. «Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, татулық- қа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Шаттық шеңбері «Мен қандаймын?» тренинг Біз балдырған тең басқан! Дос құшағын кеңге ашқан! Тілегіміз әділдік! Ашық болсын кең аспан! - Балалар, бүгінгі «Достық» аялдамасына тоқтап , бұл аялдамада «Достық –татулықтан басталады» деген тақырыпта әңгімелесіп, қалай тату дос болу керектігін үйреніп, «татулық» ұғымы туралы түсінік аламыз. Суретпен жұмыс • Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнайды ма? • Ал сендер, «татулық» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Балалардың жауаптары тыңдалады. Татулық деген бірін - бірі ренжітпеу, ойыншықтарын, қолдарындағы тәттілерімен бөлісу, бірге ойнау т.б. Татулық достар арасындағы ең тамаша қасиет. Тату балалар бір – бірін ренжітпейді, тату - тәтті ойнайды, ойыншықтары мен, тәттілерімен бөліседі. Сондықтан да достық татулықтан басталады делінеді. - Балалар, біз бүгін татулық бар жерде достық туындайтынын ұғындық. Татулық бар жерде достықтың , бірліктің, сыйластықтың болатынын білдік. «Жүрек жылуы» тренинг - Балалар, қараңдаршы, мына сиқырлы түрлі - түсті баулар арқылы мен сендерге жүрегімнің жылуын беріп тұрмын. Қане, оң алақанымызды жүрегіміздің тұсына қойып, лүпілдеп соққан кішкене жүрегіміздің дүрсіліне бір сәт құлақ түріп көрейікші. - Жүректеріңнің соғысын сезесіңдер ме? - Біздің жүрегіміз қандай, не деп соғады екен?	Сәлемдесу – тәрбиенің басы- деп апайлармен амандасу.  Балалардың жауаптары тыңдалады. Татулық деген бірін - бірі ренжітпеу, ойыншықтарын, қолдарындағы тәттілерімен бөлісу, бірге ойнау т.б.  Менің жүрегім қамқоршы Менің жүрегім жылы. Менің жүрегім қуанышты. Менің жүрегім адал. Менің жүрегім нәзік. Менің жүрегім сыпайы. Менің жүрегім батыл. Менің жүрегім ыстық. Менің жүрегім жұмсақ. Менің жүрегім жақсылыққа толы Менің жүрегім бақытты. Менің жүрегім қайырымды. Менің жүрегім сезімтал.
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** «Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, татулыққа тәрбиелеу.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 31.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие,

**Тақырыбы:** Менің елім-Қазақстан.

**Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру.

Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүйе тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>- Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз Біз бақытты баламыз, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.</p> <p>-Балалар сендер қандай ән орындадыңдар? Дұрыс айтасыңдар, балалар. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Біз оны рәміздер деп атаймыз.</p> <p>- Мынау - біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды. Көк аспандай көгілдір, ортасында күн, астында бүркіт ұшып келе жатыр.</p> <p>- Мынау - елтаңбамыз. Елтаңбада шаңырақ, күн сәулесі, бес бұрышты жұлдыз, «Қазақстан» деген жазу бар.</p> <p>- Балалар, біздің Отанымыздың астанасы қай қала? Астана қаласы.</p> <p>- Балалар, үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерімізді үлкен де, кіші құрметтеп жоғары ұстауы тиіс. Ал әнұранды біз білеміз. Сендер елтаңба мен туды әрқашан қастерлеуге тиіссіңдер. Қазақстан республикасының рәміздері туралы кім тақпақ біледі? Біз Қазақстанда тұрамыз, демек, Отанымыз - Қазақстан халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген мақал бар. Сендер үлкен болып өскенде Отанымызды қорғайтын азамат боласыңдар! .Егеменді елдің басты белгісі-тіл. қазақ тілі мемлекеттік тіл болып саналады. Қазақ тілі –біздің ана тіліміз.. Мақтап мадақтау.</p>	<p>Қазақстан Республикасының әнұранын орындады. Нурали: Көк туымыз бетінде, Қыран бүркіт қанатты. Сол қырандай еркіндеп, Біз өсеміз талапты. Аяжан. Айнымайды аспаннан, Біздің тудың бояуы. Оны халық қашанда, Биікке іліп қояды. Асан: Елтаңбасы елімнің, Қандай әйбат әдемі Тұнығындай көңілдің, Ортада аспан әлемі Ел бөбегі бүлдіршін жас баламыз, Астанамыз Астана –бас қаламыз.</p> <p>Ақмырза: Тілім барда мақтанам, Тілім менің аппақ ән Бірлігім бүгінгі, Ана тілім сақтаған. Үсен: Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте, Өзге тілдің бәрін біл Өз тіліңді құрметте.</p>
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Туған елдей ел болмайды, туған жердей жер болмайтынын біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
 Ш. Мамбетов

Күні: 07.02.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ұлттық жиһаздар.

**Мақсаты:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыруды, ұлттық жиһаздармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>-Күнді көрсендер қалай қуанасыңдар?          Қуан шаттан алақай          Қуанатын күн қайда          Қайырлы күн, қайырлы таң          Келіп шықты күн бүгін.          Балалар бүгін біз ұлттық жиһаздармен танысамыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <i>Абажа</i>-ас, тағам салуға, арналып жасалған сандықтың (кебеженің) үлкен түрі.</li> <li>2. <i>Абдыра</i>-киім – кешек, әр түрлі бұйымдар салатын үлкен сандық.</li> <li>3. <i>Ағаш төсек</i>-жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы.</li> <li>4. <i>Адалбақан</i>-киім және тағы басқа үй мүліктерін ішуге арналған жиһаз.</li> <li>5. <i>Асадал</i>-тамақ пен ыдыс – аяқ сақтауға арналған үй жиһазы.</li> <li>6. <i>Бөгіре</i>-кішкене қол сандық (шай жабдықтары үшін).</li> <li>7. <i>Жағылан</i>-былғарыдан істелген сандық.</li> <li>8. <i>Жозы</i>-жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа үстел.</li> <li>9. <i>Жұқаяқ</i>-жүк астына қоятын төрт аяқты бұйым.</li> <li>10. <i>Кебеже</i>-ас, тағам салуға арналып, ағаштан жасалған үлкен сандық.</li> <li>11. <i>Сандық</i>-әр түрлі бұйым салуға арналып, ағаштан не металдан жасалатын үй жиһазы.</li> </ol> <p>Қазақтың киіз бұйымдары          Киіз басып, одан алуан түрлі дүние-бұйымдар жасау қазақтың ең ежелден келе жатқан қолөнері. Киізбен үйді жапқан, жерге төсеген, керегеге керген. Сол киізден кебеже, сандық қаптайтын әбдіреқаптар, ыдыс-аяқ салатын аяқ-қаптар жасаған. Одан кебенек, киіз қалпақтар мен киіз байпақ тіккен. Балаларды мақтап-мадақтау</p>	<p>Алақай!</p> <p>Балалар шаттық шеңберін жасады</p> <p><i>Киіз</i> – ақ немесе басқа түстерден басылған, киіз үйдің жабуына қажетті туырлықтар, түндіктер және шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасайтын жұмсақ жүн екенін біледі.</p> <p><i>Текемет</i> – киіз үйдің ішіне төселетін жайма киіз екенін біледі.</p> <p><i>Сырмақ</i> – басылған киіздің бетіне екі түрлі өрнек, бояумен жиекте- ліп, жұқа жүннің үстіне матамен сырылып жасалатын төсеніш кілем екенін біледі.</p> <p><i>Сырдақ</i> – киіздің үстіне алуан түсті жүн жіптермен кестеленіп тігілген төсеніш кілем, тұс киіз – киіздің үстіне барқыт қиындыларымен жапсырыла тігіліп, өрнектелген қабырғаға ілетін кілем екенін біледі.</p>

**Нені игерді:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыру керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 14.02.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ас атасы-нан.

**Мақсаты:** Нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нан пісіру кезеңдері, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру. Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даяр -лайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, дикандар еңбегін бағалай білуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу, жетілдіру, шығармашылық ой қиялын дамыту.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Жұмбақ шешу. Ұзын мұртты сарылар, қойнында наны бар. Жауабы не екен? - Балалар тақтадағы суретті мұқият зер сала қарай отырып, бидай дәнінен нанның қалай жасалатындығын анықтайық. 1. Жерді жыртады. 2. Дәндер өсе бастайды. 3. Бидайдың сабақтары пайда болады. 4. Оны сушылар не дикандар суғарады. 5. Бидайды орады, бастырады. 6. Машинамен элеваторға тасиды. 7. Диірменге апарып тартады. 8. Машиналар қап - қап ұнды тасиды. 9. Нан илейді. Нан пісіреді. 10. Нан таситын машинамен дайын нанды дүкенге әкеледі. 11. Дүкеншілер мен сатып алушылар дүкенде 12. Нан дастарханда. - Міне, балалар күнделікті жеп жүрген нанымыз осындай ұзақ та қиын жолдан өтіп, біздің диканшыларға, наубайшыларға, біздің дастарханымызға келеді екен. Олай болса нанды өсіретін адамдарға деген құрметімізді көрсетейік. <b>Нанға деген құрмет</b> <b>Тиым сөздер.</b> 1. Нанды бір қолыңмен үзбе! 2. Нанды жерге тастама! 3. Нанды текке лақтырма! <b>Сергіту сәті.</b> Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Балаларды мақтап мадақтау.	Жауабы-Бидай  Бидай дәнінен нанның қалай жасалатындығын анықтайық.  Балалар нанның дастарханға қалай келгенін біледі.  Орындарынан тұрып, қолдарын жүрек тұсына қойып, нанға, диканшыларға, наубайшыларға деген құрмет сезімдерін білдіреді. <b>Мақал - мәтелдер.</b> 1. Нан қадірін аштықта білесің. 2. Нан болса ән де болады. 3. Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен.
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Нанды қадірлеу, қастерлеу, нанды даярлайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, дикандар еңбегін бағалай білу керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Шамал

Күні: 21.02.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие..

**Тақырыбы:** Үлкенге құрмет-кішіге ізет.

**Мақсаты:** Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету. Өзара сыйластық қарым - қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру; жағымды қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту; жақсылыққа, имандылыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдер	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Кәне, балалар бәріміз бір - бірімізге жақсы тілек тілеп бастайық! (Жүректен-жүрекке)</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Әдепті бол!</li><li>2. Мейірімді бол!</li><li>3. Кішіпейіл бол!</li><li>4. Қамқоршы бол!</li><li>5. Тәртіпті бол!</li><li>6. Инабатты бол!</li><li>7. Қайырымды бол!</li></ol> <p>Адам баласы өзгелермен қарым - қатынас жасағанда оның таныс, таныс еместігіне, алыс - жақындығына, үлкен - кішілігіне, қызмет дәрежесіне қарамай кішіпейіл, әдепті болуы керек бұл адамгершілік борыш. Ұлы істердің қандайы болмасын кішіпейілділіктен басталады. Сондықтан әркім өзінен кішілердің мінезі кішкен- тайынан дұрыс қалыптасуына қамқорлық жасап, оларға жол көрсете білуі керек Кішіпейілділік, сыпайыгершілікке байла- нысты мақалдар айту. Кішіпейілділік дегеніміз — өзімшілдік пен менмендіктің болмауы. Кішіпейіл адам басқаларды өзінен төмен санамайды.</p> <p>1. Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі. 2. Жасанды кішіпейілділік – жақсы қасиет емес. 3. Кішіпейілдің абыройы асады, Тәжәппардың құты қашады Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі - тыйым сөздер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орын- сыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Үлкеннің жолын кесу – әдепсіз- діктің белгісі екенін білеміз, осындай ерсі істерге қатаң тыйым салынған. Жасы үлкенге иіліп сәлем беру, алдын кесіп өтпеу, алдынан барып есік ашу заң болып есептелген!.</p> <p>Балаларды мақтап мадақтау</p>	<p>Біз үлкенді құрметтеген, кішіге ізет көрсеткен жалынды ұрпақтармыз! Шаттық шеңберін жасады.</p> <p>Адам бойында жақсы– жаман қасиеттер болады екен. Біздің халқымызда үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуға бала кезден көп көңіл бөлінеді. Ол ананың сүтінен, үлкеннің ақылы нан, ұстаздың үйреткені- нен, кез келген адамның кісілігінен білінеді-біліп алады.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- Ата-анаға қарсы келме.</li><li>- Үлкеннен бұрын сөйлеме.</li><li>- Әдепсіз сөзді айтпа, өтірік айтпа.</li><li>- Жаман әдетті үйренбе.</li><li>- Мақтаншақ болма, тәжәппар болма. Үйге бұрын кірмеу, дастарханға бұрын қол созбау, үлкеннің сөзін бөлмеу, сөз жарыстыр мау- жастарымыз үшін бұлжымас заң екенін біліп алады.</li></ul>

**Нені игерді:** Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту;

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Топалбаев

Күні: 28.02.2022ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Ертегіде қонақта

Мақсаты: Балаларды сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Жылулық шеңбері - Балалар бүгінгі күніміз жақсы әрі сәтті өту үшін бір – бірімізге жылы тілектер айтумен бастайық. - Аспанымыз ашық болсын! Деніміз сау болсын! Нанымыз мол болсын! Отанымыз тыныш болсын! Көк туымыз биік болсын!	Балалар бір – бірімізге жылы тілектер айтумен бастайық.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Балалар, міне, бүгін біз «Ертегіде қонақта» тақырыбында оқу іс-әрекет өтеміз және ертегі әлеміне қонаққа барамыз. «Ертегі- бұл ерекше жанр. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам сияқты түрлі нәрселер істей алуы мүмкін Ертегіде сиқырлы құралдар бар. Ертегіде әрқашан қайырымдылық, зұлымдықты жеңеді. Қайырымды, шыдамды, еңбекқор адамдар әрқашан сый алады.» Ал өмірде ше?	«Ертекер-жақсылыққа жетектер», әрқашан қайырымдылық, зұлымдықты жеңетінін біледі..  Өмірде де солай!
Рефлексивтік түзетушілік.	«Кейіпкерді тап» ойынын ойнап алайық. Шарты: Тәрбиеші балаларға өткен ертегі кейіпкерлерінің макеттерін, суреттерін көрсетеді. Ал балалар қай ертегінің кейіпкері екенін тауып айтулары керек. Мақсаты: Балаларды білімділік- ке, біліктілікке, сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білуге тәрбиелеу. Балалардан сұрақ-жауап алысу арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін пысықтау, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау	Өткен ертегі кейіпкерлерінің макеттерін, қай ертегінің кейіпкері екенін, суреттерін көрсетеді.  Балалар тәрбиешінің сұрақтарына толықта мағыналы жауап береді.

Нені игерді: Ертегілер батыр, адал, еңбекқор болуға жетелейтінін білу. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратуын меңгеру.

Технология толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілді  


Күні:05.03.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ұлттық тағамдар пайдасы.

**Мақсаты:** Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспен- шілігін арттыру. Балаларды ұлтжанды- лыққа, көргенділікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>«Шаттық шеңберін»</p> <p>Қазақ ұлты дарамыз,  Өсіп келеді санамыз  Жылуыңа жылу қос,  Болашаққа бірге барамыз.  Балалар орнымызға барамыз.  Біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз  «Ұлттық тағам - ырысым»</p> <p>Интерактивті тақтадан төрт түлік малдың суреттері көрсетіледі. Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр. Балалар, мына төрт – түлік малдың аттарын білесіздер ме? Кім айтады?  Өте жақсы, барлығымызда ұлттық тағамдардың түрлерін, қайдан алынатынын жақсы білеміз екен.</p> <p><b>Балқаймақ</b> - Түйе сүтінен немесе айраннан пісірілетін тағам. <b>Құрт</b> – Ашы- тылған түйенің сүтінен немесе ашылатын жасалатын сусын. <b>Шұбат</b> - Тайлақты түйенің сүтінен ашытылған жасалатын сусын. <b>Ежегей</b> - Жаңа төлдеген малдың уызына қант қосылып пісірілетін тағам.</p> <p><b>Айран</b> - Жас түйенің сүтінен алынатын сусын. <b>Қымыз</b> - Жылқы сүтінен алынып ашытылатын сусын. <b>Ірімшік</b> - Сиыр сүтінен қант қосылып пісірілетін тағам. <b>Бұжы</b> - Малдың іш майына ұн қосылып ішекке салынып пісірілген тағам. <b>Қазы</b> - Жылқы етін тұз бен бұрыш қосып, ішекке салып пісірілетін тағам. <b>Қуырдақ</b> - Төрт – түлік малдың етінен май араластырып пісіретін тағам. <b>Бауырсақ</b> - Бауырсақты білмейтін қазақ жоқ шығар, ұлттық тағамның ұлы асы. Ұн мен майға пісірілетін тағам.</p> <p>Әумин, әумин!  Бүгінгі сабаққа барлықтарың жақсы қатынастыңдар. Мақтап мадақтау.  Рахмет сендерге!.</p>	<p>Балалар қол ұстасып айтады</p> <p>Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр.</p> <p><b>1:</b> Түйе өнімі бағалы, Айран, сүзбе, шұбаты Уыз дәмі тым тәтті, Есіне түсер шын аты.</p> <p><b>2:</b> Бал мен қаймақ дәмі бар, Таңдайыңда қалады. Балқаймақты, құртты да, Түйе сүтінен алады.</p> <p><b>3:</b> Қамбар ата ұрпағы, Жылқы малы киелі. Жылқы сүтінен алынған, Қымызды бәрі сүйеді.</p> <p><b>4:</b> Қойдың сүті қорғасын, Құнарлы ол болғасын, Ірімшік өнімін беретін, Қошқар атам қолдасын.</p> <p><b>5:</b> Төрт – түліктің бірі ол, Бізге берер өнім мол. Қаймақ, ірімшік, қатықты, Сиыр малынан алып көр.</p> <p><b>6:</b> Қазы-қарта, жал - жая, Бұжы, қуырдақ тағы бар. Пейілі кең қазақтың, Дастарханынан табылар.</p> <p><b>7:</b> Ақ бауырсақ шашылып, Құшағымыз ашылып. Нан атасы ақ бидай. Дастарханымызға береке берсін, Бастарымыз мереке берсін. Астарымызға адалдық берсін, Елімізге амандық берсін.</p>

**Нені игерді:** Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатынын, алынатынын, түрлерін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 14.03.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: «Қош келдің Наурыз».

Мақсаты: Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Ұлттық тағамдармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>-Балалар, сендер қандай мерекелерді білесіңдер? -Ия наурыз айында 22 наурыз «Наурыз-жыл басы» мерекесін тойлаймыз.</p> <p>-Наурыз мерекесіне ерте кезде алдын-ала дайындалған, үйлерді тазартқан, бұл тоқшылықтың белгісі. Наурыз мерекесінде ерлер қос қолдап, ал әйелдер құшақтасып амандасады.</p> <p>-Адамдардың барлығы: «Армысың қайырымды күн-Ана!»-деп күнге басын иеді. Ағаштар отырғызады, айна, тарақ, су дайындаған. Наурыз көже пісірген. Наурыз көжені-түрлі тағамнан жасаған. Дастарханға бауырсақ, қазы, соқ, жент деген тағамдар қойған.</p> <p>-Қыдыр ата келіп өзінің батасын береді. -Әр халықтың өзіндік дәстүрлері болады. Қазақ қонақшыл халық. Барын қонағының алдына тосады. Осы Наурызда күн мен түн теңеледі.</p> <p>-Жарайсыңдар, балалардың білімдерін сұрақтар қою арқылы кеңейту. Мақтап мадақтау.</p>	<p>Жаңа жыл Аналар мерекесі Наурыз мерекесі</p> <p>Наурыз тойы елдің тойы Бұл мереке бізге ойлы Көжесі көп, шелпегі көп, Жаксы көрем, Наурыз тойын</p> <p>Ұлттық тағамдар жайлы біліп алды.</p> <p>Наурыз тойы-Ұлы той, Мұны бәрің біліп қой!</p>

Нені игерді: Наурыз мерекесі туралы түсініктерді біледі. Ұлттық тағамдар туралы біледі.

Технология толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_



Тексерілді  
Ш. Мамбет

Күні: 21.03.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Көшеден өту».

**Мақсаты:** Балалардың есіне көше тәртібі ережелерін қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	-Балалар мына суреттерде кімдер бейнеленген? Ондағы ит, қарға басқа жан-жпнуарлар немен айналысуда? -Осы беттегі суреттерге Ермек аға мынадай өлең жолдарын арнапты. Қане, оқып көрейік. Тыңдағыларың келе ме?	Сұрақтарға жауап қайтарады.  Ия.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Бүгін де, кеше де Дәл біздің көшеде Көрдік бір ағаның Жүрісті реттеп Тұрғанын күзетте Таяғын: «Жүр! Кідір!» Деп, нұсқап, сермеді Машина бірде-бір Оныңсыз жүрмейді. Өлең не туралы айтылған? -Мына суретте Тұрабай деген бала бағдаршамның бұйрығын орындамапты. Көшеде балаларға көмекші қызметін атқаратын тағы да біздің көмекшілеріміз бар. Мынау көше тәртібін сақтауға арналған белгілер.	Тақпақты мұқият тыңдады.  Бағдаршам Жолды үлкендермен кесіп өткен дұрыс екенін білді.  Жолды ешқашан жүгіріп өтуге болмайды.
Рефлексивтік түзетушілік.	Алтын ақылдар: -Әрқашан абай бол! -Өздерің танымайтын, білмейтін жандардың машинасына отыруға болмайды. Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар келісті.

**Нені игерді:** Көше тәртібі ережелерін қалыптастыруды біледі

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_



Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні:04.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Мен көмекшімін.

**Мақсаты:** Балалардың айналасына көмектесу дұрыс әрекет құндылығынан туындайтынын ұғындыру, қамқорлық жасау туралы білім беру, айналасына мейірімді бола білуге дамыту, барлығына жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға. Ертемен, ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» деймін мен. Ыңғайланып отырындар, денелеріңді түзу ұстандар. Аяқ-қолыңды айқастырмандар. Көздеріңді жұмуларыңды өтінемін. Елестетіп көріңдер: Күн нұры төбелеріңнен өтіп, кеуделе-ріне қарай бойлап барады. Оймен осы нұрды қолдарыңа түсіріңдер. Сендердің қолдарың нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңа тарады. Аяқтарың нұр сәулесін шашуда. Олар тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. <b>«Бала— ата-ананың қолғанаты»</b>	Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып, бір-бірімен амандасады.  Ыңғайланып отырып, денелерін түзу ұстап отырды.
Рефлексивтік түзетушілік.	Апам үшін күнде мен, Отын ағаш жарамын. Су құямын гүлге де, Дүкенге де барамын. Жылай қалса бөпем де, Жұбатамын ойнатып. Апам үшін күнде мен, Сыпырамын үйді де. Бірақ апам мен үшін, Оқымайды сабақты. <b>Ситуациялық сұрақ:</b> Тақтаға сурет ілінеді(жолдың шетінде сөмке көтеріп тұрған қарт әжейдің суреті) Балалар сендер осы кезде не істер едіңдер? бейнелеп беріңдерші. Бал достыққа, Жолдастыққа Шақырады әніміз, Тыныштықта, нұр құштықта Бақыттымыз бәріміз! Барлық айтылған жақсы ойларды жүрегіміздің түкпіріне апарып орналастырайық. Сабақ аяқталды. Бүгінгі күндерің қуаныш әкелсін! Сендерге рахмет! Балаларды мақтап мадақтау.	Нақыл сөзді екі рет қайталантып айтқызу. 2рет қыздар, 2рет ұлдар қайталайды. Тақпақты жаттап алады.  Әнмен бірге қайталап, қимылмен көрсетеді. Балалар сұрақтарға жауап береді Балалардың жауаптары. Бейнелеп береді

**Нені игерді:** Адамдарға жақсылық жасау, көмек беру керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 11.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Атамның әңгімелері

**Мақсаты:** Әскер туралы балалардың білімін қалыптастыру. Ұлы Отан соғысының ардагеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Ержүрек, батыр, күшті болуға тәрбиелеу

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Балалар сендер «әскер» деген ұғымды қалай түсінесіңдер? -Әскерге бару әр баланың міндеті. Әр ер бала әскерге барып, азаматтық борышын өтеу керек. -Біз қазір тату, молшылықта, бейбіт өмір сүріп жатырмыз, кімнің арқасында. -Осыдан 70 жыл бұрын біздің ата-бабаларымыз біздің болашағымыз үшін немістермен соғысып, жеңіп шыққан. Бұл 1945 жылдың 9 мамыр күні болатын. Осыдан бері бұл күн «Жеңіс күні» деп аталады. Соғыс 4 жылға созылды, яғни 1941 жылы басталып 1945 жылы аяқталды. Осы соғыста бабаларымыз көп қиыншылықтар көрді, олар күндіз – түні соғысты, ұйықтамады, аш жүрген күндері болды. Соғысқа байланысты көптеген видеофильмдер бар. Қазір бәріміз интерактивті тақтаға көңіл аударамыз. Видеофильм көрсету. -Бұл видеофильмде не туралы айтылған? -Соғысқа қатысқан ата-әжелерімізді қалай атаймыз? -Дұрыс айтасындар, біз оларды құрметтеп сыйлауымыз керек. -Қарандаршы, балалар мына суретте Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова. Олар да соғысқа қатысқан батыр қыздар. Балаларды саппен жүргізу. . Әр бала өз ойын айтады.	Балалар атасының әңгімесін тыңдап, сұрақтарға жауап береді  Балалар видеофильм көрді Сұрақтарға жауап береді  Суретке қарап тамсанып отырады <b>Билингвальды компонент:</b> Соғыс-война Жеңіс күні -день победы
Рефлексивтік түзетушілік.	Мұқият, қызығушылықпен тыңдайды. Видеофильмді қызығушылықпен қарайды. Түсінгендерін әр бала әңгімелеп береді. . Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бекіту. Балаларды мақтап мадақтау. Балаларға жұлдызшалар тарату. Сұрақтарға жауап береді.	

**Нені игерді:** Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі. **Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ж. Мамбет

Күні: 18.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие..

**Тақырыбы:** Бір шаңырақ астында.

**Мақсаты:** Балаларға бір шаңырақ астында тұратындардың бір - біріне сыйластығы, махаббаты, бауырмалдығы, бір - бірімен ынтымағы, татулығы, бірлігі шаңырақ жарастығын құрайтынын үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық козғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p><b>Тыныштық сәті. «Нұрға бөлену»</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Балалар ыңғайланып отырады;</li><li>• Қолдарын тізесіне немесе үстел үстіне қояды;</li><li>• Аяқтарын айқастырмайды;.</li><li>• Арқаларын тік ұстайды;</li><li>• Жайлы әуен тыңдайды;</li></ul> <p>Балалар, бір шаңырақ астында тұратындардың бір - біріне сыйластығы, махаббаты, бауырмалдығы, бір - бірімен ынтымағы, татулығы, бірлігі шаңырақ жарастығын құрайды.</p> <p>Әр адам көзін ашып дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі жылы жанды көреді. Ол - Ана. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да – Ана. Ана – бұл жел жағымызға пана, біріміз үшін дара, дана тұлға. Ана дегенде сөзге келмейтін тіл, лүпіл қақпайтын жүрек, мөлтілдемейтін жанар жоқ. Балаға анадан артық, анадан қымбат жан жоқ. Әрбір ана отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм соғыстың болмауын, қызыл гүлдің солмауын тілейді.</p> <p>Жай әуен мен көзді жұма отырып бүгінгі сағаты елестету сабақ ұнадым тұжырым жасау. Мен сендердің шаңырақтарыңа шын жүрегімнен бақыт тілеймін. Ал сендер де достарыңның шаңырағына жақсы тілектеріңді айтыңдар. Бір шаңырақ астында тұратындар бір - біріне тосын сый дайындап қуантады. Мысалы: қолдан жасалған бұйым жасау Балаларды мақтап мадақтау</p>	<p>Шаңырақтағы сыйластық сүйіспеншілік, бірлік, ынтымақ, бауырмалдық, қамқорлық, өзара түсінісу шаңырақтың сәнін кіргізіп, жарастық орнататынын біледі..</p> <p>Ұрпағы – атасының, Шуағы - әжесінің, Тұяғы - әкесінің, Тілегі – анасының, Тірегі – ағасының Түлегі – даласының Дарытқан бар асылын Мен – қазақ баласымын!</p> <p>Жерінде – бабасының, Елінде – атасының, Көңілінде - әжесінің, Қолында – анасының, Жолында – ағасының, Төсінде – даласының Тапқан өз жарасымын. Мен қазақ баласымын!</p> <p>Жай әуен мен көздерін жұма отырып бүгінгі сағаты елестету сабақ ұнағанын тұжырым жасайды.</p> <p>Гүл, ашықхат жасап береді.</p>

**Нені игерді:** . Әрбір ана отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм соғыстың болмауын, қызыл гүлдің солмауын тілеу керектігін біледі..

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
Ш. Мамбетов

Күні: 25.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Отбасындағы тәрбие.

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атауға, сұрақ - жауап арқылы сұхбатқа үйрету. Отбасы мүшелері туралы тақпақтарды жатқа айтқызу, «Кім жоқ» ойыны арқылы отбасы мүшелерінің атауын білуге үйрету. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>Шаттық шеңбер</p> <p>Бақыт - біздің сиқырлы шеңберіміз! Бақыт - біздің достарға сенгеніміз! Бақыт - біздің жарқын болашағымыз! Бақыт біздің тату - тәті отбасымыз! Бақыт біздің бала бақшаға келгеніміз!</p> <p>Отбасы дегеніміз бір үйде тұратын бізге ең жақын адамдар. Олар ата, әже, әке, ана, аға, апа, іні, қарындас бір отбасында тұрады. Біздерге үлкендердің көмегі және сүйіспеншілігі қажет. Ата мен әжелер демалыспен тыныштықты ұнатады.</p> <p>Ғажайып сәт: Балалар бізге көрші ауылдан ата мен әже келіпті! Кәнекей, қарсы алайықшы!</p> <p>Ата мен әже: Ал, балалар! Қандай өнерлерің бар? Біз соны көрейін деп келдік.</p> <p>Ата мен әже балаларға мақал - мәтелдерді айтып түсіндіріп береді.</p> <p>Балалы үй – базар, Баласыз үй – мазар. Ата тілін алмаған ұлдан без, Ана тілін алмаған қыздан без.</p> <p>Рахмет әже біз үлкендердің айтқанын тыңдаймыз ақылды бала болып өсеміз.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім жоқ?»</p> <p>Үйдің ішіне (ата, әже, әке, ана, аға, қарындасты) іліп қоямыз. Біреуін алып тастаймыз, балалар кім жоқ екенін айтады.</p> <p>Ата мен әже көп – көп рахмет, балалар сендер тәрбиелі, ақылды, үлкенді сыйлай білетін азамат болындар! Отбасындағы үлкендердің айтқанын тыңдаңдар. Бала-бақша сендердің екінші үйлерің балалар!</p> <p>Ата мен әже мадақтап балаларға сыйлықтарын таратады.</p>	<p>Сәлемдесу – тәрбиенің басы- деп апайлармен амандасу. (дөңгелек шеңберден ленталарды ұстап айту)</p> <p>(Ата мен әже еңкейіп келе жатады.) Ата мен әжеге амандасу. - Ер балалар! Ассалаумағалекум, ата! Сәлеметсіз бе, әже? – деп қарсы алады. Балалар: ата, әже біз сіздерге әдемі отбасы туралы тақпақ айтып береміз.</p> <p>Сергіту сәті: Бас бармағым атам – үйдің данасы, Балан үйрек әжем – ошақ анасы, Орган терек әкем – отау панасы, Шылдыр шүмек шешем – шаңырақ ажары, Кішкентай бөбек мен - бәрінің базары.</p> <p>Ата мен әже қоштасады.</p>

**Нені игерді:** Отбасы мүшелеріне ата, әже, әке, ана, аға, апа, іні, қарындас жататынын, үлкендерді құрметтеу, сыйлау керектігін біледі. **Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_

Тексерілді  
 Ш. Шайқас

Күні: 16.05.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ұлттық салт-дәстүрлер.

**Мақсаты:** Балалар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлты-мыздың дәстүрлерінен үлгі алу, ұлттық салт-дәстүр үлгісіндетәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p>	<p>Бүгінгі сабағымыздың негізгі мақсаты өз халқымыздың салт-дәстүрлері, асыл қазыналары, асыл мұралары туралы сендерге түсінді- ріп, бойларына сіңіру болып табылады. Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі-өзіміздің қазақ халқы. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халқымыздың ғасырлар бойы жазған зор еңбектері – салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы.</p> <p><b>Сүйінші!</b> Қуанышты хабар жеткізуші адам Шашу! Қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанаты дәстүр.</p> <p><b>Қонақасы</b> –Үйіне келген қонақты құрмет- пен қарсы алып, мал сойып қонақасы беру- жомарттықтың, елдіктің үлкен белгісі. <b>Сыбаға.</b> Құрметті қонаққа немесе өздерінің, жақын- жуығына арнап сақтаған кәделі ет мүшелері сыбаға деп аталады. <b>Бастаңғы.</b> Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналған, жолаушылардың жолда басы ауырмасын «бастаңғы» жаса дейді.</p> <p><b>Ерулік.</b> Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұратын дар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады. <b>Қалау.</b> Біреудің жақсы малына, затына, мүлкіне көңілі кеткен адам, сол үйге барып қалау қалайды. <b>Жеті ата.</b> Әр адам өзінің жеті атасын білуі көрегенділік пен білімділігін танытады. Білмесе жеті атасын білмеген жетесіз деп сөккен.</p> <p><b>Кекіл-жас</b> балалардың шашын тегістеп ұстарамен алып тастайды да бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды.</p> <p><b>Сыралғы-олжалы,</b> қанжығасы қанданып келе жатқан аңшыдан саятшыдан кездес- кенде сұралатын жол. <b>Тоқымқағар-жас</b> жігіт алғаш жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. <b>Тұлым қою-кішкентай</b> кезінде баланың шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны тұлым деп атайды. Тұлым көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты болады.</p> <p><b>Сауын айту.</b> Бір елде ас, үлкен той болатын</p>	<p>Бауырласқан тәніміз,        Бұзылмаған антымыз.        Кең даланың ежелгі,        Қазақ дейтін халқымыз.        Өзге ұлттай біздің де,        Бар дәстүр мен салты-мыз.</p> <p>Балалар салт-дәстүрлерді мұқият тыңдап отырады.</p> <p>Үлкен ақсақалдарға, құдаларға, жолы үлкен адамдарға сыбаға әдейі сақталады. Бастаңғының мәнісі жастардың сол үйде ойын-сауық жасап бас қосуы. Дәстүр бойынша үй иесі қалаушы адамға қонақасы беріп, қалағанын орындап қайтаруға тиіс. Бұл жомарттық пен мәрттіктің, сыйластықтың белгісі. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді.</p> <p>Мәрт аңшылар мұндайда сыралғы сұрағанның сөзін жерге тастамайды. Мұндайда арнаулы мал сойып немесе сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады. Ойын-сауық, өлең – жыр айтылады. Бұл жәй шақыру емес, әр ел</p>

<p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>болса, ол кісі күні бұрын жан-жаққа хабарлатып сауын айтады. <b>Кеусен</b>-бұл егіншілікке байланысты айтылатын сөз. Әдетте егін пісіп мол өнім алғанда егіншілер туған-туысқандары мен ауылдастарына астық береді. <b>Аманат</b>-бір адамның екінші біреуге сақтауға берген заттары. Аманатты сақтау, оны мезгілінде қайтару зор адамгершілікке жатады.</p> <p><b>Көгентүр</b> – бір-біріне жақын туыс, ілік, жұрағат адамдардың баласына ескерткіш сый ретінде берілетін мал. <b>Байғазы</b> – балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай-заттай сый. <b>Бәсіре</b> – қыз ұзатылғанда немесе жиен алғаш келгенде меншіктеп аталатын, ен салынған мал.</p> <p><b>Сәлем беру.</b> Алыс жолдан жолаушы неме- се сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру- қалыптасқан дәстүріміз. <b>Енші.</b> – балалары ержетіп жеке үй болған- да ата-анасы оған дүние мүлік, мал беріп, отау тігіп жеке шығарады. <b>Сонар</b>-бұл аңшылар үшін өте қызықты сәттердің бірі <b>«Тұсау кесу» рәсімінен көрініс.</b> Әдетте сәби аяғын тәй-тәй басып жүре бастағанда оның тұсауын кеседі. Ата-әжелеріміз бұл ырымға қатты көңіл бөлген, өйткені баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болуы осы тұсау кесуге байланысты деп шешкен. Әжелер мен ата- лар дастарханға шақырылды. Тұсауын кесетін сәби Жанеркені ортаға әкеліп «Тұсау кесу» жыры айтылады. Сәбидің тұсауы ала жіппен кесіледі. Шашу шашылып, ән айтылады. Сәбиді жүгіріп, жүргізеді. Барлық ырымдары жасалады. Балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p>салт-дәстүрмен, яғни батыр палуанымен, жүйрік атымен, ақын-жыршысымен, сойыс малымен, сабалы қымызымен келсін дегенді білдіреді. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Ол өте ауыр күнә деп есептеледі. Бұл бала үшін сый-қуаныш болса, оның ата-аналары үшін құрмет көрсетудің белгісі десе де болады. Байғазы сұраудың еш артықтығы жоқ.</p> <p>Бұны енші деп атайды. Ал қызға берілетін дүние мүлік «жасау» деп аталады.</p> <p>Баланың тұсауын малдың тоқ ішегімен кесу елдің тоқ болуы және баланың келешекте бай болуы деген ұйғарым болған. Ала жіппен тұсау кесу баланың келешекте еш-кімнің ала жібін атта- май, адал болып өссін деген ниеттен туған.</p>
----------------------------------	---	--

**Нені игерді:** Балалар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлты-мыздың дәстүрлерінен үлгі алу керектігін біледі.

**Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_



Тексерілді  
 Ш. Мамбетов

Күні: 23.05.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қош келдің-Жайдарлы жаз

**Мақсаты:** Балаларға жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру. Тіл мәдениетін қалыптастыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Амандасу            Амансың ба нұрлы күн!            Амансың ба қара жер!            Аман –есен болайық!            Бейбітшілік қалайық! Амандасу түрлерін көрсетеді            -Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.            -Айнала қандай?            Дала қандай?            -Ал ағаштар ше?            -Ауа қандай?            -Терезеге не түсіп тұр бар?            Жаз қандай болады?            көңілді, т.б            Жазда бау-бақшада не өседі?            -Яғни, мұның барлығы қай кезде болады?            Жылдың төрт мезгілі бар: ..., ..., ..., ...            Бір жылда ... ай бар.            Жаз айлары: ..., ..., ...            Ең ыстық жыл мезгілі: ...            Қазір жаздың алғашқы айы            Иә білемін айнала гүлденіп, жап-жасыл күйге енеді. Ал біз болсақ, суға түсіп көңілді ойнаймыз. Саябаққа, орманға саяхаттаймыз.            Балалар, суретте не бейнеленген?            Бұл жылдың қай мезгілі?            Жазда қандай өзгерістер болады?            Бұл жыл мезгілі сендерге немен ұнайды?            Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады?            Жаз айлары жайлы біз не білеміз?            Әр бала өз ойын айтады.            Мұқият, қызығушылықпен тыңдайды.            Түсінгендерін әр бала әңгімелеп береді.            Балаларды мақтап мадақтау.            Балаларға жұлдызшалар тарату.            Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Амандасу</p> <p>Амансың ба нұрлы күн!</p> <p>Амансың ба қара жер!</p> <p>Аман –есен болайық!</p> <p>Бейбітшілік қалайық!</p> <p>Амандасу түрлерін көрсетеді. (қолымен, басынан сипалап, бетінен ұстап, құшақтап)</p> <p>Сабақты біз бастаймыз. Балалар сұрақтарға жауап береді</p> <p>Ыстық, демалады .Шомылады, Күнге күйеді)</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Суретке қарап тамсанып отырады  <b>Билингвальды компонент:</b>            Жаз-лето</p>

**Нені игерді:** Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі. **Технология толтырған тәрбиеші:** \_\_\_\_\_



«Балауса» ересектер тобының  
«Ертегілер елінде» вариативтік компонентіне  
тақырыптық жоспар. 2021-2022оқу жылы.

1	«Қоянның үйшігі» ертегісі/таныстыру	1	02.09.2021ж
2	«Шалқан» ертегісі/таныстыру	1	09.09.2021ж
3	«Үш аю» ертегісі/таныстыру	1	16.09.2021ж
4	«Үш аю» ертегісі/ сахналау	1	23.092021ж
5	«Мақта қызбен мысық» ертегісі/таныстыру	1	30.09.2021ж
6	«Мақта қызбен мысық» ертегісі/ сахналау	1	07.10.2021ж
7	«Бауырсақ» ертегісі/таныстыру	1	14.10.2021ж
8	«Бауырсақ» ертегісі/ сахналау	1	21.102021ж
9	«Маша мен аю» ертегісі/таныстыру	1	28.10.2021ж
10	«Маша мен аю» ертегісі/ сахналау	1	04.11.2021ж
11	«Үш торай» ертегісі/таныстыру	1	11.11.2021ж

12	«Үш торай» ертегісі/ сахналау	1	18.11.2021ж
13	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі/таныстыру.	1	25.11.2021ж
14	«Бақша ағаштары» ертегісі/таныстыру	1	02.12.2021ж
15	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі/ сахналау	1	09.12.2022ж
16	«Жеті лақ» ертегісі таныстыру.	1	23.12.2021ж
17	Жеті лақ ертегісін сахналау.	1	30.12.2021ж
Барлығы:		17	



«Балауса» ересектер тобының  
«Ертеілер елінде» вариативтік компонентіне  
тақырыптық жоспар. 2021-2022оқу жылы

1	«Дос іздеген бота» ертегісі/таныстыру	1	06.01.2022ж
2	«Дос іздеген бота» ертегісі/ сахналау	1	13.01.2022ж
3	«Түлкі мен тырна» ертегісі/таныстыру	1	20.01.2022ж
4	«Түлкі мен тырна» ертегісі/ сахналау	1	27.01.2022ж
5	«Алтын балта» ертегісі/таныстыу	1	03.02.2022ж
6	«Алтын балта» ертегісі/ сахналау	1	10.02.2022ж
7	«Құмырсқаның серуені» ертегісі/таныстыру.	1	17.02.2022ж
8	«Құмырсқаның серуені» ертегісі/ сахналау.	1	24.02.2022ж
9	«Мақтаншақ қоян» ертегісі/таныстыру.	1	03.03.2022ж
10	«Мақтаншақ қоян» ертегісі/ сахналау.	1	10.03.2022ж
11	«Күн, ай және әтеш» ертегіні	1	17.03.2022ж

	таныстыру.		
12	Күн, ай және әтеш ертегіні сахналау.	1	24.03.2022ж
13	«Бақша ағаштары» таныстыру.	1	31.03.2022ж
14	«Бақша ағаштары» сахналау.	1	07.04.2022ж
13	«Қызыл телпек» ертегісі таныстыру.	1	14.04.2022ж
15	«Қызыл телпек» ертегісін сахналау.	1	21.04.2022ж
16	«Түлкі мен ешкі» ертегісін таныстыру	1	28.04.2022ж
17	«Түлкі мен ешкі» ертегісін сахыналау	1	05.05.2022ж
18	«Қолғап» ертегісі/таныстыру.	1	12.05.2022ж
19	«Қолғап» ертегісі/ сахналау.	1	19.05.2022ж
	Барлығы:	19	

Тексерілгені  
Ж. Мамбет

**Күні:** 02.09.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Қоянның үйшігі» ертегісі таныстыру.

**Мақсаты:** Ертегімен таныстыру, балаларды достыққа тәрбиелеу

«Қоянның үйшігі» ертегісінің үзіндісіне тоқтала

отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<p><b>Мотивациялық қозғаушылық</b></p> <p><b>Ұйымдастырушылық ізденушілік</b></p>	<p>Тәрбиеші балаларға қонақ келетінін хабарлайды. Есікті қағып топқа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. Балалар қонақты күтеді.</p> <p>Сәлеметсіздерме балалар.</p> <p>Менің досым қоянды жоғалтып алдым.</p> <p>Қасқыр: Қоян менде. Сендер достарың жайлы маған тақпақ, өлең, ертегі айтып берсең мен оны қайтарамын.</p> <p>Айша қуыршақ: Балалар маған көмектесесіздер ме?</p> <p>Қасқыр:-Балалар қоян туралы не білесіндер? –Ол қандай жануар?</p> <p>-Қоян туралы тақпақ айтып беріңдер</p> <p>Қасқыр: Қандай өлең білесіндер?</p> <p>Қасқыр: Қоян турады ертегі білесіндер ма?</p> <p>Айтып беріңдер.</p> <p>Айша қуыршақ: Енді қоянымді жібер.</p> <p>Қасқыр: Маған ертегіні сахналап берсеңдер жіберемін.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар «Мақтаншақ қоян» ертегісін сахналап берейік.</p> <p>Тәрбиеші көмегімен сахналайды.</p> <p>Қасқыр: Жарайсыңдар балалар мен қоянды жіберім. (қасқыр шығып кетеді, қоян келеді)</p> <p>Маған көмектескендеріне көп рахмет.</p> <p>Сергіту сәті: «Қоян тұршы»</p> <p>Д/о «Қай ертегінің кейіпкері»</p> <p>Мақсаты: Ертегілердің кейіпкерлерін</p>	<p>Балалар амандасады. Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді</p> <p>Балалар ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын киіп, сахналай батайды.</p>

<b>Рефлексивтік түзетушілік</b>	ажырата білу. Айша қуыршақ пен қоян қоштасып, рахметтерін айтып кетеді. Балалар қызыға ойнайды. -Балалар сабаққа кім келді? -Біз Айша қуыршаққа қалай көмектестік? -Сендерге ұнады ма? Жақсы қатысқан балаларды мақтап,	
---------------------------------	--	--

**Күтілетін нәтиже :** Көңіл-күйлері көтерілді

Тексерілгені  
Ж. Топалбаев

**Күні: 09.092021ж**

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Шалқан» ертегісі таныстыру

**Мақсаты:** Шалқан ертегісімен таныстыру, татулық бірлік туралы.

Білімділік: қызықтыру, әңгімелеу, таныстыру, сұрақ- жауап.

Дамытушылық: қызығушылықтарын, қиялдарын дамыту.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<p><b>Мотивациялық қозғаушы.</b></p>          <p><b>Ұйымдастырушы кезең</b></p>	<p>Шаттық шеңбері. Үлкенге де сіз Кішіге де сіз Бар адамды құрметтеп Бас иеміз біз.</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Ақ сақалды, ақ шашты Әкемнің ол әкесі Кім болады ол саған?</p> <p>-Балалар өткен оқу іс-әрекетінде мен сіздерге қандай ертегіні оқып бердім? «Шалқан» ертегісін есіне түсіру.</p> <p>-Балалар бүгінгі сабақта «Шалқан» ертегісін өзіміз сахыналайтын боламыз.</p>	<p>Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.</p>          <p>Жұмбақ шешуін табады. «Ата»</p>          <p>«Шалқан»</p> <p>Балалар «Шалқан» ертегісін естеріне түсіреді.</p>



<b>Рефлексті түзетушілік</b>	-Балалар біз қандай ертегіден көрініс қойдық?  -Дұрыс айтасыңдар балалар бүгінгі сабақта сендер өте жақсы жауап бердіңдер. Осымен оқу қызыметі аяқталады.	
------------------------------	---	--

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ж. Маулиев

Күні: 16.09.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі

**Мақсаты:** Балаларды тыңдай білуге және әдептіліке тәрбиелеу.

**Білімділік:** Балаларды ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйрету.

**Дамытушылық:** Ертегі желісі туралы түсініктерін арттыру.

**Тәрбиелік:** Ертегі желісін түсініп тыңдай білуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Балалар бүгін ерекше күн. Мен жолда бір хат тауып алдым. Ішінде ертегі кітап бар екен.	Балалардың назары тәрбиешінің қолындағы хат пен ертегі кітапқа ауады.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші балаларға «Үш аю» ертегісін оқып береді. Ерте, ерте ертеде Машенька деген қыз өмір сүріпті. Ол бір күні орманға саңырауқұлақ теруге барыпты. Машенька бір себет саңырауқұлақ теріп алып, үйіне қайтар кезде адасып кетеді. Ол орман ішінде көп жүрді. Бір кезде ол ескі ағаш үйді байқайды. Есік ашық тұрған соң кіріп кетеді. Ол үйде үш аю тұрады екен. Әкесінің аты Михайло Иванович. Ал екінші аю кішірек оның аты Насья Петровна. Үшіншісі ең кішкентай қонжығы, ол Мишутка екен. Аюлар үйінде болған жоқ олар орманға серуендеп кетіпті. Үйдің ішінде екі бөлме бар екен. Ал маша бірінші бөлмеге кіргенде, үш тостақанға салынған ботқаны көреді. Біріншісі ең үлкен тостақан Михаил Ивановичтікі, екіншісі орташа Настя Петровнакікі, ал үшінші ыдыс Мишутканыкі еді. Әрбір тостақанның қасында қасық жатты: үлкен, орташа, кішкентай. Маша үлкен қасықты алып жейді. Д/о: Қай сурет өз орнында тұрған жоқ? Мақсаты: Сурет арқылы ертегі желісін	Балалар мұқият тыңдайды.

	есте сақтауын арттыру. Сергіту сәті: Қорбаңдаған аюдың, құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, себетімізге салайық	
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Д\о: Қай сурет жетіспей тұр. Мақсаты: Кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай орналастыруды үйрету. Ертегі желісі бойыша бірнеше сұрақтар қойылады. Мақтау, мадақтау	

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ш. Мамбетов

**Күні: 23.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Үш аю » ертегісі (сахналау)

**Мақсаты:** Әдеби шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне өзінің қатынасы.

**Білімділік:** Балаларды ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйрету.

**Дамытушылық:** Ертегі желісі туралы түсініктерін артыру.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларға қонаққа Машаның келгенін хабарлайды. Балалар Машамен амандасады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен танысқандарын сұрайды. Бұл сабақта тәрбиеші балалармен ертегі кейіпкерлерін алмастырушы заттармен алмастыру қабілеттеріне байланысты жұмыс жасалды. Тәрбиеші балаларға ертегінің кейіпкерлері және олардың заттары бейнеленген карточкаларды көрсетеді. Тәрбиеші әр кейіпкерлерге тиісті заттарды таңдап алуларына тапсырады. Д/о: Қай зат дұрыс тұр? Барысы: Тәрбиеші ертегіге байланысты бірнеше заттардың орнын ауыстырып қояды .Мысалы: Кішкене аюудың қасығын әке аюудың қасығымен ауыстырып қояды .Тәрбиеші ертегіні үлгі бойынша меңгерген балаларға бір кейіпкер Балалар ертегіні естеріне түсіреді. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар карточкаларды ертегі желісі бойынша орналастырады. Балалар заттарды ертегі желісі бойынша өз орындарына орналастырады. рөлін таңдап оны ойнауын ұсынады . Ролді анықтау үшін кейіпкерлер белгіленген төс белгілерді алады. Ертегіні ойнауда ең	

	маңыздыс балалар кейіпкерлердің интонациясын, дуыс ырғағын, дуыс қаттылығындұрысжеткізу.Жүргізуші ролын атқаратын тәрбиеші мәтінді оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды.	
<b>Рефлексті түзетушілік</b>	Тәрбиеші балалардың ертегіні мұқият тыңдап, кейіпкерлерді дұрыс орналастырғаны үшін мақтап, мадақтау	

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Топқа

**Күні: 30.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:** « Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** « Мақта қыз бен мысық» (ертегіні әңгімелеу)

**Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

**Білімділік:** Балаларға мақта қыз бен мысық ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іскимылдарын, көрсете алуға үйрету.

**Тәрбиелік:** Ертегі тыңдай білуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші Ерден ата қонаққа келетінін хабарлайды.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Топқа Ерден ата келеді. Балалармен амандасады. Ерден ата балалар мен сендерге құрқол келген жоқпын, өзіммен бірге қоржынымды ала келдім. Мұнда көптеген суреттер бар және ертегі кітабым бар. Д/о « Таңдап ал , да атын айт » Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады. Ерден ата ертегіні әңгімелейді. Баяғыда мақта қыз бен мысық дос болыпты. Мақта қыз жер сыпырып жүріп мейіз тауып алыпты да мысығын шақырыпты. - Мысығым, мысығым бері келші дейді, мысығы келмейді. Біраз уақыт өткен соң мысық келеді. мақтақыз сен мені неге шақырдың дейді. Мақтақыз мен бір мейіз тауып алдым, сен келмеген соң өзім жеп қойдым дейді. Мысық мен саған ренжідім, қазір сенің қатығыңды төгемін дейді, де Балалар кілем үстіне жайғасып Ерден атаны мұқият тыңдайды. Д/о «Кім не істеді»	Балалар кілем үстіне жайғасып Ерден атаны мұқият тыңдайды.  Балалар мақта қыз бен мысықтың достық әрекетін, жүрістұрысын көрсетеді.

	Мақсаты: ертегі желісі бойынша әңгімелеу.	
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Тәрбиеші балалардың ертегіні мұқият тыңдап, кейіпкерлерді дұрыс айтқаны үшін мақтап, мадақтау	

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 07.10.2021ж

**Вариативтік компонент:** « Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Мақта қыз бен мысық» ертегіні (сахналау)

**Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қырын дамыту, сахалық шеберліктерінің қалыптастыру

**.Білімділік:** Балаларға мақта қыз бен мысық ертегісін айтып, білімдерін толықтыру

**.Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің

ісқимылдарын, көрсете алуға үйрету. Тәрбиелік: Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Балалар ертегілер еліне саяхатқа шығады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездға отырайық. Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлері бар екен. Осы кейіпкерлердің ішінен мақта қыз бен мысық ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық Д/о « Таңдап ал,да атын айт » Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін тани білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту. Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады. Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер. Тәрбиеші ертегіні айта бастайды. Баяғыда мақта қыз бен мысық дос болыпты Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды. Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгемелейді. Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлықын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын салады. Балалар пойызға отырып саяхатқа барады. Балалар мақта қыз бен мысық ертегі кейіпкерлерін таңдап алады.	



	Балалар мақта қыз бен мысықтың достық әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді. дұрыс жеткізе білуге үйретеді.	
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Балалар бүгін қайда саяхатқа бардық? Қандай ертегіні әңгімеледік? Қандай ертегі кейіпкерлері ұнады?	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ш. Маулиев

**Күні: 14.10.2021ж**

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Бауырсақ» ертегісі таныстыру.

**Мақсаты:** Бауырсақ ертегісімен таныстыру.

**.Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс қимылдарын, көрсете алуға үйрету.

**Тәрбиелік:** Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Балаларға бауырсақтың суретін көрсетіп, бұл қай ертегінің кейіпкері?  -Сұрақ жауап арқалы ертегіні бастау.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	-Балалар, мен бүгін сендерге Бауырсақ туралы ертегіні айтып беремін. Сендер маған көмектесесіңдер ме? Онда бәріміз інғайланып отырып, мұқият тыңдандар? Бауырсақты кім пісіреді? Бауырсақ ата-әжемен бірге қалды ма? Бауырсаққа кімдер кездеседі?-Бауырсақ бәрінен қашып құтыла ма?	
<b>Рефлекссті түзетушілік</b>	Балалар ертегіден жақсы әсер алады.Жарайсыңдар балалар өте жақсы жауап бердіңдер.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ж. Т. Т.

**Күні: 21.102021ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы : : «Бауырсақ» ертегісі (сахналау)**

**Мақсаты: Ертегі әлеміне қызығушылығын арттыру**

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Бауырсақ қай ертегіні сомдағанын сұрап, ұйымдастырылған оқу ісәрекетін бастау.	Балалар жауап береді.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Жұмбақ Қашып кеткен атадан Қашып кеткен ападан Орманда кеше жүр едім Домалап шықты алдымнан Ол не? Бауырсақ жайлы не білесіңдер Бүгін біздің сахналық қойылымымыз «Бауырсақ» ертегісі.	Жұмбақ шешуін табады «Бауырсақ»
<b>Рефлекссті түзетушілік</b>	-Бүгін қандай ертегіні сахналадық? Ертегіде жағымды кейіпкерлер кім? Бауырсақты кім пісіреді? Жарайсындар балалар өте жақсы жауап бердіңдер.	- Балалар сұрақтарға жауап беріп отырады.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді.

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 28.10.2021ж**

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Маша мен аю» ертегісі таныстыру.

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің не мақсаты туралы айтып жетгізу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	«Маша мен Аю» ертегісінің әуенін қойып, қай ертегі екенін сұрап, оқу іс-әрекетін бастайды. Балалар біз бүгін ертегілер еліне саяхатқа шығамыз.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	-Біз бүгін «Маша мен аю» деген орыс халық ертегісін сахналаймыз. Ертегі қалай аталады? Маша мен аю дос па? Аю орманда не жинайды ? Маша Аюға арнап сыйлық жасады ма? Орманда қандай жануарлар тұрады? Жануарлар өз-өзіне қызмет жасайды. Олар жабайы жануар болғандықтан оған ешкім қамқорлық жасамайды. Өздерінен әлсіз жануарлармен қоректенеді.	
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Жарайсындар балалар келесі оқу қызметінде осы ертегімізді сахналайтын боламыз.	Балалар сұрақтарға жауап беріп отырады

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ж. Топалбаев

**Күні: 04.11.2021ж**

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Маша мен аю» ертегісі (сахналау)

**Мақсаты:** Ертегі әлеміне қызығушылығын арттыру.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Бауырсақ қай ертегіні сомдағанын сұрап, ұйымдастырылған оқу ісәрекетін бастау.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Жұмбақ Қашып кеткен атадан Қашып кеткен ападан Орманда кеше жүр едім Домалап шықты алдымнан Ол не? Бауырсақ жайлы не білесіңдер? Бүгін біздің сахналық қойылымымыз «Бауырсақ» ертегісі.	Жұмбақ шешуін табады «Бауырсақ»
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	-Бүгін қандай ертегіні сахналадық? -Ертегіде жағымды кейіпкерлер кім? -Бауырсақты кім пісіреді? Жарайсындар балалар өте жақсы жауап бердіңдер	Балалар сұрақтарға жауап беріп отырады

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Топалбаев

**Күні: 11.11.2021ж**

**Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы : «Үш торай» ертегісі таныстыру.**

**Мақсаты: Ой-өрісін танымдық қасиеттерін, зейінін дамыту.**

**Тәрбиелік: Адамгершілікке, еңбек қорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.**

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	<p>Дид/ойын: «Ертегіні құрастыр» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін есте сақтау. Ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға үйрету. Тілдерін дамыту. Ертегіге деген қызығушылығын ояту. Бұл сабақ барысында үлгі бойынша ертегіні мазмұндауды игерген балаларға тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. (Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады) .Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау. Үйде бүкіл ертегіні көрсету қажет емес, ертегінің бір фрагментін көрсетіп шектелуге болады бұл жағдайда балаға бір кейіпкердің рөлі беріледі. Бұл сабақтың нәтижесінде балалардың нақты</p>	Балалар ойынды қызыға ойнайды. Ертегі кейіпкерлерін естеріне түсіріп, ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға тырысады. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. (Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Кейіпкерлердің дауысы ырғағын салады.

	<p>мазмұндауда сериялық іс-әрекетті қолдану шеберлігі қалыптасады.</p> <p>«Осалорнықты-берік» сериясы, «сенімсызсенімді-өте сенімді» сериясымен байланысты, немесе «қорқынышты өте қорқынышты емес» т.б.екендігін бала түсінебастайды. Сонымен қатар, рөлдердің жалғасы баланың жеке тұлға болуына ықпалын тигізеді.</p>	
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	<p>Тәрбиеші балаларға ертегі жөнінде бірнеше сұрақтар қояды.</p> <p>Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтау, мадақтау</p>	

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Мамбет

**Күні: 18.11.2021ж**

**Вариативтік компонент:** « Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Үш торай» ертегісі сахналау

**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту.

**Білімділік:** Үш торай туралы білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** Ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** Адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларға сыйқырлы сандықша тауып алғандағы жөнінде хабарлайды.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Сәлеметсіздер ме балалар? Балалар қане сыйқырлы сандықты ашып не бар екенін көрейік. Мынаны қараңдар балалар ертегі кейіпкерлері, үй суреттері, түрлі түсті геометриялық пішіндер бар екен. Балалар айтыңдаршы бұл кейіпкерлер, үй суреттері таныс па сендерге? Бұл қай ертегінің кейіпкерлері.	Балалар түстері бойынша пішіндерді орналастырады. Қызыл шеңбер мен қызыл төртбұрышты қояды.



	<p>Д/о: «Тауып көр»</p> <p>Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімін атап, олардың үйлерін көрсетіңдерші. Сергіту сәті:</p> <p>Орманда бір үй тұр.</p> <p>Есігінде құлып тұр.</p> <p>Айтыңдаршы балалар құлыпты кім ашады.</p>	
<b>Рефлекті түзетушілік</b>	<p>Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімі кім болды?</p> <p>Біз қандай күндермен таныстық?</p> <p>НафНафтың үйі қандай?</p> <p>Балаларды мақтау, мадақтау.</p>	<p>Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімдерін естеріне түсіреді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ш. Мамбетов

**Күні: 25.11.2021ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі таныстыру.

**Мақсаты:** Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту.

**Дамытушылық:** Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Балаларға суретті көрсетіп: - Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ». - Балалар қасқыр туралы не білесіңдер? - Қандай жануар? - Ешкі,лақ қандай жануар? - Лақ туралы қандай өлең.тақпақ білесіңдер. Балалар суретке назар аударады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Ертегінің атын атау: «Жеті лақ және қасқыр» Кейіпкерлерді атап таныстыру: - Ешкі, лақ, қасқыр сөздері Ертегіні әңгімелеу: фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Дидактикалық	

	<p>ойын(мимикалық) Мақсаты:</p> <p>кейіпкерлердің көңіл күйін салғыздыру. - ешкінің өтініші, - лақтардың ақылдылығы, - қасқырдың алдауы. Сергіту сәті: Сөздерді қайталайды. Ертгінін мазмұнын мұқият тыңдап отырады. Ойынға белсенді қатысады, әр кейіпкердің образына еніп, оның көңіл-күйін көрсетеді. Көлбең, көлбең көлеңкем, Балалар мұқият тыңдап жауап береді. Көлбеңдеген көлеңкем. Қасқыр қалай жүреді, Қасқыр былай жүреді.</p>	
<p><b>Рефлексгі түзетушілік</b></p>	<p>Қорытынды: - Балалар барлығымыз коррекциялаушы ертегіні жақсы түсіндік пе? - Қызықты болды ма?</p>	<p>Ертегі қызықты болды. ия</p>

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 02.12.2021ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Бақша ағаштары» таныстыру.

**Мақсаты:** ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

**Дамытушылық:** сөздерді дұрыс айтып, өз ойларын жеткізе білу, сөздік қорын молайту тілін дамыту.

**Тәрбиелік:**ептілікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші мен сендерге өткен сабақта «бақша ағаштары» атты ертегі айтып бергенмін. Тәрбиеші балаларды ойландыру мақсатында қисық өскен ағаш қасына күтуші бағбанды қояды,ал түзу ағаш өзі өсіп тұрады Тәрбиеші ертегіні оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан Әкесінің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды. Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды Сөздік жұмыс: түп-түзу,қисық. Дойын «өсімдікке не қажет?» мақсаты:ойлау қабілетін дамыту	Сергіту сәтінде мәтінді қайталап,қимылын көрсетеді Жаңа сөздерді қайталап айтып, мағынасын түсінеді. Балалар суреттің қателігін табады.
<b>Рефлекссті түзетушілік</b>	Ертегі не жайында айтылған? Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен? Мына ағаш түп-түзу әдемі	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Топалбаев

**Күні: 09.12.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі сахналау.

**Мақсаты:** Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту.

**Дамытушылық:** Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Балаларға суретті көрсетіп: - Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ». - Балалар қасқыр туралы не білесіңдер? - Қандай жануар? - Ешкі,лақ қандай жануар?	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Ертегінің атын атау: «Жеті лақ және қасқыр» Кейіпкерлерді атап таныстыру: - Ешкі, лақ, қасқыр сөздері Ертегіні әңгімелеу: фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Дидактикалық ойын(мимикалық) Мақсаты: кейіпкерлердің көңіл күйін	

	<p>салғыздыру. - ешкінің өтініші, -  лақтардың ақылдылығы, - қасқырдың  алдауы. Сергіту сәті: Сөздерді  қайталайды. Ертгінін мазмұнын  мұқият тыңдап отырады. Ойынға  белсенді қатысады, әр кейіпкердің  образына еніп, оның көңіл-күйін  көрсетеді. Көлбең, көлбең көлеңкем,  Көлбеңдеген көлеңкем. Қасқыр қалай  жүреді, Қасқыр былай жүреді.</p>	
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	<p>Қорытынды: - Балалар барлығымыз  коррекциялаушы ертегіні жақсы  түсіндік пе? - Қызықты болды ма?</p>	<p>Балалар суретте  бейнеленген  торайлардың есімдерін  естеріне түсіреді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 23.12.2021ж**

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Жеті лақ» ертегісі таныстыру.

**Мақсаты:** Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін, әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Ертегі атрибуттарымен таныстырады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Ал мынау ше? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегі де ойнады? Балалар қызықтап тамашалайды - «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде	Суретерді қарап өз ойларын айтады. . - Ешкі. - Лақтар. - Қасқыр
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Балаларға жеті лақ және қасқыр ертегісін естеріне түсіру тандалған кейіпкерлерді тақтаға шығару. - Бұл ертегіде: Үй жануарларына жатады. Етімен, сүтімен бізге пайдалы. Ешкі мейрімді анасы боласың, ал лақтар ақылды, тіл алғыш боласыңдар. Ал қасқыр – жаман, айлакер, жыртқыш болады. Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады. Балаларды ширма жанына шығарып, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балалар сөздерді ашық, анық бар эмоциясымен сахналатқызу. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар	Ертегіні мұқият тыңдайды.

	<p>тақтаға шығады.          Кейіпкерлерге мінездеме береді.          Кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп,          сөздерді қайталайды .          Дидактикалық ойын(мимикалық)          Мақсаты: кейіпкерлердің көңіл күйін          салғыздыру. - ешкінің өтініші, -лақтардың          ақылдылығы, - қасқырдың алдауы.          Сергіту сәті: Сөздерді қайталайды.</p>	
<b>Рефлексті түзетушілік</b>	<p>Қорытынды: - Балалар          барлығымызкоррекциялаушы ертегіні жақсы          түсіндік пе? - Қызықты болды ма?</p>	<p>Ертегі қызықты          болды</p>

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді



Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 30.12.2021ж**

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** Жеті лақ ертегісін сахналау.

**Мақсаты:** Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау.

**Білімділік:** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын молайту. Сахналау арқылы тіл байлығын дамыту.

**Тәрбиелік:** Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бүгінгі күнге тілектер айтуды ұсынады. Балалар шеңберге тұрып бүгінгі күнге сәттілік тілейді .Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айт.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді, өнерлеріңді көргісі келеді .Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік. Ол үшін үйірме барысында балалар ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйренеді. Тәрбиеші балаларға «Мен қазір ертегіні оқимын, сендер сәйкес суреттерді көтересіңдер» дейді. Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді көрсетеді. Ертегі кейіпкерлеріне сипаттама береді. Егер бала қателесе, тәрбиеші оқуын тоқтатып, олар мен эпизодтың мазмұнын талдайды, сәйкес суретті көрсетеді. Одан кейін тәрбиеші балалардан суреттерді ертегі желісі бойынша орналастыруларын сұрайды .Балалар тапсырманы орындап болғаннан кейін, тәрбиеші ертегіні тағы да оқиды, балалар сәйкес суреттерді тағыда көтереді. ( және үлкендерге көрсетеді). Үйірме соңында тәрбиеші мынадай ойын	балалар сәйкес суреттерді көрсетеді.

	<p>ұсынады. Ол суреттерді әдейі қате да, балалардан «қай сурет өз орнында. Балалар қонақты қарсы алады. Ертегіні сахалауға дайындалады. Балалар ертегілерді атайды. Балалар сәйкес суреттерді көтереді .Бір суретті алып тастап, балалардан тұрған жоқ» - деп сұрайды</p>	
<b>Рефлексті түзетушілік</b>	<p>Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қойылады. Үздік қатысқан балалар мадақталады.</p>	<p>Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімдерін естеріне түсіреді</p>

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 06.01.2022ж

Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»

Тақырыбы : «Дос іздеген бота» ертегісін таныстыру.

Мақсаты: Ертегі қандай болатындығы, достық жайлы түсіндіріп достыққа тәрбиелеу.

Білімділік: Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту

Дамытушылық: Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу

Тәрбиелік: жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивациялық қозғаушы	Топқа қонаққа бота келеді. Балалармен амандасады Балалар ботамен амандасады	
Ұйымдастырушы кезең	Мұнда қандай әдемі балалар жиналған. Ол балаларға өзіне дос іздеп жүргенін айтып, көмек сұрайды. Тәрбиеші балалардың назарын ботаның әдемілігіне аударады, ол туралы көптеген ертегілердің бар екенін айтады. Бүгін сендер балалар «Дос іздеген бота"атты ертегімен танысасыңдар .Сабақ барысында балалар ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйренеді. Тәрбиеші балаларға «Мен қазірертегіні оқимын, сендер сәйкес көтересіңдер» дейді. Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді көрсетеді. Егер бала қателесе, тәрбиеші оқуын тоқтатып, олармен эпизодтың мазмұнын талдайды, сәйкес суретті көрсетеді. Одан кейін тәрбиеші балалардан суреттерді ертегі желісі бойынша орналастыруларын сұрайды. Балалар тапсырманы орындап болғаннан кейін, тәрбиеші ертегіні тағы да оқиды, ертегіге сәйкес балалар ботаға қарап қызығады. Тәрбиешінің бота туралы әңгімесін тыңдайды. Балалардың назары тәрбиешіге	

	<p>ауады.суреттерді тағыда көтереді. ( және үлкендерге көрсетеді)</p> <p>Сабақ соңында тәрбиеші мынадай ойын ұсынады.</p> <p>Ол суреттерді әдейі қате орналастырады да, балалардан «қай сурет өз орнында тұрған жоқ» - деп сұрайды.</p> <p>Одан кейін ойынды қиындатады.</p> <p>Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды.</p> <p>Бұндай тапсырмалар балалардың сюжетті ашу тізбегін және кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай орналастыруды ұсынады.</p>	
<b>Рефлексті түзетушілік</b>	<p>Ертегі қалай аталады?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ертегіде қандай кейіпкерлер бар ?</li> <li>• Ботаға өзіне дос табуын кім айтты?</li> <li>• Бота ең бірінші дос болайық деп кімге барды?</li> <li>• Бота өзіне дос таба алды ма?</li> <li>• Ертегі немен аяқталды?</li> </ul> <p>Балаларды марапаттау</p>	

**Күтілетін нәтиже:** Бота мен достарын сипаттай алады.

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 13.01.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Дос іздеген бота» ертегісін сахналау

**Мақсаты:** балалардың бота мен оның достары туралы түсініктерін қалыптастыру

**Дамытушылық:** ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелік:** жануарларды қорғауға тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Топқа Айжан қуыршақ келеді. Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші; балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді, өнерлеріңді көргісі келеді. Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік. Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші . Жақсы балалар енді сендер ертегі кейіпкерлеріне бөлініп ойнайық . Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады. Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. Жалғасын тап"м\ы: балалардың ойлауын, тілін дамыту. Тәрбиеші ертегіден үзінді айтады балалар қай ертегіден және жалғасын	Балалар ертегіні сахыналайды.
<b>Рефлекссті түзетушілік</b>	Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық? Белсенді қатысқан балалар мадақталады	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** Ертегіні сахналай алады.

Тексерілді  
Ш. Маулиев

**Күні: 20.01.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы : «Түлкі мен тырна» ертегісі (оқу, талдау)**

**Мақсаты:** Ертегі тыңдап, оқиғаның өрбеуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету

**Дамытушылық:** Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту.

**Тәрбиелік:** Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеуге үйрету.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларға саяхатқа шығатындарын хабарлайды. Балалар саяхатқа дайындалады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші балаларға ертегілер әлеміне ұшатын кілеммен баратындарын айтып, кілеммен ертегілер еліне келеді .Жұмбақ жасыру До « Кім тапқыр» Мақсаты: Балалардың жылдамдығын тапқырлығын анықтау, ой-өрісін дамыту. Өзі қу, жүрген жері айғай да шу. Ол не ? Жұмбақтың жауабы шешілген кезде сиқырлы сандықтан кітапты алып шығады Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін мәнерлеп бірнеше рет оқып береді. Ертегі қалай аталады? Ертегі қандай сөздермен басталады?- Тырна не деп айтты? Ал түлкі қалай жауып береді?- Тырна құтылатын қандай амал табады? Ертегі қалай аяқталды? Сергіту сәті: “Түлкі, түлкі түлкішек”	Түлкі

<b>Рефлексті түзетушілік</b>	Сурет бойынша әңгіме құрастыру , оларды сипаттау. Түлкі суреті қандай? Тырна суреті қандай? Балалардың жетістігін әңгімелеу.	Түлкі қу, ақылды, батыл, әдемі, сұлу, түсі сарғыш. Ол орманда, далада өмір сүреді. Тырна ақылды, әдемі, түсі сұр.
------------------------------	--	---

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

*Тексерілгені*  
*Ж. Молдас*

**Күні:** 27.01.2022ж

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Түлкі мен тырна» ертегісі сахналау.

**Мақсаты:** Балаларды ертегі желісі бойынша айтып бере алуға, сахналай білуге үйрету .

**Дамытушылық:** Балалардың тілдік белсенділіктерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Балалар қобдиша тауып алғанын айтады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	<p>Сиқырлы қобдишаның ішінде «Түлкі мен тырна» ертегісі желісі бойынша суреттер .</p> <p>Тәрбиеші балаларға балалар мынау қандай ертегі.</p> <p>Оның кейіпкерлерін ата?</p> <p>Ертегі не жайлы?</p> <p>Түлкі мен тарна адамнан қалай құтылады?</p> <p>Д/о “Дұрыс орналастыр”</p> <p>Мақсаты: Ертегіні желісі бойынша орналастыра білуге үйрету.</p> <p>Сергіту сәті: «Шымыршық»</p> <p>Шымыршық, шымыршық ата қалай жүреді?</p> <p>Шымыршық, шымыршық апа қалай жүреді?</p> <p>Шымыршық, шымыршық қыздар қалай жүреді?</p> <p>Шымыршық, шымыршық күшік қалай үреді?</p> <p>Шымыршық, шымыршық мысық қалай жуынады?</p>	<p>Балалар суреттерді ертегі желісі бойынша орналастырады.</p> <p>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп мәтінін қайталайды</p>

	Шымыршық, шымыршық тышқан қалай дыбыстайды?Ертегіні сахналау.	
<b>Рефлексгі түзетушілік</b>	Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қойылады	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі сахыналайды.

*Тексерілді*  
*Ж. Мамбетов*

**Күні:** 03.02.2022ж

**Вариативтік компонент:** « Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Алтын балта» ертегісі таныстыру

**Мақсаты:** Балаларға «алтын балта» ертегісі жайлы мағұлмат беріп, білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** Ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ертегіні жандандырып, сөздік қорын арттыру.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші қонаққа Айгүл қуыршақтың келгенін хабарлайды.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.



<p><b>Ұйымдастырушы кезең</b></p>	<p>Балалар қарандаршы Айгүл қуыршақ бізге сыйқырлы сандық әкеліпті  .- Қанекей бұл сандықтың ішінде не бар екенін көрейікші  .Д\О «Ертегі кейіпкерлерін ата?»  Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін табады.  Мынау не? -  Балта не үшін керек? -  Ендеше балалар қазір мен сендерге «Алтын балта» ертегісін оқып берейін.  Баяғыда бір кедей болыпты.  Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.  Біраз отын шауып бола берген кезде, кедейдің балтасының басы ұшып кетіп, қасындағы диірмен тасын айналдырып жатқан суға барып түсіпті.  Кедей диірменші шалға келіп, балтамды алып бер жалынады.  Шал диірменін тоқтатып, суға қолын тығып жібереді де, бір алтын басты балтаны алып шығады.-Мынау ма балтаң?-дейді шал.  Жоқ бұл емес дейді кедей.  -Шал суға екінші рет қолын малып жіберіп, күміс басты балтаны алып шығады да: - Мынау ма балтаң?-дейді тағы да кедейге.  Бұл да емес.  Диірменші үшінші рет қолын суға малғанда, қара темір балта ілігеді.  Сол кезде ғана кедей:  Е, міне мынау менің балтам!-деп оған қолын соза бергенде, диірменші шал оны тоқтатып .Шырағым дүние қоңыз емес ақ пейіл адал жан екенсін.  Сол үшін менен мына балтаны сыйға ал. Оның сен сияқты кедейге тигізер пайдасы көп.  Осы балта қолында тұрғанда, күнкөрісің түзелер, тез-ақ ел қатарына қосыларсың,-деп оған алтын балтаны береді.  Кедей бұл балтаны үйге әкелген күннен бастап, құлшына еңбек етеді .  Алтын балта сиқырлы балта екен, кедей отынды да өндірте жарады.  Сөйтіп ісі оңға басады үйге береке кіреді.  Мұны көрші бай да байқап қалады.  Бір күні ол кедейден мұның сырын сұрайды.  Кедей жасырмай барлық болған оқиғаны айтып береді.  Енді баяғы кедейге бере тұрған қара балтасын ала салып, бай да отынға келеді.  Ол отында шабар шаппастан, шыдамай,</p>	<p>Балалар тәрбиешінің айтқан ертегідегі кейіпкерлерді естеріне сақтауға тырысады.</p>
-----------------------------------	---	--

	<p>балтасын диірмен суына лақтырып жібереді де, алып бер деп диірменші шалға келеді. Шал судан алтын басты балтаны алып шығады. Сол -ақ екен бай:</p> <p>- Менің балтам!- деп тұра ұмтылады. Бірақ диірменші шал оны кеудесінен иітеріп, тоқтатады да:</p> <p>- Қоя тұр, құлқыны тоймаған қу неме! Міне, сенің балтан,- деп байға өзінің темір балтасын алып береді.</p> <p>Бай амалы құрып, үйіне қайтады. Еңбегімен күнелткен кедейді күндеп көре алмай, ішқұса болған бай шаруасына да жөндеп қарай алмапты.</p> <p>Тұрмысының да берекесі кетіпті. Сары ауыру боп ақырында бай өліп тыныпты.</p> <p>Д/О «Қай кейіпкер артық»</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге ойынды қызыға ойнайды. Ертегіде кездескен кейіпкерлерді атайды. Ертегіде жоқ артық кейіпкерлерді атайды.</p>
<b>Рефлексті түзетушілік</b>	Ертегі кейіпкерлері туралы сұрақтар қойылады.	Сұраққа жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді.

*Тексерілді*  
*Ш. Мамбетов*

**Күні:** 10.02.2022ж

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Алтын балта» ертегісі сахналау.

**Мақсаты:** Балаларға алтын балта ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің ісәйімдарын, көрсете алуға үйрету.

**Тәрбиелік:** Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Ертегілер еліне саяхатқа баратынын айтады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.

<p><b>Ұйымдастырушы кезең</b></p>	<p>Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездға отырайық.  Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлер бар екен.  Осы кейіпкерлердің ішінен алтын балта ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық.  Д/о « Таңдап ал да, тап»  Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін таба білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.  Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.  Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер.  Тәрбиеші ертегіні айта бастайды.  Баяғыда бір кедей болыпты.  Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.  Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.  Тәрбиеші келесі үзінді  Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгімелейді.  Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлықын, жүрістұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді</p>	<p>Балалар тәрбиешінің айтқан ертегідегі кейіпкерлерді естеріне сақтауға тырысады</p>
<p><b>Рефлексі түзетушілік</b></p>	<p>Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен танысқандарын сұрап, кейіпкерлерді айтқызады..</p>	<p>Балалар қандай ертегімен танысқандықтары</p>

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

**Күні:17.02.2022ж**

**Вариативтік компонент:** « Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Құмырсқаның серуені.» Оқу, әңгімелеу.

**Мақсаты:** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.

**дамытушылық:** Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту.

**тәрбиелік:** Адамгершілікке, үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларға жәндіктер әлеміне көрмеге баратынын айтады.	Балалар көрмеге баруға дайындалады.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Балалар көрмеге қандай көлікпен барғыларың келеді?Ендеше ұшаққа отырып жәндіктер әлеміне барайық. Тәрбиеші балалар біз жәндіктер көрмесіне келдік. Қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар? Д\о «Қандай жәндік» Мақсаты.Жәндіктердің тіршілік етуін әңгімелеу. Балалар жәндіктерді бақылап , тәрбиеші көмегімен әңгімелейді. Балалар осы жәндіктер туралы ертегі тыңдағыларың келеме? Тәрбиеші балаларды кілем үстіне шақырады. Балаларға құмырсқаның серуені ертегісін әңгімелейді Сергіту сәті: «Құмырсқа» Д\о «Кім не істеді»Ертегі желісін балалрмен бірге әңгімелеу.Балалар енді ұшағымызға отырып тобымызға оралайық.	Балалар тәрбиешінің айтқан ертегідегі кейіпкерлерді естеріне сақтауға тырысады
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	-Балалар қайда қонаққа бардық?- Қандай көлікпен бардық?-Көрмеден қандай жәндіктерді көрдіңдер?-Қандай ертегіні әңгімеледік?Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратады	Жәндіктер көрмесіне бардық. Ара , құмырсқа, көбелек, шегіртке.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілген  
Ж. Топқа

Күні: 24.02.2022ж

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы : «Құмырсқаның серуені» сахналау

Мақсаты: Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру

Дамытушылық: Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту

Тәрбиелік: Адамгершілікке, үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивациялық қозғаушы.	Тәрбиеші балаларға топқа қонақтар келетін хабарлайды.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
Ұйымдастырушы кезең	<p>Есік қағылады. Топқа Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сонау алыс ауылдан келдім, мен сендерге қожын алып келдім Д/о «Танып алда атын айт» Қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар? Мақсаты: Жәндіктердің тіршілік етуін әңгімелеу. Қоржыннан жәндіктердің шапкаларын алады. Ата осы жәндіктер туралы ертегіні әңгімелей бастайды. Білесіңдер ме, балалар? Ертеде құмырсқалар қазіргідей еңбекқор болмапты. Күні бойы қыдырып, одан қалса жатып ұйықтайды екен. Анда –санда аш болмау үшін жұмыс істейді екен. Онда да ерініп шын көңілімен істемейді екен. Олардың біреуі мүлде жалқау екен. Күн сайын ұйқысынан тұрсымен: Аһ, аһ.. Бүгін еш нәрсе істемей қарынымды қалай тойдырсам екен?- деп ойланады екен. Сөйтіп ойланып жүргенде ойына бір нәрсе келіпті. Ее, менің досым бар екен ғой. Күнде солардың біреуіне қонақ болсам ешкімге зияным жоқ . Осылайша әрі қарынымды тойдырам, әрі жұмыс</p>	Бала құмырсқаның

	<p>істемеймін., -деп  Балалар ойынды ойнайды.  Құмырсақа, көбелек, өрмекші,  шегіртке.Құмырсақаеңбекқор жәндік. Көбелек  өте нәзік әрі әдемі жәндік. Олар гүлдердің  үстінде ұшып –қонып жүреді.  .Құмырсақа жолға шығыпты. Бір араның үйіне  келіпті . Есік қағыпты. Есіктің арғы жағынан  «Кім бұл!-деген дауыс шығыпты. Сол кезде  құмырсақа:- Есігіңді аш, бауырым. Мен  құмырсақа бауырыңмын ғой. Бүгін сенің үйіңе  қарынымды тойдыруға келдім.  Балалар , құмырсақа жалқаулықтың өте жаман  нәрсе екенін түсініп, сол күннен бастап  тыным таппай еңбек ететін болыпты.  Сергіту сәті: «Құмырсақа»  Д/о «Кім не істеді»</p>	<p>шапкасын киіп  құмырсақаның іс  әрекетін жасайды.</p> <p>Құмырсақаның  дауыс ырғағын  келтіреді.  Араның қимыл –  әрекетін, мінез  құлқын, дауыс  ырғағын  келтіреді .  Келесі бала  өрмекшінің  әрекеттерін  жасайды.</p>
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратады.	Балалар қуанып қалады.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 03.03.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Мақтаншақ қоян» ертегісін таныстыру.

**Мақсаты:** Ертегегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөзік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың

тәрбиелік маңызын түсіндіру

**.Білімділік:** Ертегіні әңгімелеуге үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың тілін есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** балаларды қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларға хат тасушы апай біздің топқа «Мақтаншақ қоян» ертегісін алып келгені туралы айтады	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Қоян туралы не білесіңдер?-Ол қандай жануар?-Қоян туралы қандай тақпақ, өлең білесіңдер?-Қоян туралы тағы бір ертегі тыңдағыларың келе ме?Тәрбиеші «Мақтаншақ қоян» ертегісін бірінші рет оқып береді. Ертегі желісі бойынша сұрақтар Сергіту сәті:Көлбең, көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Қарға қалай жүреді? Қарға былай жүреді. Көлбең, көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Қоян қалай жүреді Қоян былай жүреді. Дид/ойын: «Ертегіні құрастыр»	Балалар тәрбиешінің айтқан ертегідегі кейіпкерлерді естеріне сақтауға тырысады
<b>Рефлексгі түзетушілік</b>	-Балалар бүгін сендер қандай ертегі тыңдадыңдар? Ертегі кейіпкерлерін атаңдар?	Балалар қуанып қалады.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

*Тексерілді*  
*Ж. Топал*

**Күні:**10.03.2022ж

**Вариативтік компонент:** «Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** «Мақтаншақ қоян» ертегісін сахналау.

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын зейін қойп тыңдауға үйрету.

Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларға қонақ келетінін хабарлайды.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Есік қағып топқа Айша қуыршақ келеді, Балалармен амандасады  -Балалар «Мақтаншақ қоян» ертегісін сахналап берейік.  Тәрбиеші көмегімен сахналайды.  Сергіту сәті:«Қоян тұршы»  Д/о: «Қай ертегінің кейіпкері?» Мақсаты: Ертегілердің кейіпкерлерін ажырта білу. Айша қуыршақ пен қоян рахметтерін айтып кетеді.	Балалар тәрбиешінің айтқан ертегідегі кейіпкерлерді естеріне сақтауға тырысады
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	-Балалар топқа кім келді? - Біз Айша қуыршаққа қалай көмектестік? - Сендерге ұнады ма? Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау.	Балалар қуанып қалады.

**Күтілетін нәтиже:** Балалар ертегі мазмұнының желісін біледі.

Түсінігі бар: Балалардың ертегі жайлы түсінігі бар.



Тексерілгені  
Ж. Т. Т.

**Күні: 17.03.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Күн, ай және әтеш» ертегіні таныстыру.

**Мақсаты:** Балаларды ертегі желісімен толықтай таныстыру.

Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін, ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды щаттық шеңберге шақырады. Балалар, сендермен кездескеніме өте қуаныштымын.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Балалар, сендерге ертегілер елінен сандықша жіберіпті. Ашып көрейік пе? Ішінде не бар екен? Ертегілер елінен «Күн, ай және әтеш» деген ертегіні жолдапты. Ал, ендеше мен ертегіні оқып берейін. Сендер мұқият тындаңдар. Сергіту сәті: Орнымыздан тұраық, Алақанды ұрайық. Бір отырып бір тұрып Сәл демалып алайық Д/о: Кейіпкерлерді тап: мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыту.	Ертегі желісі бойынша көрсетілген суреттерге назарларын аударады
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық? Ертегі қызықты болдыма? Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер. Белсенді қатысқан балалар мадақталады	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді.

Тексерілді  
Ш. Шайқас

**Күні: 24.03.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** Күн, ай және әтеш ертегіні сахналау.

**Мақсаты:** Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды жылулық шеңберге шақырады	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады. -тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді, өнерлеріңді көргісі келеді .Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік .Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші. Жақсы балалар енді сендер ертегі кейіпкерлеріне бөлініп ойнайық. Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады. Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. "Жалғасын тап»	Балалар қонақты қарсы алады. Ертегіні сахналауға дайындалады. Балалар ертегілерді атайды. Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды. Ертегіні сахналайды Балалар ойынды қызыға ойнайды. Жалғасын айтады.
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Айжан қуыршақ балаларға риза болып сыйлығын беріп қоштасып қайтады Балаларды сабаққа жақсы қатысқандарына мақтау айтады	Балалар қуыршақтың сыйлығына қуанып, қоштасады

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Мамбет

Күні: 31.03.2022ж

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы : «Бақша ағаштары» таныстыру.

Мақсаты: балаларға жақсы мен жаманды айыра білуді үйрету.

Білімділік: ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

Дамытушылық: сөздерді дұрыс айтып, өз ойларын жеткізе білу, сөздік қорын молайту тілін дамыту.

Тәрбиелік: ептілікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивациялық қозғаушы.	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады . Балалар шеңбер жасап тұрады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
Ұйымдастырушы кезең	Тәрбиеші ертегілер елінен әдемі кітап келгені туралы айтады. Бұл кітапта бірнеше ертегілер жазылғанекен, мен сендерге «бақша ағаштары» атты ертегі айтып беремін. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай бұталар Үлкен болып өседі. Балалардың назары кітапқа ауады. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, мазмұнын түсінуге тырысады Сергіту сәті Сөздік жұмыс: түп-түзу, қисық .Дойын «Қай ағаштың жапырағы » Мақсаты: Ағаштардың аттарын атап, жапырақтары бойынша ажырата білуге	
Рефлексгі түзетушілік	Біз бүгін не туралы айттық? Ертегі қалай аталады? Сендерге ертегі ұнады ма? Ертегі не жайында айтылған?	Балалар кейіпкерлерді сипаттайды, ертегі мазмұнын айтып береді.

	Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен? Мына ағаш түп-түзу әдемі болса,ал мына ағаш неге қисық өскен екен? Балаларды мадақтау.	
--	--	--

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 07.04.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Бақша ағаштары» сахналау.

**Мақсаты:** ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

**Дамытушылық:** сөздерді дұрыс айтып, өз ойларын жеткізе білу, сөздік қорын молайту тілін дамыту.

**Тәрбиелік:** ептілікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші мен сендерге өткен сабақта «бақша ағаштары» атты ертегі айтып бергенмін. Тәрбиеші балаларды ойландыру мақсатында қисық өскен ағаш қасына күтуші бағбанды қояды, ал түзу ағаш өзі өсіп тұрады Тәрбиеші ертегіні оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан Әкесінің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды. Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды Сөздік жұмыс: түп-түзу, қисық. Дойын «өсімдікке не қажет?» мақсаты: ойлау қабілетін дамыту	Сергіту сәтінде мәтінді қайталап, қимылын көрсетеді Жаңа сөздерді қайталап айтып, мағынасын түсінеді. Балалар суреттің қателігін табады.
<b>Рефлекссті түзетушілік</b>	Ертегі не жайында айтылған? Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен? Мына ағаш түп-түзу әдемі	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілді  
Ж. Мамбет

**Күні: 14.04.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Қызыл телпек» ертегісі таныстыру.

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Дамытушылық:** Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту.

**Тәрбиелік:** Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бір-біріне әдемі тілектер айтуды ұсынады	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші балаларды шеңбер бойымен кілемшеге жайғасып отыруларын сұрайды. Балалар бізге ертегілер әлемінен «Ғажайып қоржын" беріп жіберіпті .Қоржынды ашайық не бар екенін көрейік. Балалар бізге ертегі кейіпкерлерінің суретін беріп жіберіпті. Д\ойын ;Кейіпкерлерінің атын атауға,дұрыс орналастыруға дағдыландыру. - Сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыздар? Мен бүгін "Қызыл телпек" ертегісін оқып берейін зер салып,мұхият тыңдаңдар. .Балаларға ертегі кейіпкерлерінің суретін беріп ертегі желісімен орналастыруды тапсырады.	Балалар қоржынға қуана назар аударады.  Балалар ойынды қызыға ойнап кейіпкерлерді атайды
<b>Рефлексгі түзетушілік</b>	Ертегі желісін өзгертіп кейіпкерлерді орналастырады. .Ертегілердің кейіпкерлерін жасырып қай кейіпкер жоғын тапқызады. Тәрбиеші балалардың бүгінгі жетістігіне мақтау айтып мадақтайды	Балалар қуанып қалады.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді .

Тексерілген  
Ж. Топалбаев

**Күні: 21.04.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Қызыл телпек» ертегісін сахналау.

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын молайту.

Сахналау арқылы тіл байлығын дамыту.

**Тәрбиелік:** Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.

Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бүгінгі күнге тілектер айтуды ұсынады	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады. -тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді, өнерлеріңді көргісі келеді. Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік. -Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады. Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. Айжан қуыршақ балаларға риза болып сыйлығын беріп қоштасып қайтады	Ертегіні сахналауға дайындалады. Балалар ертегілерді атайды. -Қызыл телпек ертегісі. -Анасы көрші ауылдағы әжесіне бәліш апарып кел деп жұмсайды. -Қасқыр кездеседі. Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды. Ертегіні сахналайды Балалар қуыршақтың сыйлығына қуанып, қоштасады.
<b>Рефлекссті түзетушілік</b>	Тәрбиеші балалардан қонаққа кім келгенін, не өтінішпен келгенін сұрайды. Балаларды сабаққа жақсы қатысқандарына мақтау айтады.	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** Ертегіні сахналай алады.

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 28.04.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Түлкі мен ешкі» ертегісін таныстыру.

**Мақсаты:** Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету.

**Білімділік:** Ертегіні әңгімелеуге үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың тілін есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** балаларды қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиешіге балаларға сиқырлы сандық тауып алғанын көрсетеді	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Балалар егер мына жұмбақты шешсеңдер,мына сиқырлы сандық ашылады. Балаларға жұмбақ жасырылады . Сыр сандық ашылып ішінен түлкі мен ешкінің суреттері шығады. Балалар мынау ненің суретті? Енді қазір мен сендерге түлкі мен ешкі ертегісін оқып берейін. Сергіту сәті: Күн сияқты күлейік Жел сияқты соғайық Секіреміз аспанға Отырамыз жерге Д/о: «Үй жануарларын ажырат» Мақсаты: :үй жануарларын ажырата білуге үйрету.	Балалар жұмбақты шешеді Балалар суреттерді атайды Балалар сұраққа жауап береді.  Балалар ертегіні қызыға тыңдайды.  Сергіту сәтін қимылқозғалыс арқылы жасайды.
<b>Рефлексіті түзетушілік</b>	Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?Ертегі сендерге ұнады ма?Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды ,мадақтайды	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді.



Тексерілді  
Ж. Мамбетов

**Күні: 05.05.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** «Түлкі мен ешкі» ертегісін сахыналау.

**Мақсаты:** Балаларды сахналауға үйрету.

**Білімділік:** Ертегіні әңгімелеуге үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың тілін есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** балаларды қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Бұл сабақта тәрбиеші ертегіні үлгі бойынша меңгерген балаларға бір кейіпкер ролін таңдап оны ойнауын ұсынады. Рольдерді анықтау үшін кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль) Ертегіні ойнауда ең маңыздысы балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізу. Жүргізуші ролін атқаратын тәрбиеші мәтінді оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. Д/о: Қай сурет өз орнында тұрған жоқ. Мақсаты: Сурет арқылы ертегі желісін есте сақтауын арттыру	Балалар ролдарді анықтап кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль) балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуге тырысады
<b>Рефлекссті түзетушілік</b>	Балаларға бірнеше сұрақтар қойылады Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды ,мадақтайды	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** : Түлкі мен ешкі ертегісі туралы түсініктері бар.

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 12.05.2022ж**

**Вариативтік компонент: « Ертегілер елінде»**

**Тақырыбы :** « Қолғап» ертегісі.

**Мақсаты;** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын молайту.

**Сахналау арқылы тіл байлығын дамыту.**

**Тәрбиелік:** Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.

<b>Іс –әрекет кезеңі.</b>	<b>Тәрбиешінің іс – әрекеті.</b>	<b>Балалардың іс – әрекеті.</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз . Күлімдеген күндейміз , Еш уайымды білмейміз.	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Енді қазір мен сендерге Қолғап ертегісін оқып берейін. Тәрбиеші балаларға қуыршақ театры арқылы әңгімелеп береді.  Сергіту сәті; Ертенмен күнде мен Киімімді киемін Киімімді тәртіппен, Кию керек білемін.  «Шынжыр» ойыны.	Ертегіні мұқият тыңдайды.  Сергіту сәтін қимылқозғалыс арқылы жасайды.
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Балаларға бірнеше сұрақтар қойылады Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды , мадақтайды	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын түсінеді

Тексерілгені  
Ж. Мамбетов

**Күні: 19.05.2022ж**

**Вариативтік компонент:** « Ертегілер елінде»

**Тақырыбы :** « Қолғап» ертегісін сахыналау .

**Мақсаты:** Ертегіні сахыралауға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың тілін есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** балаларды қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушы.</b>	Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз . Күлімдеген күндейміз , Еш уайымды білмеймі	Балалар қимылдар арқылы өлеңді қайталайды.
<b>Ұйымдастырушы кезең</b>	Топқа Аңшы ата қонаққа келеді.  Ол өзінің қолғабын іздеп жүргенін айтады.  Балалар Қолғап ертегісін еске түсіріп сахыналап қолғапты табуға көмектесетінін айтады . Сергіту сәті:Орнымыздан тұраық, Алақанды ұрайық. Бір отырып бір тұрып Сәл демалып алайық Д/о: Кейіпкерлерді тап: мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыту.	Ертегіні сахалауға дайындалады. Балалар ертегілерді атайды.  Сергіту сәтін қимылқозғалыс арқылы жасайды.
<b>Рефлексі түзетушілік</b>	Балаларға бірнеше сұрақтар қойыладыТәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды ,мадақтайды	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі мазмұнын сахыналайды.

БЕКІТЕМІН

«Бүлдіршін» бөбекжай-балалықшасы

МКҚК-ның меңгерушісі: П. Жүніс

«Балауса» ересектер тобының

«Ұлттық тәрбие» вариативтік компонентіне

тақырыптық жоспар. 2021-2022 оқу жылы

1	Сәлемдесу туралы	1	06.09.2021
2	Дастархан басындағы әдептілік	1	13.09.2021
3	Қайырымды бала	1	20.09.2021
4	Сыпайылық туралы	1	27.09.2021
5	Қонақ күтіп алу.	1	04.10.2021
6	Қонақтарды шығарып салу	1	11.10.2021
7	Қонақ күтудегі дәстүрлер.	1	18.10.2021
8	Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі	1	25.10.2021
9	Мақал – мәтел және әдептілік.	1	01.11.2021
10	Сөздің көркі мақал.	1	08.11.2021
11	Мен ұқыпты баламын	1	15.11.2021
12	Ізгілік сөздер туралы	1	22.11.2021
13	«Көшеден өту».	1	29.11.2021
14	«Көліктер».	1	06.12.2021
15	«Телефон»	1	13.12.2021
16	«Отаным алтын бесігім	1	20.12.2021
17	Жаңа - жыл	1	27.12.2021
	Барлығы:	17	

БЕКІТЕМІН

«Бүлдіршін» бөбекжай-балалық бекеті

МКҚК-ның меңгерушісі: П. Жүніс

«Балауса» ересектер тобының «Ұлттық тәрбие»  
вариативтік компонентіне тақырыптық жоспар.

1	Сұлулық туралы.	1	10.01.2022
2	Мейрімділік	1	17.01.2022
3	Ұлттық жиһаздар	1	24.01.2022
4	Үлкенге құрмет	1	31.01.2022
5	Бір шаңырақ астында	1	07.02.2022
6	Біз тату баламыз	1	14.02.2022
7	Ертегіде қонақта	1	21.02.2022
8	Хош келдің Әз-Наурыз	1	28.02.2022
9	Менің туыстарым	1	09.03.2022
10	Ұлттық тағамдар пайдасы.	1	14.03.2022
11	Ас атасы нан	1	28.03.2022
12	Мен көмекшімін	1	04.04.2022
13	Көрегенді көшеде	1	11.04.2022
14	Менің елім - Қазақстан	1	18.04.2022
15	Астана бас қала	1	25.04.2022
16	Жаңылтпаш жаттау	1	03.05.2022
17	Туған күн	1	11.05.2022
18	Отбасындағы тәрбие	1	16.05.2022
19	Ұлттық салт-дәстүр.	1	24.05.2022
	Барлығы;	19	

Тексерілді  
Ж. Нұрғалиев

**Күні:** 06.09.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Сәлемдесу туралы

**Мақсаты:** Балаларды, құрбы-құрдастармен, балабақша үлкендерімен сәлемдесу, ізеттілік туралы түсінік беру, құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Жылулық шеңбері -Балалар бүгін сендер қандай әдемі болып кеткенсіңдер! -Қане бір-біріңе жылы сөздеріңді айтып, жылы лебіздеріңді білдіріңдерші.	Амандасып бір-біріне гүл сыйлап, жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Жарайсыңдар, сендермен қызықты да көңілді серуен жасаймыз. Топтың әр бұрышында әртүрлі кейіпкер бейнесіндегі балалар отырады. Балалар олардың қасына келіп: -Сәлеметсіңдер ме, қош келдіңіздер біздің балабақшаға !-деп балалар барлық қонақтарға барып сәлем береді. Ондағы отырған қонақтар: Амансыңдар ма балалар, өркендерің өссін!-деп сәлемдерін алады. -Көлікпен аман жеттіңіздер ме ? -Рахмет балалар, жақсы келдік. -Балалар қоштасқанда не деу керек? -Ас келгенде, ас болсын десе сендер не дейсіңдер? Жарайсыңдар, үлкендерді, көршілерді көрсендер міндетті түрде амандасыңдар!	Балалар екі топқа бөлініп құрбы-құрдастармен, Үлкендермен ізеттілік туралы ойын ойнады.
Рефлексивтік түзетушілік.	-Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? -Не үйрендіңдер? не түсіндіңдер? Балаларды мақтап мадақтау.	Сау болыңыздар! Рахмет  Ия ұнады. Сәлемдесуді үйрендік.

**Нені игерді:** құрбы-құрдастармен, балабақша үлкендерімен сәлемдесу, ізеттілік, құрмет сезімдері туралы біледі.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

Күні: 13.09.2020

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>-Балалармен «Дастархан» ойынын ойнау, дастарханды сәнді етіп дайындап қуыршақтарға тамақтану әдебін сақтауды үйрету. Балаларды қонжық, жанат, торғай, тышқан, түлкі кейпіне киіндіріп ойынды жүргізу.</p> <p>-Ойын барысында Жанаттан басқа жануарлар қолдарын жумай дастархан басына келіп отырып тамақ жей бастады.</p> <p>-Кім өзін дастархан басында қалай ұстады?</p> <p>-Кім тәртіпсіз болды?</p> <p>-Қонжық аю баласы.</p> <p>Алтын ақылдар:</p> <p>-Дастархан басында кешікпеген жөн. Күттірмей бірден келу керек.</p> <p>-Тамақ ішерде бәріне дастархан басында «Ас болсын!» деп тілек білдіру қажет.</p> <p>-Ас алдында қолды жуу керек!</p> <p>-Ас үстінде көп сөйлемей керек!</p> <p>-Жантайып, қисайып отыру, табаққа төне түсу, үстел үстіне шынтағыңды қою жараспайды.</p> <p>-Балалардың білімін сұрақтар арқылы кеңейту. Тамақтану мәдениетін сақтауды үйрету.</p>	<p>Балалар ойын ойнайды.</p> <p>Қонжық, Торай, Тышқан, Түлкі.</p> <p>Көп сөйлемей, күлмей керек.</p> <p>Тамақ ішер кезде, енді сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені, елемейміз, білмейміз!</p>

**Нені игерді:** Дастархан басында отыру мәдениетін біледі.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

**Күні:** 20.09.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Қайырымды бала

**Мақсаты:** Өзгелерге көмектесу, мейірімділік, қайырымдылық туралы түсінік беру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>-Күнді көрсендер қалай қуанасыңдар? Қуан шаттан алақай Қуанатын күн қайда Қайырлы күн, қайырлы таң Келіп шықты күн бүгін. -Балалар бізге қонаққа Бота келді. Ботаның досты қалай тапқаны туралы ертегіні көріп тамашалаймыз. «Дос іздеген Бота» - деген ертегіні кейіпкерлерге бөліп ойнату. -Балалар Бота досты қалай тапты? Анасы досты табу туралы кеңес айтыпты. Досты жан тазалығымен, адамдығымен таңдау керек. -Балалар «Кім тапқыр» ойынын ойнаймыз. Дос туралы мақал – мәтелдер айтамыз. -Жақсы дос үшін жан пида. -Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын. -Дұшпан күлдіріп айтады, Дос жылатып айтады. Өзгелерден өзіңе қандай қарым-қатынас қаласақ сенде оларға жақсы қарым қатынас жаса. -Балалардың білімдерін сұрақтар қою арқылы кеңейту. Балаларды мақтап мадақтау.</p>	Алақай!  Ертегіні рөлдерге бөлініп ойнайды.  Балалар достық туралы мақал – мәтел айтады.

**Нені игерді:** Өзгелерге көмектесу, мейірімділік, қайырымдылық туралы түсініктерді біледі.



Тексерілді  
Ж. Мамбетов

**Күні:** 27.09.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Сыпайылық туралы

**Мақсаты:** Балаларды сыпайылыққа мәдениеттілікке тәрбиелеу. Сыпайы сөздерді қолдана білуге үйретеміз.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	-Балалар сендермен қазір бір ойын ойнаймыз. Ол ойын: «Ғажайып сөздер» деп аталады. Ойын: Балалар қол ұстасып дөңгелек болып тұрады. Бір ойыншы ортаға шығады. Ортада сыртқа шығу үшін, ортадағы ойыншы дөңгелекте тұрған бір ойыншыны таңдап алып оған сондай әдемі оған сондай әдемі, жылы сөздер айту керек. Ол сөздерге сенген ойыншы оны ортадан сыртқа шығарады. Егер ол бала оның сөзіне сенбесе одан да сыпайы сөздерді келесі балаға айтып дөңгелектен шығуға тырысады. Ойынды екінші бала жалғастырады. -Келесі ойын: «Сыпайылық қадамдары». Мен сендерге сұрақ қоямын ,ал сендер сыпайылыққа жататын қылыққа қол соғасыңдар, жатпайтын сөзге қол соқпайсыңдар. -Үлкеннің сөзін бөлген бала сыпайы болама? -Ойыншығын бөліспейтін балаше? -Үлкендерге бірінші болып сәлем беретін бала ше? -Жарайсыңдар сендер ойындар арқылы сыпайы сөздер біліп алдыңдар. -Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар «Ғажайып сөздер» ойынын қызықты ойнады.          Қол соқпайды. Қол соқпайды. Қол соғады.  Қол соғады.

**Нені игерді:** Балалар сыпайылық туралы біліп алды.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

**Күні:** 04.10.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Қонақ күтіп алу.

**Мақсаты:** Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	- Балалармен қуыршақтармен қонақты сыйлау рәсімін ойнау. Қонаққа Қазбектің үйіне екі жолдасы Сұлтан мен Алмас келеді. Қазбек балаларға кітаптарын көрсетіп, музыкалық аспапта ойнап береді. Одан соң балаларды асқа шақырып тәтті торт пен жемістер береді. Одан соң Қазбектің мамасы қуыршақ театрын ойнауды ұсынады. Ал, балалар қалулары бойынша ойын ойнады. -Балалар сендер қонақты қалай күтіп аласыңдар? -Қазбек қонақтарын қалдай күтіп алды сендерге ұнады ма? -Қонақтар өздерін жақсы сезіне алдыма? -Шақырылған қонақтардың көңілді отыруын қарастырыңдар. -Қонаққа беретін сый- сыйапатты ұмытпаңдар. -Үй иелерін көп күттіріп қойма? Шақырылған уақытында бар.	Балалар қонақтарды қалай күтіп алуларын білді.  Ойыншақтарымызды береміз Жақсы Ия Жақсы бала
Рефлексивтік түзетушілік.	-Өздерінде ұзақ отырып қалмаңдар. -Балалар қонақтар бір – бірін танымаса оларды бір – біріне таныстыруды ұмытпаңдар. -Сендер не үйрендіңдер? -Сендерге Қазбектің әрекеті ұнады ма? -Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар алтын ақылды біліп алды.  Қонақ күтуді. Ия әрине ұнады.

**Нені игерді:** Қонақтардың көңілін көтеру керектігін, қонақты жақсы күтіп алу керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Топалбаев

**Күні:** 11.10.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Қонақтарды шығарып салу.

**Мақсаты:** Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	«Қонақта» өлеңі. Көтереміз көңіл біз Ертегілер елінен Бүгін біздің тойға Олар түгел келіпті Қасқыр шаппай қойға Құшыпты Аю Елікті Барыс, Қоян, Түлкі Қастықты енді білмесін Аю, Қабан, Кірпі Қол ұстасып билесін. -Балалар бұл жердегі қонақ аңдар бір – бірімен достық қатынаста. Олар бір – бірімен жақсы таныс орман тұрғындары. -Балалар сюжеттік – рөлді ойын ойнайды. Ол үшін түрлі орталықтар құрылады. Қонақ иесі ақылды қонақ болып Үкі болып қонақ қабылдайды. Бір орталықта қонақтарға ән айтып берілсе, екінші орталықта түрлі ойындар ойналды. Ал үшінші орталықта түрлі үстел үсті театры ойналады. Қонаққа келген балалар рахметін айтып қонақта өте қызық болғанын айтып қоштасады. -Сендердің үйлеріңе де қонақтар келген бе? -Қонақ келсе қызық бола ма? -Ия олармен ойнайсыңдар, оларды көңілді етіп шығарып саласыңдар. Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар өлеңді мұқият тыңдады.  Ертегіде ғана аңдар бос болатынын біледі.  Балалар сюжетті рөлді ойынды қызықты ойнады.
Рефлексивтік түзетушілік.		Ия  Өте қызық болады.

**Нені игерді:** Қонақтардың көңілін көтеру керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Топалбаев

**Күні: 18.10.2021 ж**

**Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие**

**Тақырыбы: Қонақ күтудегі дәстүрлер.**

**Мақсаты:** Балалардың қонақ күту жайы білімдерін тиянақтап әдептілікке, адамгершілік қасиеттерге баулу тілдерін дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет Кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушы- лық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	-Балалар залда отырып сәлемдеседі. «Қазақтың дәстүрлері ай» - әнімен сабақты бастайды. -Балалар, біз қандай ән тыңдадық? -Біз қандай дәстүрлерді білеміз? Кім айтады? -Осы дәстүрлердің осы тойлардың ең құрметті, ең сыйлы адамдары кімдер? -Қонақ күтудің сан алуан түрлі себептері бар олар нелер? -Қонақ келгенде... -Бұдан кейін? -Қонаққа дастархан жайып... -Дастарханға... -Ал қонақ күтуге дастарханымыз дайын, ал қонақты шығарып салу кезінде жол жоралғы ретінде сыйлық ұсынуымыз керек. Олар нелер екен? -Балалар қонақтарға зергерлік бұйымдар беруге де болады. -Қане бәріміз ермексазбен зергерлік бұйымдар мүсіндеп көрейікші. сол бұйымдарды қонаққа береміз. «Қазақы дастарханым» әнімен сабақты аяқтайды. -Балалардың еңбегін мақтап мадақтау. -Сұрақтар арқылы балалардың білімдерін шыңдау, кеңейту.	Қазақтың дәстүрлері туралы. Бесікке салу, ат қою, тұсау кесер, сүндетт той т.б Қонақтар.  Амандасамыз, көрпеше төсейміз, төрге шығарып нан қоямыз.  Қамшы, айырқалпақ, камзол, орамал, тақия.  Балалар мүсіндеді.

**Нені игерді:** Қонақ күтудегі дәстүрлерді біледі.

Тексерілді  
 Ш. Мамбетов

**Күні:** 25.10.2021 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі

**Мақсаты:** Тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруді үйретуді жалғастыру.

Жиһаз атауларымен таныстыру. Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.

Достарының, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тындауға тәрбиелеу. .

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p>	<p>Арайлап таң атты                      Алтын сәуле таратты                      Жарқырайды қаламыз                      Жайнай түсті даламыз                      Қайырлы таң балалар!                      Қайырлы таң апайлар!</p> <p><b>Ғажайып сәт:</b>                      Балалар бүгін қонаққа кім келді?                      Музыка әуенімен қуыршақ билеп кіреді                      Сәлеметсіңдер ме балалар?                      -Балалар мен қуыршақ боламын.                      -Қуыршақ қош келдің, біз бүгін балалармен Айгерімнің бөлмесі туралы оқу іс-әрекетін өтіп жатырмыз, сенде қатысқың келеді ма?                      -Ой қандай жақсы болды менде қатысайыншы? Балалар қуыршаққа ойыншық туралы тақпақ айтып береміз бе?                      -Балалар Айгерімнің өз бөлмесі бар екен. Қане қараңдаршы?                      -Бөлмесі қандай?                      -Бөлмесінде не бар екен?                      -Дұрыс жиһаздар, орындық, үстел, керуерт.                      Біздің топта үстел бар ма?                      -Біздің топта шкаф бар ма?                      -Балалар, сендердің бөлмелерінде қандай жиһаздар бар?</p>	<p>Арайлап таң атты                      Алтын сәуле таратты                      Жарқырайды қаламыз                      Жайнай түсті даламыз                      Қайырлы таң балалар!                      Қайырлы таң апайлар!</p> <p>Ойыншықтарым көп менің,                      Бәрін жақсы көремін                      Кешке дейін жалықпай                      Олармен ойнап жүремін.                      Жиһаздар, орындық, үстел, керуерт.                      Ия, көп жиһаздар бар.</p> <p>Жиһаздар бар                      Балалар ойын ойнайды</p>
<p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Әйгерімге не керек дидактикалық ойыны:                      Балалар өздеріне берілген ойынды пайдалана отырып Әйгерімге не керек екенін табуы керек.</p> <p>Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесінде қандай жиһаздар бар екен?</p> <p>Сұрақ-жауап арқылы оқу-іс әрекетін қорытындылау.</p>	<p>жиһаздар, орындық, үстел, керуерт  <b>Билингвальды компонент:</b>                      Жиһаз-мебель,                      Үстел-стол,                      Орындық-стул.</p>

**Нені игерді:** Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі.









Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 22.11.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Ізгілік сөздер туралы.

Мақсаты: Балаларды күнделік тұрмыста пайдаланатын ізгілік сөздерді пайдалана білуге үйрету.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік	<p>-Топқа дауласа ойыншыққа таласып екі бала келеді.</p> <p>-Тәрбиеші балалар мына не шу?</p> <p>-Самат: Мынау менің ойыншығым.</p> <p>-Марат: Мынау ойыншығымды маған бермей жатыр. Тәрбиеші балаларға қарап: Балалар мынау Самат пен Марат тіптен бізбен сәлемдесуді де ұмытты ғой. Бұл жарамады. Кәне бірінші бір-бірімізбен сәлемдесейік. Сосын дауды да шешерміз.</p> <p>-Сәлеметсіңдер ме балалар. Үлкен адамдармен «Сәлеметсіз бе» деп, ал аға-аталарымен «Ассалаумағалейкум, ата» деп амандасымыз. Біздің атамыз сендерге балабақшаға жаңа келгендеріңмен құттықтап сендерге ойыншықтар мен кітаптар алып келіпті.</p> <p>-Ойыншықтарды серуенге шыққан кезде аласыңдар. Ал атаның әкелген кітабын ашып сендерге оқып берейін.</p> <p>«Не деу керек»-өлеңі.</p> <p>Апам маған базардан, Алма сатып әперді. Ең үлкенін, қызылын, Маған таңдап әкелді.</p> <p>Не деп барып жеу керек?</p> <p>-Жарайсыңдар.</p> <p>-Балаларды мақтап, мадақтау.</p>	<p>Әңгіме бойынша әрекет етеді.</p> <p>Сәлеметсіз бе апай.</p> <p>Рахмет ата.</p> <p>Рахмет айтып жеу керек.</p>
Рефлексивтік түзетушілік		

Нені игереді: Ізгілік сөздер туралы біледі.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

**Күні:** 30.11.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Көшеден өту».

**Мақсаты:** Балалардың есіне көше тәртібі ережелерін қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	-Балалар мына суреттерде кімдер бейнеленген? Ондағы ит, қарға басқа жан-жпнуарлар немен айналысуда? -Осы беттегі суреттерге Ермек аға мынадай өлең жолдарын арнапты. Қане, оқып көрейік. Тыңдағыларың келе ме?	Сұрақтарға жауап қайтарады.  Ия.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Бүгін де, кеше де Дәл біздің көшеде Көрдік бір ағаның Жүрісті реттеп Тұрғанын күзетте Таяғын: «Жүр! Кідір!» Деп, нұсқап, сермеді Машина бірде-бір Оныңсыз жүрмейді. Өлең не туралы айтылған? -Мына суретте Тұрабай деген бала бағдаршамның бұйрығын орындамапты. Көшеде балаларға көмекші қызметін атқаратын тағы да біздің көмекшілеріміз бар. Мынау көше тәртібін сақтауға арналған белгілер.	Тақпақты мұқият тыңдады.  Бағдаршам Жолды үлкендермен кесіп өткен дұрыс екенін білді.
Рефлексивтік түзетушілік.	Алтын ақылдар: -Әрқашан абай бол! -Өздерің танымайтын, білмейтін жандардың машинасына отыруға болмайды. Балаларды мақтап мадақтау.	Жолды ешқашан жүгіріп өтуге болмайды.  Балалар келісті.

**Нені игерді:** Көше тәртібі ережелерін қалыптастыруды біледі.

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 07.12.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: «Көліктер».

Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>-Балалар, мына суреттен не көріп тұрсыңдар?</p> <p>-Көліктермен кімдер ойнайды? Бүгін сендермен көлік түрлерімен танысамыз.</p> <p>-Мынау жүк көлігі. Бұл көлікпен тас, құм, топырақ тасиды. Ол гүрілдейді.</p> <p>-Мынау автобус. Автобуспен адамдарды тасиды. Ол қоғамдық көлік болып есептеледі.</p> <p>.Көліктер жолдың шетіне шық дегенді білдіріп «Бип-Бип-Бип» деп белгі береді.</p> <p>-Мынау жедел жәрдем көлігі. Бұл көлікті басқа көліктер кезек күттірмей өткізіп жібереді. Жедел жәрдем көлігі екенін білдіретін төбесінде қондырғысы бар.</p> <p>-Бұл өрт сөндіруші көлік. Көліктің түсі қызыл түсті болады. Олардың ұзын басқыштары мен өрт сөндіруге арналған су шашатын шлангалары бар. Бұл көлік те жылдам жүреді. Себебі өртті тез сөндіру үшін жылдам уілдеп жүреді.</p> <p>-Көліктердің пайдасы барар жеріне тез жеткізеді.</p> <p>-Ал зиянды жағы көліктерден бөлініп шығатын газдары мен түтіндері ауаны ластайды.</p> <p>-Ауаны тазарту үшін ағаштар мен гүлдер отырғызылады.</p>	<p>Көліктерді көріп тұрмыз.</p> <p>Ұл балалар ойнайды.</p> <p>Гүр-гүр-гүр- дейді.</p> <p>В-В-В-В- деп қайталайды.</p> <p>Бип-Бип-Бип-деп қайталайды.</p> <p>Дені саудың-жаны сау!</p> <p>Сақтықта -қорлық жоқ!</p> <p>Олар табиғатқа таза ауа береді.</p>

Нені игерді: Көліктердің түрлерін ажыратуды біледі.

Тексерілді  
Ж. Мама

**Күні: 14.12.2021 ж**

**Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие**

**Тақырыбы: «Телефон».**

**Мақсаты:** Байланыс қызметі түрлерімен таныстыру.

Ой-өрісін, сана-сезімін, дүниетанымын

дамыту. Мейірімділікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	Балалармен амандасып, құрал-жабдықтарын алғызып, сабаққа назарын аудару. Балалар адамдар бір-бірімен байланысқа шығу үшін не керек? -Дұрыс бүгін қандай байланыс қызметтері бар соны өтеміз. Балаларды жақын жерде орналасқан байланыс қызметінің мекемесіне апарып, олардың түрлерімен мамандық иелері аттарымен таныстыру. Байланысшы, хат тасушы, телеграмма қабылдаушы т.б. Сабақ барысында тәрбиеші балаларды қосымша телефон-телеграф, радио, почта т.б. байланыс түрлерімен таныстыру. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет екендігі туралы айтады. «Почташы». Ойын барысында балаларды үлкендермен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, әдептілікке, тәрбиелеу. Әй, телефон, телефон Мамам келіп бұраса Кім керегін сұраса. Тез шақырып келесі, Айтқанына көнесің. Әй, телефон, телефон, Ал мен келіп бұрасам, Кім керегін сұрасам, Тыңдамайсың бірін де, Гүлдейсің, мұның не? -Бүгін қандай тақырып өттік? - Адамдар бір-бірімен байланысқа шығу үшін не керек? Сабаққа жақсы, белсенді қатысқан баланы мадақтау.	Жұмбақтың шешуі: Телефон.  Ойын ойнайды.  «Телефон» Ө.Ақыпбеков оқып беру  «Телефон» сымтетігі жайлы әңгімелестік.

**Нені игерді:** Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет екендігі туралы айтады.

Тексерілді  
Ж. Топалбаев

Күні: 21.12.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: «Отаным алтын бесігім».

Мақсаты: Балаларды өз Отанын қорғауға, қастерлеп сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу. Отан туралы түсініктері кеңейту.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Шаттық шеңбері Отан деген –атамекен Отан деген-туған жер Отан-ана,Отан-үлкен, Қазақстан-туған ел!	Балалар шаттық шеңбер құрды.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Отан-біздің сүйікті отбасымызбен бірге тұратын үйіміз,туған жеріміз,ауылымыз,қаламыз,айналаны қоршаған табиғатымыз. Біздің Отанымыз-Қазақстан. -Қ.Р ның астанасы қай қала? -Қ.Р ның Президенті кім? -Рәміздерді атап беріңдерші?  Дидактикалық ойын: «Қай қала екенін тап?».Шарты: Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады.Туған жеріміздің,таза ауасын,әдемі гүлдерін,сайра,ан құстарын көз алдымызға елестетеміз.Туған өлкеміздің табиғаты қандай тамаша! Көзімізді ашамыз.Туған жеріміз туралы ойымызды әңгімелейміз.	Отан-отбасынан басталады.  Астана қаласы Н.Ә.Назарбаев Елтаңба,әнұран,ту
Рефлексивтік түзетушілік.	Сергіту сәті Төскейден жел еседі Төбемнен бұлт көшеді Туған жерім мен үшін Көк майсасын төседі. Қ.Р сы-біздің сүйікті Отанымыз! Қазақстан-өте үлкен.бай республика. Жері байдың-елі бай!	Балалардың бойлары серігіп қалды.

Нені игерді: Туған өлкеміздің табиғаты қандай тамаша екенін біледі.

Тексерілді  
Ш. Мамбетов

Күні: 28.12.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Жаңа жыл

Мақсаты: Балаларға шырша мерекесі арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау. Жаңа жыл мерекесіне дайындықтарын бақылау.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	- Сәлемдесу. Қонақ күту салтымыз, Оқып біліп жатырмыз. Келген қонақ сіздерге, Сәлем бердік жалпымыз. Ұранымыз! Бір, екі, үш, Отырамыз тып тыныш. Жалқаулықты тастаймыз, Сабақты біз бастаймыз. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыста далада қандай өзгерістер болады? -Қыста қандай мереке бар? -- Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдер ме? - Ал жаңа жыл мерекесінде не міндетті түрде болу керек? -Шыршаны қайдан алуға болады? -Мерекеге шыршаны дайындау үшін не істейміз? Жұмбақ шешу. Тікен – тікен тік пісте, Қысы – жазы бір түсте. Ол не?( Жақында Жаңа жыл мерекесі болады. Ортада шырша тұрады, әсем етіп безендіріледі. Онда көптеген ойыншықтар болады, сол ойыншықтарды қағаздан кийіп та жасауға болады екен, балалар. Мультфильм көру «Маша мен аю». Әр бала өз ойын айтады. Мұқият, қызығушылықпен тыңдайды. Түсінгендерін әр бала әңгімелеп береді. . Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бекіту.	Қонақ күту салтымыз, Оқып біліп жатырмыз. Келген қонақ сіздерге, Сәлем бердік жалпымыз. Ұранымыз! Бір, екі, үш, Отырамыз тып тыныш. Жалқаулықты тастаймыз,  Сабақты біз бастаймыз. Балалар сұрақтарға жауап береді  Шырша Сұрақтарға жауап береді  Суретке қарап тамсанып отырады <b>Билингвальды компонент:</b> Шырша-Елка Жаңа жыл-Новый год
Рефлексивтік түзетушілік.	Балаларды мақтап мадақтау. Балаларға жұлдызшалар тарату. Сұрақтарға жауап береді.	

Нені игерді: Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі.

Тексерілді  
Ж. Таштөле

Күні: 10.01.2022ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Сұлулық туралы».

**Мақсаты:** Сезім мүшелеріміз арқылы сезінеміз: пішін мен түсті -көзбен көру арқылы, дыбысты есту арқылы, иісті- мұрын арқылы сезінетінімізді үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>« Сұлулық деген не?»</p> <p>Көбінесе біз сұлулық деп сыртқы сұлулықты айтамыз. Бұны біз сезім мүшелеріміз арқылы сезінеміз: пішін мен түсті -көзбен көру арқылы, дыбысты есту арқылы, иісті- мұрын арқылы, денеміздің бір жерге жанасқанын түйсік сезімі арқылы сезінеміз. <b>«Ұрық» аңызы:</b> Бір күні әйел түс көреді. Түсінде құдай дүкен ұстап тұрады.</p> <p>-Құдай ,бұл сен бе? - дейді ол қуанышты үнмен.</p> <p>- Иә, бұл мен, -деп жауап береді Құдай.</p> <p>-Сенен не сатып алуға болады?- деп сұрайды әйел.</p> <p>-Менде бәрі бар-деген жауап естіледі.</p> <p>-Ондай болса, маған денсаулық, бақыт, сұлулық, махаббат, табыс, көп ақша берші.</p> <p>-Құдай жымияды да, сұраған нәрселерді алып келуге кетеді. Көп ұзамай ол кішкентай қорап әкеледі.</p> <p>- Бар болғаны осы ма?! -дейді әйел бір жағынан таңданып, бір жағынан көңілін су сепкендей басылып.</p> <p>-Иә, бары осы-деп жауап береді Құдай. Менің дүкенімде тек ұрықтар сатылатын білмедің бе?</p> <p>-Мұнда бәрін сатып ала алмайсың. Оны өзің өсіруің керек.</p> <p>Әр адам -өз бақытының құрлысшы - сы, деп жауап береді. Қорытындылау.</p>	<p>Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Балаларды аңызды қорытындылап «бақыт өз қолдарында» екенін түсіндіру.</p> <p>Әр күндеріңді жақсы көңіл-күймен бастаңдар!</p> <p>Балаларды мақтап мадақтау.</p>

**Нені игерді:** Сұлулықты-сезім мүшелеріміз арқылы сезінетіндерін біледі

Тексерілді  
Ж. Топтаев

Күні: 17.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Мейірімділік.

**Мақсаты:** Мейірімділік дегеніміз не, кімдерді мейірімді деп атаймыз, мейірімділікті қаталдық, қатыгездікпен салыстыра отырып түсіндіру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Топта музыка ойнап тұрады. Балалар осы музыкада сендерде қандай сезім пайда болды? -Балалардың жауабынан соң тәрбиеші балаларға музыка бойынша сурет салуды ұсынады. Суреттерін салып болған соң балалар әр қайсысы әңгімелеп береді. Балалар одан соң түрлі жағымды музыкалар тыңдап олар туралы айтып береді. -Мейірімділік дегенде не түсінесіңдер? -Ия, кішілер жыласа оны жұбатамыз. -Киімдерін кие алмаса, оларға көмектесеміз. -Қарны ашып жылап жатса оларға нан әкеп береміз. -Үсті басы кір, лас болса оның киімдерін ауыстырамыз. -Балалар күн ана өзінің мейірім шуағын төгіп біздің бетімізге, саусақтарымызға алақанымызға мейірім шуағын төгеді.	Мейірімділік қасиеттерін музыка арқылы сезінеді.  Бір – біріне жанашырлықты түсінеміз.
Рефлексивтік түзетушілік.	-Аналарың да отбасындағы адамдарда сендерге мейірім шуағын төгеді. -Балалар сендерге бүгінгі сабақ ұнадыма? -Балалардың білімдерін сұрақтар беру арқылы кеңейту. -Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар күн ананың шуағын төгу арқылы күнді бейнеледі.  Ия

**Нені игерді:** Әдепті, мейірімділікті қаталдық, қатыгездікпен салыстыруды біледі.



Тексерілді  
Ш. Мамбетов

Күні: 24.01.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Ұлттық жиһаздар.

Мақсаты: Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыруды, ұлттық жиһаздармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Балалар бүгін біз ұлттық жиһаздармен танысамыз.</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. <i>Абажа</i>-ас, тағам салуға, арналып жасалған сандықтың (кебеженің) үлкен түрі.</li><li>2. <i>Абдыра</i>-киім – кешек, әр түрлі бұйымдар салатын үлкен сандық.</li><li>3. <i>Ағаш төсек</i>-жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы.</li><li>4. <i>Адалбақан</i>-киім және тағы басқа үй мүліктерін ішуге арналған жиһаз.</li><li>5. <i>Асадал</i>-тамақ пен ыдыс – аяқ сақтауға арналған үй жиһазы.</li><li>6. <i>Бөгіре</i>-кішкене қол сандық (шай жабдықтары үшін).</li><li>7. <i>Жағылан</i>-былғарыдан істелген сандық.</li><li>8. <i>Жозы</i>-жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа үстел.</li><li>9. <i>Жұқаяқ</i>-жүк астына қоятын төрт аяқты бұйым.</li><li>10. <i>Кебеже</i>-ас, тағам салуға арналып, ағаштан жасалған үлкен сандық.</li><li>11. <i>Сандық</i>-әр түрлі бұйым салуға арналып, ағаштан не металдан жасалатын үй жиһазы. Қазақтың киіз бұйымдары Киіз басып, одан алуан түрлі дүние-бұйымдар жасау қазақтың ең ежелден келе жатқан қолөнері. Киізбен үйді жапқан, жерге төсеген, керегеге керген. Сол киізден кебеже, сандық қаптайтын әбдіреқаптар, ыдыс-аяқ салатын аяқ-қаптар жасаған. Одан кебенек, киіз қалпақтар мен киіз байпақ тіккен. Балаларды мақтап-мадақтау</li></ol>	<p>Алақай!</p> <p>Балалар шаттық шеңберін жасады</p> <p><i>Киіз</i> – ақ немесе басқа түстерден басылған, киіз үйдің жабуына қажетті туырлықтар, түндіктер және шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасайтын жұмсақ жүн екенін біледі.</p> <p><i>Текемет</i> – киіз үйдің ішіне төселетін жайма киіз екенін біледі.</p> <p><i>Сырмақ</i> – басылған киіздің бетіне екі түрлі өрнек, бояумен жиектеліп, жұқа жүннің үстіне матамен сырылып жасалатын төсеніш кілем екенін біледі.</p> <p><i>Сырдақ</i> – киіздің үстіне алуан түсті жүн жіптермен кестеленіп тігілген төсеніш кілем, тұс киіз – киіздің үстіне барқыт қиындыларымен жапсырыла тігіліп, өрнектелген қабырғаға ілетін кілем екенін біледі.</p>

Нені игерді: Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыру керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Топалбаев

Күні: 31.01.2022ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие..

**Тақырыбы:** Үлкенге құрмет-кішіге ізет.

**Мақсаты:** Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету. Өзара сыйластық қарым - қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру; жағымды қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту; жақсылыққа, имандылыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Кәне, балалар бәріміз бір - бірімізге жақсы тілек тілеп бастайық! (Жүректен-жүрекке) <i>1. Әдепті бол!</i> <i>2. Мейірімді бол!</i> <i>3. Кішіпейіл бол!</i> <i>4. Қамқоршы бол!</i> <i>5. Тәртіпті бол!</i>	Біз үлкенді құрметтеген, кішіге ізет көрсеткен жалынды ұрпақтармыз! Шаттық шеңберін жасады.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Ұлы істердің қандайы болмасын кішіпейілділіктен басталады. Сондықтан әркім өзінен кішілердің мінезі кішкентайынан дұрыс қалыптасуына қамқорлық жасап, оларға жол көрсете білуі керек. Кішіпейілділік, сыпайыгершілікке байланысты мақалдар айту. Кішіпейілділік дегеніміз — өзімізді пен менмендіктің болмауы. Кішіпейіл адам басқаларды өзінен төмен санамайды. <i>1. Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі.</i> <i>2. Жасанды кішіпейілділік – жақсы қасиет емес.</i> <i>3. Кішіпейілдің абыройы асады, Тәкәппардың құты қашады</i> Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі - тыйым сөздер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің белгісі екенін білеміз, осындай ерсі істерге қатаң тыйым салынған. Жасы үлкенге иіліп сәлем беру, алдын кесіп өтпеу, алдынан барып есік ашу заң болып есептелген!	Адам бойында жақсы–жаман қасиеттер болады екен. Біздің халқымызда үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуға бала кезден көп көңіл бөлінеді. Ол ананың сүтінен, үлкеннің ақылынан, ұстаздың үйреткенінен, кез келген адамның кісілігінен білінеді-біліп алады. - Ата-анаға қарсы келме. - Үлкеннен бұрын сөйлеме. - Әдепсіз сөзді айтпа, өтірік айтпа. - Жаман әдетті үйренбе. - Мақтаншақ болма, тәкәппар болма. Үйге бұрын кірмеу, дастарханға бұрын қол созбау, үлкеннің сөзін бөлмеу, сөз жарыстырмау-жастарымыз үшін бұлжымас заң екенін біліп алады.
Рефлексивтік түзетушілік.	Балаларды мақтап мадақтау	

**Нені игерді:** Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту;

Тексерілді  
Ж. Таштөле

Күні: 07.02.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие..

Тақырыбы: Бір шаңырақ астында.

Мақсаты: Балаларға бір шаңырақ астында тұратындардың бір - біріне сыйластығы, махаббаты, бауырмалдығы, бір - бірімен ынтымағы, татулығы, бірлігі шаңырақ жарастығын құрайтынын үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	<p><b>Тыныштық сәті. «Нұрға бөлену»</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Балалар ыңғайланып отырады;</li><li>• Қолдарын тізесіне немесе үстел үстіне қояды;</li><li>• Аяқтарын айқастырмайды;</li><li>• Арқаларын тік ұстайды;</li><li>• Жайлы әуен тыңдайды;</li></ul> <p>Балалар, бір шаңырақ астында тұратындардың бір - біріне сыйластығы, махаббаты, бауырмалдығы, бір - бірімен ынтымағы, татулығы, бірлігі шаңырақ жарастығын құрайды.</p> <p>Әр адам көзін ашып дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі жылы жанды көреді. Ол - Ана. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да – Ана. Ана – бұл жел жағымызға пана, біріміз үшін дара, дана тұлға. Ана дегенде сөзге келмейтін тіл, лүпіл қақпайтын жүрек, мөлтілдемейтін жанар жоқ. Балаға анадан артық, анадан қымбат жан жоқ. Әрбір ана отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм соғыстың болмауын, қызыл гүлдің солмауын тілейді.</p>	<p>Шаңырақтағы сыйластық сүйіспеншілік, бірлік, ынтымақ, бауырмалдық, қамқорлық, өзара түсінісу шаңырақтың сәнін кіргізіп, жарастық орнататынын біледі..</p>
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	<p>Әр адам көзін ашып дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі жылы жанды көреді. Ол - Ана. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да – Ана. Ана – бұл жел жағымызға пана, біріміз үшін дара, дана тұлға. Ана дегенде сөзге келмейтін тіл, лүпіл қақпайтын жүрек, мөлтілдемейтін жанар жоқ. Балаға анадан артық, анадан қымбат жан жоқ. Әрбір ана отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм соғыстың болмауын, қызыл гүлдің солмауын тілейді.</p>	<p>Ұрпағы – атасының, Шуағы - әжесінің, Тұяғы - әкесінің, Тілегі – анасының, Тірегі – ағасының Түлегі – даласының Дарытқан бар асылын Мен – қазақ баласымын!</p>
Рефлексивтік түзетушілік.	<p>Жай әуен мен көзді жұма отырып бүгінгі сағаты елестету сабақ ұнадым тұжырым жасау. Мен сендердің шаңырақтарыңа шын жүрегімнен бақыт тілеймін. Ал сендер де достарыңның шаңырағына жақсы тілектерінді айтыңдар.</p> <p>Бір шаңырақ астында тұратындар бір - біріне тосын сый дайындап қуантады. Мысалы: қолдан жасалған бұйым жасау Балаларды мақтап мадақтау</p>	<p>Жерінде – бабасының, Елінде – атасының, Көңілінде - әжесінің, Қолында – анасының, Жолында – ағасының, Төсінде – даласының Тапқан өз жарасымын. Мен қазақ баласымын!</p> <p>Жай әуен мен көздерін жұма отырып бүгінгі сағаты елестету сабақ ұнағанын тұжырым жасайды.</p> <p>Гүл, ашықхат жасап береді.</p>

Нені игерді: . Отбасы және оның маңызын түсінеді.

**Күні:** 14.02.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Біз тату-тәттіміз!

**Мақсаты:** «Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру.«Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, татулық- қа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Шаттық шеңбері                      «Мен қандаймын?» тренинг                      Біз балдырған тең басқан!                      Дос құшағын кеңге ашқан!                      Тілегіміз әділдік!                      Ашық болсын кең аспан!                      - Балалар, бүгінгі «Достық» аялдамасына тоқтап , бұл аялдамада «Достық – татулық- тан басталады» деген тақырыпта әңгімеле- сіп, қалай тату дос болу керектігін үйреніп, «татулық» ұғымы туралы түсінік аламыз.</p> <p>Суретпен жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнайды ма?</li> <li>• Ал сендер, «татулық» деген сөзді қалай түсінесіңдер?</li> </ul> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады. Татулық деген бірін - бірі ренжітпеу, ойыншықтарын, қолдарындағы тәттілерімен бөлісу, бірге ойнау т.б. Татулық достар арасындағы ең тамаша қасиет. Тату балалар бір – бірін ренжіт - пейді, тату - тәтті ойнайды, ойыншықтары мен, тәттілерімен бөліседі. Сондықтан да достық татулықтан басталады делінеді. - Балалар, біз бүгін татулық бар жерде достық туындайтынын ұғындық. Татулық бар жерде достықтың , бірліктің, сыйластықтың болатынын білдік.</p> <p>«Жүрек жылуы» тренинг</p> <p>- Балалар, қарандаршы, мына сиқырлы түрлі - түсті баулар арқылы мен сендерге жүрегімнің жылуын беріп тұрмын. Қане, оң алақанымызды жүрегіміздің тұсына қойып, лүпілдеп соққан кішкене жүрегіміз- дің дүрсіліне бірсәт құлақ түріп көрейікші.</p> <p>Біздің жүрегіміз қандай, не деп соғады екен?</p>	<p>Сәлемдесу – тәрбиенің басы- деп апайлармен амандасу.</p> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады. Татулық деген бірін - бірі ренжітпеу, ойыншықтарын, қолдарындағы тәттілерімен бөлісу, бірге ойнау т.б.</p> <p>Менің жүрегім қамқоршы                      Менің жүрегім жылы.                      Менің жүрегім қуанышты.                      Менің жүрегім адал.                      Менің жүрегім нәзік.                      Менің жүрегім сыпайы.                      Менің жүрегім батыл.                      Менің жүрегім ыстық.                      Менің жүрегім жұмсақ.                      Менің жүрегім жақсылыққа толы                      Менің жүрегім бақытты.                      Менің жүрегім қайырымды.                      Менің жүрегім сезімтал.</p>

**Нені игерді:** «Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, татулыққа тәрбиелеу.

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 21.02.2022ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ертегіде қонақта

**Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Жылулық шеңбері Аспанымыз ашық болсын! Деніміз сау болсын! Нанымыз мол болсын! Отанымыз тыныш болсын! Көк туымыз биік болсын! -Балалар, міне, бүгін біз «Ертегіде қонақта» тақырыбында оқу іс-әрекет өтеміз және ертегі әлеміне қонаққа барамыз.	Балалар бір – бірімізге жылы тілектер айтумен бастайық.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	«Ертегі- бұл ерекше жанр. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам сияқты түрлі нәрселер істей алуы мүмкін Ертегіде сиқырлы құралдар бар. Ертегіде әрқашан қайырымдылық, зұлымдықты жеңеді. Қайырымды, шыдамды, еңбекқор адамдар әрқашан сый алады.» Ал өмірде ше? «Кейіпкерді тап» ойынын ойнап алайық.. Шарты: Тәрбиеші балаларға өткен ертегі кейіпкерлерінің макеттерін, суреттерін көрсетеді. Ал балалар қай ертегінің кейіпкері екенін тауып айтулары керек. Мақсаты: Балаларды білімділік- ке,біліктілікке, сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білуге тәрбиелеу. Балалардан сұрақ-жауап алысу арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін пысықтау, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау	«Ертектер-жақсылыққа жетектер», әрқашан қайырымдылық, зұлымдықты жеңетінін біледі..  Өмірде де солай!  Өткен ертегі кейіпкерлерінің макеттерін, қай ертегінің кейіпкері екенін, суреттерін көрсетеді.
Рефлексивтік түзетушілік.		Балалар тәрбиешінің сұрақтарына толықта мағыналы жауап береді.

**Нені игерді:** Ертегілер батыр, адал, еңбекқор болуға жетелейтінін білу. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратуын меңгеру.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

**Күні:** 28.02.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Қош келдің Наурыз».

**Мақсаты:** Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Ұлттық тағамдармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	-Балалар, сендер қандай мерекелерді білесіңдер? -Ия наурыз айында 22 наурыз «Наурыз-жыл басы» мерекесін тойлаймыз.	Жаңа жыл Аналар мерекесі Наурыз мерекесі
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	-Наурыз мерекесіне ерте кезде алдын-ала дайындалған, үйлерді тазартқан, бұл тоқшылықтың белгісі. Наурыз мерекесінде ерлер қос қолдап, ал әйелдер құшақтасып амандасады. -Адамдардың барлығы: «Армысың қайырымды күн-Ана!»-деп күнге басын иеді. Ағаштар отырғызады, айна, тарақ, су дайындаған. Наурыз көже пісірген. Наурыз көжені-түрлі тағамнан жасаған. Дастарханға бауырсақ, қазы, сок, жент деген тағамдар қойған. -Қыдыр ата келіп өзінің батасын береді. -Әр халықтың өзіндік дәстүрлері болады. Қазақ қонақшыл халық. Барын қонағының алдына тосады. Осы Наурызда күн мен түн теңеледі.	Наурыз тойы елдің тойы Бұл мереке бізге ойлы Көжесі көп, шелпегі көп, Жақсы көрем, Наурыз тойын
Рефлексивтік түзетушілік.	-Жарайсыңдар, балалардың білімдерін сұрақтар қою арқылы кеңейту. Мақтап мадақтау.	Ұлттық тағамдар жайлы біліп алды.  Наурыз тойы-Ұлы той, Мұны бәрің біліп қой!

**Нені игерді:** Наурыз мерекесі туралы түсініктерді біледі. Ұлттық тағамдар туралы біледі.

Тексерілді  
Ж. Таштөле

Күні: 09.03.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Менің туыстарым.

**Мақсаты** «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынасын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Өзіммен-өзім. - Балалар көздеріңді жұмып, жайғасып отырыңдар. - Сендердің отбастарыңда тамаша мереке өтіп жатыр. Үйлеріңнің іші қуанышқа, шаттыққа толып кетіпті. Отбасы мүшелерінің барлығы мейрам. Әдемі түрлі-түсті шарлар әуеде қалықтап жүр. Ата-аналарыңмен бірге шаттана қуанып, ойнап, күліп, би билеп жүрсіңдер. Қуанышты көңілмен көзімізді ашып, қандай сезімде болғанымыз-ды әңгімелейік. Әңгімелеу.	Балалар ойыншық жүрекше-ні қолдарыңа алып, бір-біріңе ұсынып, өз туыстарыңа тілек білдіріңдер. - Туыстарды жақсы көріп, қамқорлық көрсетіп отыру керек. - Мен туыстарыма денсаулық тілеймін. - Менің туыстарым көңілді жүрсе екен деймін.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Тәрбиеші Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін мәнер-леп оқып береді, балалар сұраққа жауап береді. Бес саусақ Бас бармағым – атам, үйдің данасы. Балалар көздерін жұмып, айтылған әрекеттерді елестетуге тырысады. Өлеңді ынта-зейінмен тыңдайды. Балалар өлеңнің мазмұнын айтады.  Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әкем, отау панасы. Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары. Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. - Өз туыстарың жайлы әңгімелеп беріңдер. Дәйексөз. Тәрбиеші «Отбасындағы сыйластық туыстарға деген сүйіспеншіліктен туындайды» деген нақыл сөзін дәйексөз ретінде түсіндіреді. Ойын. «Дүкен» Тәрбиеші дүкенде	

<p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>жүрекше, күн, жұлдызша, машина сияқты заттар сатылатынын айтады. - Бұл жай дүкен емес, сиқырлы дүкен. Әрқайсыла-рың осы дүкеннен өз туыстарыңа бір нәрсе сатып алып, оны не үшін алғандарыңды айтып беріңдер.</p> <p>Сергіту сәті: Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Саусақ, саусақ, саусақ. (саусақпен сартылдату)</p> <p>Жүректен жүрекке. Балалар нақыл сөзді жаттап алады. Балалар сабақта айтып, үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады. Әр бала жауабын айтады. -Мен сіңіліме жүрекше сатып алдым, себебі ол мейірімді болса екен деймін. -Мен ініме жұлдызша сатып алғаным, ол жарқыраған жұлдыздай болса екен деймін</p> <p>Балалар ойыншық жүрекше-ні қолдарыңа алып, бір-біріңе ұсынып, өз туыстары-ңа тілек білдіріңдер. - Туыстарды жақсы көріп, қамқорлық көрсетіп отыру керек. -Мен туыстарыма денсаулық тілеймін. - Менің туыстарым көңілді жүрсе екен деймін.</p> <p>- Белсене қатысқан балаларды мадақтау, марапаттау. Өз жақындары мен туыстарына деген қызығушылықтарын білдіреді.</p>	
----------------------------------	---	--

**Нені игерді:** Білу керек: ұлттық киімдерді атай білу; тақия, шапан, кимешек, кемзал. Болу керек: ойнай білу дағдысы. Істей білу керек: ойын ойнаудағы әрекетті атау және көрсету.



Тексерілді  
Ж. Топалбаев

Күні: 14.03.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Ұлттық тағамдар пайдасы.

**Мақсаты:** Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспен- шілігін арттыру. Балаларды ұлтжанды- лыққа, көргенділікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	«Шаттық шеңберін» Қазақ ұлты дарамыз, Өсіп келеді санамыз Жылуыңа жылу қос, Болашаққа бірге барамыз. «Ұлттық тағам - ырысым» Интерактивті тақтадан төрт түлік малдың суреттері көрсетіледі. Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр. Балалар, мына төрт – түлік малдың аттарын білесіздер ме? Кім айтады? Өте жақсы, барлығымызда ұлттық тағамдардың түрлерін, қайдан алынатынын жақсы білеміз екен. <b>Балқаймақ</b> - Түйе сүтінен немесе айраннан пісірілетін тағам. <b>Құрт</b> – Ашытылған түйенің сүтінен немесе ашылатын жасалатын сусын. <b>Шұбат</b> - Тайлақты түйенің сүтінен ашытылған жасалатын сусын. <b>Ежегей</b> - Жаңа төлдеген малдың уызына қант қосылып пісірілетін тағам. <b>Айран</b> - Жас түйенің сүтінен алынатын сусын. <b>Қымыз</b> - Жылқы сүтінен алынып ашытылатын сусын. <b>Ірімшік</b> - Сиыр сүтінен қант қосылып пісірілетін тағам. <b>Бұжы</b> - Малдың іш майына ұн қосылып ішекке салынып пісірілген тағам. <b>Қазы</b> - Жылқы етін тұз бен бұрыш қосып, ішекке салып пісірілетін тағам. <b>Қуырдақ</b> - Төрт – түлік малдың етінен май араластырып пісіретін тағам. <b>Бауырсақ</b> - Бауырсақты білмейтін қазақ жоқ шығар, ұлттық тағамның ұлы асы. Ұн мен майға пісірілетін тағам. Бүгінгі сабаққа барлықтарың жақсы қатынастыңдар. Мақтап мадақтау.	Балалар қол ұстасып айтады  Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр. <b>1:</b> Түйе өнімі бағалы, Айран, сүзбе, шұбаты Уыз дәмі тым тәтті, Есіңе түсер шын аты. <b>2:</b> Бал мен қаймақ дәмі бар, Таңдайыңда қалады. Балқаймақты, құртты да, Түйе сүтінен алады. <b>3:</b> Қамбар ата ұрпағы, Жылқы малы киелі. Жылқы сүтінен алынған, Қымызды бәрі сүйеді. <b>4:</b> Қойдың сүті қорғасын, Құнарлы ол болғасын, Ірімшік өнімін беретін, Қошқар атам қолдасын. <b>5:</b> Төрт – түліктің бірі ол, Бізге берер өнім мол. Қаймақ, ірімшік, қатықты, Сиыр малынан алып көр. <b>6:</b> Қазы-қарта, жал - жая,
Ұйымдастырушылық ізденушілік.		
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатынын, алынатынын, түрлерін біледі.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

Күні: 28.03.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Ас атасы-нан.

**Мақсаты:** Нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нан пісіру кезеңдері, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру. Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даяр - лайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Жұмбақ шешу. Ұзын мұртты сарылар, қойнында наны бар. Жауабы не екен? - Балалар тақтадағы суретті мұқият зер сала қарай отырып, бидай дәнінен нанның қалай жасалатындығын анықтайық.	Жауабы-Бидай  Бидай дәнінен нанның қалай жасалатындығын анықтайық.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	1. Жерді жыртады. 2. Дәндер өсе бастайды. 3. Бидайдың сабақтары пайда болады. 4. Оны сушылар не диқандар суғарады. 5. Бидайды орады, бастырады. 6. Машинамен элеваторға тасиды. 7. Диірменге апарып тартады. 8. Машиналар қап - қап ұнды тасиды. 9. Нан илейді. Нан пісіреді. 10. Нан таситын машинамен дайын нанды дүкенге әкеледі. 11. Дүкеншілер мен сатып алушылар дүкенде 12. Нан дастарханда. - Міне, балалар күнделікті жеп жүрген нанымыз осындай ұзақ та қиын жолдан өтіп, біздің диқаншыларға, наубайшыларға, біздің дастарханымызға келеді екен. Олай болса нанды өсіретін адамдарға деген құрметімізді көрсетейік. <b>Нанға деген құрмет</b> <b>Тиым сөздер.</b> 1. Нанды бір қолыңмен үзбе! 2. Нанды жерге тастама! 3. Нанды текке лақтырма!	Балалар нанның дастарханға қалай келгенін біледі.  Орындарынан тұрып, қолдарын жүрек тұсына қойып, нанға, диқаншыларға, наубайшыларға деген құрмет сезімдерін білдіреді. <b>Мақал - мәтелдер.</b> 1. Нан қадірін аштықта білесің. 2. Нан болса ән де болады. 3. Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен.
Рефлексивтік түзетушілік.	<b>Сергіту сәті.</b> Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Балаларды мақтап мадақтау.	

**Нені игерді:** Нанды қадірлеу, қастерлеу, нанды даярлайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білу керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

Күні: 04.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Мен көмекшімін.

**Мақсаты:** Балалардың айналасына көмектесу дұрыс әрекет құндылығынан туындайтынын ұғындыру, қамқорлық жасау туралы білім беру, айналасына мейірімді бола білуге дамыту, барлығына жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p data-bbox="177 600 413 667"><b>Мотивациялық қозғалушылық</b></p> <p data-bbox="177 819 456 887"><b>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</b></p> <p data-bbox="177 1839 398 1906"><b>Рефлексивтік түзетушілік.</b></p>	<p data-bbox="495 600 1083 1256">Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға. Ертемен, ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» деймін мен. Ыңғайланып отырыңдар, денелеріңді түзу ұстаңдар. Аяқ-қолыңды айқастырмандар. Көздеріңді жұмуларыңды өтінемін. Елестетіп көрің- дер: Күн нұры төбелеріңнен өтіп, кеуделе- ріңе қарай бойлап барады. Оймен осы нұрды қолдарыңа түсіріңдер. Сендердің қолдарың нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңа тара- ды. Аяқтарың нұр сәулесін шашуда. Олар тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады. <b>«Бала—ата-ананың қолғанаты»</b> Апам үшін күнде мен, Отын ағаш жарамын. Су құямын гүлге де, Дүкенге де барамын. Жылай қалса бөпем де, Жұбатамын ойнатып. Апам үшін күнде мен, Сыпырамын үйді де. Бірақ апам мен үшін, Оқымайды сабақты. <b>Ситуациялық сұрақ:</b> Тақтаға сурет ілінеді(жолдың шетінде сөмке көтеріп тұрған қарт әжейдің суреті) Балалар сендер осы кезде не істер едіңдер? бейнелеп беріндерші. Бал достыққа, Жолдастыққа Шақырады әніміз, Тыныштықта, нұр құштықта Бақыттымыз бәріміз! !Сендерге рахмет! Балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p data-bbox="1107 600 1455 703">Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып, бір-бірімен амандасады.</p> <p data-bbox="1107 786 1412 889">Ыңғайланып отырып, денелерін түзу ұстап отырды.</p> <p data-bbox="1107 1263 1447 1442">Нақыл сөзді екі рет қайталапқызып айтқызу. 2рет қыздар, 2рет ұлдар қайталайды. Тақпақты жаттап алады.</p> <p data-bbox="1107 1742 1455 1957">Әнмен бірге қайталап, қимылмен көрсетеді. Балалар сұрақ тарға жауап береді Балалардың жауаптары. Бейнелеп береді</p>

**Нені игерді:** Адамдарға жақсылық жасау, көмек беру керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Ташбаева

**Күні:** 11.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Көргенді көшеде».

**Мақсаты:** Балаларды көше мәдениетін сақтап, тәртіпті болуға, тазалықты сүйеге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	-Балалар, мен бүгін сендерді Е.Өтетілеуов ағамыздың біраз өлеңдерін оқып беремін. Ал сендер өлеңдерді тыңдап маған олар не туралы екенін айтып беріңдер.	Балалар өлеңдерді мұқият тыңдайды.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Ісі түлкі оқысты Шашты жолға қоқысты Салақтықты даттаймыз Тазалықты сақтаймыз! Әлденеге асыққан Жүгіргенде Асылхан Қағып кетті бір қартты Киіп-жарып зырлауын Өгіз бе еді мынауы Ел не дерін білді енді -Мүйізтұмсық-бұл деді!  -Ит-серік қашан да Малшыға, шопанға Бүгін де ермек табылды Тентек сары пысыққа Дүрліктірді ол ауылды Итін қосып мыссыққа  -Көшеде тәртіпті балалар Өзін қалай ұстайды? -Көшеде де, ауылда да Айқайлауға болмайды.	Артық заттарды, қағаздарды, Балмұздақ орауышы және әлдене қабықтарын қоқыс салатын жәшіктерге салу керектігін біледі.  Мәдениетті адам мұрнын шұқып, түкіре бермейтінін біледі.
Рефлексивтік түзетушілік.	Итерісіп-төбелесіп жүрген жан тәрбиелі кісі деп саналмайды. Балаларды мақтап мадақтау.	Тәртіпті болу керек.

**Нені игерді:** Көше мәдениетін сақтап, тәртіпті болу керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 18.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Менің елім-Қазақстан.

**Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру.

Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Шаттық шеңбері - Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз Біз бақытты баламыз, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады. -Балалар сендер қандай ән орындадыңдар? Дұрыс айтасындар, балалар. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Біз оны рәміздер деп атаймыз. Мынау - біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды. Көк аспандай көгілдір, ортасында күн, астында бүркіт ұшып келе жатыр. - Мынау - елтаңбамыз. Елтаңбада шаңырақ, күн сәулесі, бес бұрышты жұлдыз, «Қазақстан» деген жазу бар. - Балалар, біздің Отанымыздың астанасы қай қала? Астана қаласы. - Балалар, үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерімізді үлкен де, кіші құрметтеп жоғары ұстауы тиіс. Ал әнұранды біз білеміз. Сендер елтаңба мен туды әрқашан қастерлеуге тиіссіңдер. Қазақстан республикасының рәміздері туралы кім тақпақ біледі? Біз Қазақстанда тұрамыз, демек, Отанымыз - Қазақстан халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген мақал бар. Сендер үлкен болып өскенде Отанымызды қорғайтын азамат боласындар! .Егеменді елдің басты белгісі-тіл. қазақ тілі мемлекеттік тіл болып саналады. Қазақ тілі –біздің ана тіліміз.. Мақтап мадақтау.	Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық. Нурали: Көк туымыз бетінде, Қыран бүркіт қанатты. Сол қырандай еркіндеп, Біз өсеміз талапты. Аяжан. Айнымайды аспаннан, Біздің тудың бояуы. Оны халық қашанда, Биікке іліп қояды. Асан: Елтаңбасы елімнің, Қандай әйбат әдемі Тұнығындай көңілдің, Ортада аспан әлемі Ел бөбегі бүлдіршін жас баламыз, Астанамыз Астана –бас қаламыз.  Ақмырза: Тілім барда мақтанам, Тілім менің аппақ ән Бірлігім бүгінгі, Ана тілім сақтаған. Үсен: Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте, Өзге тілдің бәрін біл Өз тіліңді құрметте.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.		
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Туған елдей ел болмайды, туған жердей жер болмайтынын біледі.

Тексерілді  
Ж. Топалбаев

Күні: 25.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Астана - бас қала.

**Мақсаты:** Балаларға Елордамыз Астана жайлы түсінік беру, Тұңғыш президенті күні жайлы әңгімелеу, Президентіміз жайлы түсінік беру, Астанаға саяхат жасау арқылы астананың көрнекті жерлерімен таныстыру. Ұйымшылдыққа, Отансүйгіштікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Шаттық шеңбері. Қуанамын менде, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! - Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біз қазақ деген ұлтпыз. Біздің президентіміз – Н.Ә.Назарбаев. Еліміздің астанасы – Астана қаласы. 1997 жылғы 20 қазандағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылғы 6 мамырдағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Қаланың ортасында ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағы қала халқы денмалатын жағажайға айналды. Бәйретек – Астананың символы. Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ. Енді балалар, астанаға саяхат жасаймыз: Астананың көрнекті жерлерін білесіңдер ме? Астана туралы білетін тақпақтарыңды айтыңдаршы: Диас: Астана арман, қала, Бағы бір жанған қала. Тұрады ол жап-жас болып, Мен үлкен болғанда да.  Дидактикалық ойын. «Ойлан тап». Сұрақ-жауап жүргізу арқылы қорытындылау. Мақтап- мадақтау.	Әсемай: Ел намысы – Нұр Аға, Жер ырысы – қыр дала, Су шынысы – зер мұнай, Тау тынысы – гүл лала.  Мынау парламент үйі. - Мынау бәйтерек. - Мынау жабық футбол стадионы. - Мынау конькимен сырғанау жабық стадионы. - Республикалық велотрек. - Мынау НұрАстана мешіті. - Мынау Пирамида Аяулым: Төкті оған нұрын дала, Астана сұлу қала, Біз оны анамыздай, Сүйеміз шынында да.  Балалар ойын ойнайды. Сұрақтарға дұрыс жауап береді.
Рефлексивтік түзетушілік.		

**Нені игерді:** Астанаға саяхат жасау арқылы Астананың көрнекті жерлерімен таныс болу керектігін, Елордамыз Астана қаласы екенін білу керек.

Тексерілгені  
Ж. Шамал

Күні: 03.05.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: : «Жаңылтпаш жаттау»

Мақсаты: Балаларға жаңылтпаш жаттату, тіл байлығын, ой -өрісін дамыту, қазақы салт –дәстүрлерді сақтап, халық ауыз әдебиетін үнемі дәріптей білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p>	<p>«Сәлем сөздің атасы!» Мақсаты: Үлкендер мен достары арасында әдептілікке, үнемі амандасып жүруге тәрбиелеу. Ең жақсы сөз «сәлеметсің бе»деген, Аман-саулық сұрайды оныменен. Ережені жатта, білсен қайтала, Үлкендерге осы сөзді бірінші айт, ойланба. Кешке қоштастыңдар, таң боп кездестік, «Сәлеметсің бе» деп айтуды шештік.</p> <p>Балалар біз бүгін халық ауыз әдебиетінің бір жанры – жаңылтпаштармен танысамыз. Балалар мына жаңылтпаштарды жаттап алайық:</p> <p>Есет атам, ет асатар Ет асатса, бес асатар .</p> <p>Шеше неше кесе Сынды кеше.</p> <p>Сергіту сәті: Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату)</p> <p>Балалар жаңылтпаштарды мұқият тыңдайды. Балалар бірнеше рет қайталап, жаңылтпаштарды жаттайды. Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату) Ойнау ойнауды дұрыс қолдана біліп ойнайды.</p> <p>Қ\о: «Қояндар мен қасқырлар»</p>	<p>Балалар жаңылтпаштарды мұқият тыңдайды. Балалар бірнеше рет қайталап, жаңылтпаштарды жаттайды. Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату) Ойнау ойнауды дұрыс қолдана біліп ойнайды.</p>

<p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Балалар ойыншық жүрекше-ні қолдарыңа алып, бір-біріңе ұсынып, өз туыстары-на тілек білдіріңдер. - Туыстарды жақсы көріп, қамқорлық көрсетіп отыру керек. -Мен туыстарыма денсаулық тілеймін. - Менің туыстарым көңілді жүрсе екен деймін.</p> <p>Ойнайықта , ойланайық! Жаңылтпашты жаңылмай кім бірінші айтса, сол жеңімпаз атанады. Белсенді балаларды марапаттап, мадақтау. Балалардың қайсысы бірінші болып жаңылтпашты жаңылмай айтса, сол жеңімпаз атанады. Жаңылтпашты жаттауға деген қызығушылықтарын білдіреді.</p>	<p>Балалар іс – әрекеттен алған әсерлерімен бөліседі, қызығушылықтарын білдіреді.</p>
----------------------------------	---	---

**Нені игерді:** Жаңылтпашты жаттап айта білу керек.



Тексерілді  
Ж. Таштөле

Күні: 11.05.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** Туған күн

**Мақсаты :** Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Туған күн қуанышы туралы түсінік беру. Өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Қуаныш көңілді сергітеді	
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Нақыл сөз. Тәрбиеші балалармен әңгі-мелеседі. -Сен үшін отбасыңда қай күн ең қуанышты күн? - Балалар, туған күн – әр адамның өміріндегі ең жақсы, ең маңызды мерекелердің бірі. Адам дүниеге келгенде айналасындағылардың бәрі қуанады. -Біз туған күн жасағанда мол дастарқан жаямыз, сыйлықтар аламыз. - Туған күнде жылы лебіздер мен жақсы тілектер айтылады. Балалар әңгімені тыңдай отырып, қиялдарын өрбітеді, сұрақтарға жауап беруге тырысады - Сондай жақсы тілектерді бір-бірлеріңе айтыңдаршы. Сергіту сәті: Ал, балалар тұрайық Алақанды ұрайық Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық - Сабағыңды жақсы оқы. Балалар тәрбиешінің оқыған өлеңін қызыға тыңдайды.	Балалар бір-біріне туған күнге байланысты жақсы тілектер айтады. -Туған күніңмен құттықтаймын. -Саған мықты денсаулық тілеймін
Рефлексивтік түзетушілік.	Белсене қатысқан балаларды мадақтау, марапаттау. Балалар туған күн мерекесіне деген ерекше қызығушылықтарын білдіреді.	Балалар іс –әрекеттен алған әсерлерімен бөліседі, қызығушылықтарын білдіреді.

**Нені игерді:** Балалар өз сезімдерін жеткізіп, айта білу керек.

Тексерілгені  
 Ш. Шамалбаев

**Күні:** 16.05.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Отбасындағы тәрбие.

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атауға, сұрақ - жауап арқылы сұхбатқа үйрету. Отбасы мүшелері туралы тақпақтарды жатқа айтқызу, «Кім жоқ» ойыны арқылы отбасы мүшелерінің атауын білуге үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Шаттық шеңбер</p> <p>Бақыт - біздің сиқырлы шеңберіміз!          Бақыт - біздің достарға сенгеніміз!          Бақыт - біздің жарқын болашағымыз!          Бақыт біздің тату - тәті отбасымыз!          Бақыт біздің бала бақшаға келгеніміз!          Отбасы дегеніміз бір үйде тұратын бізге ең жақын адамдар. Олар ата, әже, әке, ана, аға, апа, іні, қарындас бір отбасында тұрады. Біздерге үлкендердің көмегі және сүйіспеншілігі қажет. Ата мен әжелер демалыспен тыныштықты ұнатады.          Ғажайып сәт: Балалар бізге көрші ауылдан ата мен әже келіпті! Кәнекей, қарсы алайықшы!          Ата мен әже: Ал, балалар! Қандай өнерлерің бар? Біз соны көрейін деп келдік.          Ата мен әже балаларға мақал - мәтелдерді айтып түсіндіріп береді.          Балалы үй – базар, Баласыз үй – мазар.          Ата тілін алмаған ұлдан без,          Ана тілін алмаған қыздан без.          Рахмет әже біз үлкендердің айтқанын тыңдаймыз ақылды бала болып өсеміз.          Дидактикалық ойын: « Кім жоқ?»          Үйдің ішіне (ата, әже, әке, ана, аға, қарындасты) іліп қоямыз. Біреуін алып тастаймыз, балалар кім жоқ екенін айтады.          Ата мен әже көп – көп рахмет, балалар сендер тәрбиелі, ақылды, үлкенді сыйлай білетін азамат болыңдар! Отбасындағы үлкендердің айтқанын тыңдандар. Бала-бақша сендердің екінші үйлерің балалар!          Ата мен әже мадақтап балаларға сыйлықтарын таратады.</p>	<p>Сәлемдесу – тәрбиенің басы- деп апайлармен амандасу.          (дөңгелек шеңберден ленталарды ұстап айту)</p> <p>(Ата мен әже еңкейіп келе жатады.) Ата мен әжеге амандасу.          - Ер балалар!          Ассалаумағалекум, ата!          Сәлеметсіз бе, әже? – деп қарсы алады.          Балалар: ата, әже біз сіздерге әдемі отбасы туралы тақпақ айтып береміз.          Сергіту сәті:          Бас бармағым атам – үйдің данасы, Балан үйрек әжем – ошақ анасы,          Ортан терек әкем – отау панасы, Шылдыр шүмек шешем – шаңырақ ажары, Кішкентай бөбек мен - бәрінің базары.</p> <p>Ата мен әже қоштасады.</p>

**Нені игерді:** Отбасы мүшелеріне ата, әже, әке, ана, аға, апа, іні, қарындас жататынын, үлкендерді құрметтеу, сыйлау керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Таштөле

Күні: 24.05.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Ұлттық салт-дәстүрлер.

Мақсаты: Балалар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу, ұлттық салт-дәстүр үлгісіндетәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p data-bbox="178 544 424 622">Мотивациялық қозғалушылық</p> <p data-bbox="178 1059 475 1137">Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p>	<p data-bbox="498 562 1072 741">Бүгінгі сабағымыздың негізгі мақсаты өз халқымыздың салт-дәстүрлері, асыл қазыналары, асыл мұралары туралы сендерге түсіндіріп, бойларына сіңіру болып табылады.</p> <p data-bbox="498 748 1052 1077">Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі-өзіміздің қазақ халқы. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халқымыздың ғасырлар бойы жазған зор еңбектері – салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы.</p> <p data-bbox="498 1106 1020 1211"><b>Сүйінші!</b> Қуанышты хабар жеткізуші адам Шашу! Қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанаты дәстүр.</p> <p data-bbox="498 1218 1083 1435"><b>Қонақасы</b> –Үйіне келген қонақты құрметпен қарсы алып, мал сойып қонақасы беру-жомарттықтың, елдіктің үлкен белгісі. <b>Сыбаға.</b> Құрметті қонаққа немесе өздерінің, жақын-жуығына арнап сақтаған кәделі ет мүшелері сыбаға деп аталады.</p> <p data-bbox="498 1442 1036 1581"><b>Бастаңғы.</b> Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналған, жолаушылардың жолда басы ауырмасын «бастаңғы» жаса дейді.</p> <p data-bbox="498 1588 1083 1805"><b>Ерулік.</b> Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұратын дар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады. <b>Қалау.</b> Біреудің жақсы малына, затына, мүлкіне көңілі кеткен адам, сол үйге барып қалау қалайды.</p> <p data-bbox="498 1812 1052 1951"><b>Жеті ата.</b> Әр адам өзінің жеті атасын білуі көрегенділік пен білімділігін танытады. Білмесе жеті атасын білмеген жетесіз деп сөккен.</p> <p data-bbox="498 1957 1036 2096"><b>Кекіл-жас</b> балалардың шашын тегістеп ұстарамен алып тастайды да бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды.</p> <p data-bbox="498 2103 1052 2208"><b>Сыралғы</b>-олжалы, қанжығасы қанданып келе жатқан аңшыдан саятшыдан кездескенде сұралатын жол.</p>	<p data-bbox="1108 562 1444 943">Бауырласқан тәніміз, Бұзылмаған антымыз. Кең даланың ежелгі, Қазақ дейтін халқымыз. Өзге ұлттай біздің де, Бар дәстүр мен салтымыз.</p> <p data-bbox="1108 1122 1381 1234">Балалар салт-дәстүрлерді мұқият тыңдап отырады.</p> <p data-bbox="1108 1312 1451 1973">Үлкен ақсақалдарға, құдаларға, жолы үлкен адамдарға сыбаға әдейі сақталады. Бастаңғының мәнісі жастардың сол үйде ойын-сауық жасап бас қосуы. Дәстүр бойынша үй иесі қалаушы адамға қонақасы беріп, қалағанын орындап қайтаруға тиіс. Бұл жомарттық пен мәрттіктің, сыйластықтың белгісі. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді.</p> <p data-bbox="1108 2051 1444 2197">Мәрт аңшылар мұндайда сыралғы сұрағанның сөзін жерге тастамайды. Мұндайда</p>

<p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p><b>Тоқымқағар</b>-жас жігіт алғаш жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. <b>Тұлым қою</b>-кішкентай кезінде баланың шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны тұлым деп атайды. Тұлым көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты болады.</p> <p><b>Сауын айту.</b> Бір елде ас, үлкен той болатын болса, ол кісі күні бұрын жан-жаққа хабарлатып сауын айтады.</p> <p><b>Кеусен</b>-бұл егіншілікке байланысты айтылатын сөз. Әдетте егін пісіп мол өнім алғанда егіншілер туған-туысқандары мен ауылдастарына астық береді. <b>Аманат</b>-бір адамның екінші біреуге сақтауға берген заттары. Аманатты сақтау, оны мезгілінде қайтару зор адамгершілікке жатады.</p> <p><b>Көгентүр</b> – бір-біріне жақын туыс, ілік, жұрағат адамдардың баласына ескерткіш сый ретінде берілетін мал.</p> <p><b>Байғазы</b> – балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай-заттай сый.</p> <p><b>Бәсіре</b> – қыз ұзатылғанда немесе жиен алғаш келгенде меншіктеп аталатын, ен салынған мал.</p> <p><b>Сәлем беру.</b> Алыс жолдан жолаушы немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру-қалыптасқан дәстүріміз.</p> <p><b>Енші.</b> – балалары ержетіп жеке үй болғанда ата-анасы оған дүние мүлік, мал беріп, отау тігіп жеке шығарады.</p> <p><b>Сонар</b>-бұл аңшылар үшін өте қызықты сәттердің бірі</p> <p><b>«Тұсау кесу» рәсімінен көрініс.</b> Әдетте сәби аяғын тәй-тәй басып жүре бастағанда оның тұсауын кеседі. Ата-әжелеріміз бұл ырымға қатты көңіл бөлген, өйткені баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болуы осы тұсау кесуге байланысты деп шешкен. Әжелер мен ата-лар дастарханға шақырылды. Тұсауын кесетін сәби Жанеркені ортаға әкеліп «Тұсау кесу» жыры айтылады. Сәбидің тұсауы ала жіппен кесіледі. Шашу шашылып, ән айтылады. Сәбиді жүгіріп, жүргізеді. Барлық ырымдары жасалады. Балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p>арнаулы мал сойып немесе сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады. Ойын-сауық, өлең – жыр айтылады. Бұл жәй шақыру емес, әр ел салт-дәстүрмен, яғни батыр палуанымен, жүйрік атымен, ақын-жыршысымен, сойыс малымен, сабалы қымызымен келсін дегенді білдіреді. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Ол өте ауыр күнә деп есептеледі. Бұл бала үшін сый-қуаныш болса, оның ата-аналары үшін құрмет көрсетудің белгісі десе де болады. Байғазы сұраудың еш артықтығы жоқ.</p> <p>Бұны енші деп атайды. Ал қызға берілетін дүние мүлік «жасау» деп аталады.</p> <p>Баланың тұсауын малдың тоқ ішегімен кесу елдің тоқ болуы және баланың келешекте бай болуы деген ұйғарым болған. Ала жіппен тұсау кесу баланың келешекте ешкімнің ала жібін аттамай, адал болып өссін деген ниеттен туған.</p>
----------------------------------	--	---

**Нені игерді:** Балалар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу керектігін біледі.



«Балдәурен» мектепалды даярлық тобының 2021-2022 оқу жылының «Ойнайықта ойлайық» вариативтік компонентіне тақырыптық жоспары.

№	Оқу қызметінің тақырыбы.	Мерзімі.
1	«Бұрын кім болған?»	01.09.2021ж
2	«Заттарды қалай қолдануға болады?»	08.09.2021ж
3	«Ойыншық туралы әңгімелеп бер»	15.09.2021ж
4	«Ортақ белгілерін тап »	22.09.2021ж
5	«Жылы және суық түстер»	29.09.2021ж
6	«Дыбыстық қалпақтар»	06.10.2021ж
7	«Сөзді аяқта»	13.10.2021ж
8	«Қандай?Қайсы? Қайсысы?»	20.10.2021ж
9	«Сөйлем құра»	27.10.2021ж
10	«Жұмбақ құрастыр»	03.11.2021ж
11	«Қалай дұрыс айту керек?»	10.11.2021ж
12	«Аңдарды орманға орналастырайық»	17.11.2021ж
13	«Ненің ізі?»	24.11.2021ж
14	«Ұқсас сөздер »	08.12.2021ж
15	«Сиқырлы дыбыстар»	15.12.2021ж
16	«Қалалар»	22.12.2021ж
17	«Сиқырлы ағаш»	29.12.2021ж
18	«Балақай кім ақылды?»	05.01.2022ж
19	«Не қалай дыбыстайды?»	12.01.2022ж
20	«Қайсысы жылдам қозғалады?»	19.01.2022ж
21	«Кімнің ізі тауып көрші балақай»	26.01.2022ж
22	«Тез ойла»	02.02.2022ж
23	«Не қалай дыбыстайды?»	09.02.2022ж
24	«Ойыншық туралы әңгімелеп бер»	16.02.2022ж
25	«Жеке атауын ата»	23.02.2022ж
26	«Мен қандай жеміспін?»	02.03.2022ж
27	«Ол және олар»	09.03.2022ж
28	«Үлкен – кіші» ойыны	16.03.2022ж
29	«Суретші нені ұмытып кетті?»	30.03.2022ж
30	«Мен қандай жеміспін?»	06.04.2022ж
31	«Қай мамандық иесі?»	13.04.2022ж
32	«Қалай дұрыс айту керек?»	20.04.2022ж
33	«Жылы және суық түстер»	27.04.2022ж
34	«Бізде де» ойыны	04.05.2022ж
35	«Ас-атасы нан»	11.05.2022ж
36	«Қамқор»	18.05.2022ж
<b>Барлығы : 36</b>		

Тексерілді  
 Ш. Маулиев

**Күні:** 01.09.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойнайық»

**Тақырыбы :** «Бұрын кім болған?»

**Мақсаты :** Балалардың балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру, кеңейту, көңіл күйлерін көтеру. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<p>Ұйымдастырушы кезең</p> <p>Ойын барысы</p>	<p>Тыныштық сәті:            1, 2, 3 көзімізді жұмамыз.            Балалар денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп ыңғайланып тұрыңдар. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар.            Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, сезімге, тыныштыққа толы шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер.            Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады.            Коммуникативтік, валеологиялық ойын - "            (Есіктің сыртынан қуыршақ Ақмаралды алып келу)            - Балалар, бізге қонақ келді!            Қуыршақ: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Менің атым – Ақмарал, мен сендермен ойнауға қонаққа келдім. Мен құр келген жоқпын сиқырлы орамалымды ала келдім!            Саз жетекші: Кәне, балалар қуыршақ Ақмаралмен амандасайық.            Балалар: Сәлеметсің бе!            Саз Жетекші: Ал сендер қуыршақ Ақмаралмен ойнағыларың келе ме?            Ойын: «Сиқырлы орамал».            Саз жетекші: - Балалар қараңдар Қуыршақ Ақмарал сендерге көп алма сыйлады. Қуыршақ Ақмарал саған көп - көп рахмет!            Қуыршақ: Балалар, сендерге де, рахмет, маған өте ұнады, көңілім көтерілді.            балабақшада бір - біріңді ренжітпей осылай дос болып жүріңдер!            Балалар сендер өте тамаша қатыстыңдар, сау болыңдар балалар!</p>	<p>-Қолдарын жоғары көтеріп, буыннан айналдырады.            - 3 рет алақандарын соғады.            - Серіппе.            -Аяқтарын топылдатады.            – Беттерін сипайды.            – Беттерін Зрет шапалақтайды.            – беттерін жұдырықтарымен сипайды.            шақ - шақ - шақ! -            Беттерін Зрет шапалақтайды.            Сәлем менің ерінім! –            Бастарын оңға, солға шайқайды.            3 рет еріндерін көрсетеді.            Бастарын оңға, солға шайқайды.            - 3 рет тістерін қағады.            – Мұрынын сипайды.            – Мұрынын сұқ саусағымен көрсетеді.</p>

## Күтілетін нәтиже : Көңіл-күйлері көтерілді

*Тексерілді*  
*Ш. Мамбетов*

**Күні:** 08.09.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Заттарды қалай қолдануға болады?»

**Мақсаты :** Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс –әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	<p>Балалар сендердің үйлерінде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық бұйымдар бар ма? Ас үйден бастайық. Ас үйде қандай заттар бар?</p> <p>Балалар дұрыс бұл заттардың бәрі үй тұрмысына қажетті заттар. Бұлар үй жиһаздары және тұрмыстық техникалық қажетті заттар. Бұларды бір-бірінен ажырату үшін балалар барлығымыз экранға назар аударайық.</p>	.
Ойын барысы	<p>Бұл экраннан тұрмысқа көше техникаларды көрсетіп, олардың қажеттілігі, зияны мен пайдасы жайлы айтып түсіндіру. Балаларға әр бұйымды түсіндіру кезінде балаларға сұрақ қойып, жауап алып отыру.</p> <p>Мысалы: Бұл не? Ия бұлүтіконымен не істейміз? Оны алдымен тоққа қосамыз. Ол ысыды, сосын киім үтіктейміз. Оны балалар қолдануға болмайды. Неге? Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады.</p> <p>Сол сияқты тұрмыстық үйге қажетті техникалардың барлығына жеке-жек етоқталу.</p> <p>Балалар бұлардың барлығын қалай атаймыз. Ия тұрмыстық техникалар деп атаймыз.Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады.</p>	<p>Балалар үйлеріндегі барлық бұйымдарды атайды. Үй жиһаздарын қосып айтады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- диван</li> <li>- пелесос</li> <li>- телевизор</li> <li>- кілем</li> <li>- үтік</li> <li>- киім үтіктейміз</li> <li>- себебі күйіп қалады</li> </ul>

**Күтілетін нәтиже :** тұрмысына қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін, олардың атқаратын қызметін, өмір қауіпсіздік ережелерін.

Тексерілді  
#H. J. J. J. J.

**Күні:** 15.09.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта олайық»

**Тақырыбы :** «Ойыншық туралы әңгімелеп бер»

**Мақсаты :** балалардың сөздік қорларын байыту; резеңкеден, қауырсыннан, матадан жасалған ойыншықтарды ажырата білу; ойыншықты ұқыпты пайдалануға және достарымен бөлісуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс –әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	Балалар ойыншықты сендер қайдан аласыңдар? Дүкенде кім сатады? Сатушы тамақ , ойыншық, киім, тағы да басқалар сатады. Балаларға алдымен тақтадан әртүрлі дүкендерді көрсетемін. Онда бәріміз автобуспен ойыншық дүкеніне барайық. Ойыншықтар әнін айтайық. Балалар міне дүкенге де келдік. Балалар дүкеншімен амандасып өз қалаған ойыншықтарын сатып ала бастайды.	
Ойын барысы	ойын: «Ойыншықтар дүкені» Әңгіме құру: Бала: Мен қуыршақ сатып аламын. Мынау қуыршақ әдемі, сүйкімді. Үстіндегі көйлегі матадан жасалған, түсі ашық. Бала: Мен шелек сатып аламын. Шелекпен су әкелемін. Шелек қауырсыннан жасалған. Әділет : мен машина сатып алдым. Машинаның төрт дөңгелегі бар. Машина қатты қауырсыннан жасалған. Қонжық-аудың баласы. Ол балды ұнатады. Қыста көп ұқтайды.  Жақсы ойыншықтарды қалай ұстау керек. Топта жүргенде ойыншыққа таласпай бірге ойнауымыз керек. Себебі топтың -Ойыншықтарды сындыруға, жыртыуға болмайды. Достарыңмен бөлісіп ойнау керек.  ойыншығы бәрімізге ортақ.	Дүкеннен.. Сатушы. Алақай ,дүкенге барамыз. «Дүкенге» кіріп, сатушы мен сатып алушы бір-бірімен амандасады. Содан кейін сатып алушы өз ұсынысын айтады. Ал сатушы ойыншықтың бағасын айтады».

**Күтілетін нәтиже :** Ойыншықтардың жасалу жолдарын біледі. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауды үйренді



Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 22.09.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Ортақ белгілерін тап »

**Мақсаты:** Балалар заттарды жалпы белгілері бойынша топтастырады.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс –әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	Балаларды екі қатарға тұрғызып, бірінші қатардағы балалардың қолында суреттер беріп, екінші қатардағы балалар сұрақтарына бір мезетте жауап береді. Балалар бір –бірімен ақпарат алмасады.	Балалар екі қатарға тұрып, сұрақтарға жауап береді
Ойын барысы	Мынау не? кесе, шәйнек, тәрелке т.б. Ашық жабық сұрақтарды пайдалану, өткеншек әдісі Шәйнек не үшін қажет?, тәрелкені не үшін пайдаланамыз? Кесеге не құямыз? Педагог жетекшілігімен ойын. «Сынады, сынбайды?» Шарты: педагог ыдыстарды көрсетіп тұрады да балаларға ашық жабық сұрақтар қояды. Құрылымдалған ойын. «Топтастыру» Мақсаты: Заттарды жалпы белгілері бойынша топтастырады. Шарты: Ыдыстар, ұлттық ыдыстар, ас ішетін құралдар ажыратып жинау керек.  Құрылымдалған ойын. «Крушканың қасығын тап?» Шарты: Крушканың түсіне қарай қасығын қасына қояды.  Қорытындылау: Диірмен тәсілі: Әр топтан спикер сайланып өздерінің жұмыстарынмен таныстырады, қалған балалар айналып жүріп барлық жұмыстарды көріп шығады, балалар бір- бірін бағалайды	Ойынға белсене қатысады

**Күтілетін нәтиже :** Заттарды жалпы белгілері бойынша топтастырады

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 29.09.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Жылы және суық түстер»

**Мақсаты:**Балаларға бояулар туралы түсінік беру;

Балалар назарын негізгі түстерге көңіл бөлуге, түстерді ажырата білуге үйрету;

Негізгі бояуларды бір-бірімен қосу арқылы әр түрлі түстердің алу жолдарын үйрету. Жылы және суық түстерді меңгеру.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс –әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	Түрлі түстерді қосу арқылы алуға болмайтын негізгі үш түс бар олар: қызыл, сары, көк ал екі түсті қосу арқылы төмендегі түстерді алуға болады. қызыл + сары - қызғылт сары + көк - жасыл көк + қызыл - сия көк бұларды қосымша түстер деп атайды;	Балалар мұхият тыңдап негізгі түстері үйренеді
Ойын барысы	негізгі түстерді қосымша түстерге қосу арқылы басқа түстер алуға болады.  Түстерге байланысты ертегі. Ерте, ерте. Ертеде хайуанаттардың түстері ақ болған екен. Бір күні жаңбырдан кейін аспанда кемпірқосақ пайда болыпты. Кемпірқосаққа қызыққан түйе үстіне шығып қызғылт сары түстің үстімен сырғанап түседі. Оны көрген басқа хайуанаттарда сырғанап бастайды. Сөйтіп айдаһар – жасыл арыстан - сары түлкі - қызыл түске боялады, кешке үйлеріне қайтып келгенде сарғыш түске боялған түйені сәбіз деп мазақ етеді, ашуланып ұялған түйе жасыл түстің үстімен сырғанап кәзіргі түсіне боялады.	Ертегіні қызыға тыңдайды

**Күтілетін нәтиже :** түстерді ажырата біледі, негізгі бояуларды бір-бірімен қосу арқылы әр түрлі түстердің алу жолдарын үйренеді

Мексеріңді  
Ж. Маулиев

**Күні:** 06.10.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Дыбыстық қалпақтар»

**Мақсаты:** балалардың дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Балалардың ой - өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын, тілін дамыту.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс –әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	Балалар сендер білесіңдер ме, әрбір тіршілік иесінің өздерінің тұратын жері, мекені болады екен. - Мысалы адамдар үйлерінде, құстар ұясында, үй жануарлар қорасында, ал аңдар өз апандарында өмір сүреді екен, мен қазір сендерге сол туралы ертегі айтып берейін. Олай болса мұқият отырып тыңдайық.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды
Ойын барысы	<p>Баяғыда бір үйшік болыпты. Дыбыстар барлығы сол үйшікте өмір сүріпті. Үйшіктегі дыбыстарды басқарып тұратын Боран ата болыпты. Боран ата дыбыстардың үйшіктен кіріп, шығуын қадағалап отырған екен. Көңіл - күйі жақсы болғанда ол дыбыстарды емін - еркін өткізіп жібереді, мысалы былай А, О, Бұл дыбыстар үстіне қызыл көйлек киіп есіктен емін - еркін өтіп шығып жатады.</p> <p>Ал келесі дыбыстардың жолына Боран атаның көңіл күйі түсіп кеткенде кедергілер жасап шығуына бөгет болады, не есікті жауып қояды. Олар: Б,Қ,Н, Ғ,М,Р</p> <p>Артикуляциялық жаттығу</p> <p>Тапсырма: «Дыбысты қорап» бұл тапсырманың ішінде жасырында дыбысты тауып және әр түрлі суреттер берілген қай дыбыстан басталып тұрғанын айтып, саусақпен көрсету.</p>	Ертегіні қызыға тыңдайды

**Күтілетін нәтиже :** Балалар дыбыстар туралы біледі.

Мексерідегі  
Ш. Мамбетов

16.10.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Сөзді аяқта»

**Мақсаты:** Фонематикалық есту қабілетін дамыту, жетіспейтін дыбыстарды жалғастыру.

Құралдар: Заттық суреттер

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	Ойын барысы: Балалардың алдына бір-бірден суреттерді орналастырады, содан кейін сөздің соңғы дыбыстарын аяқтамай айтады. Бала суретке қарап сөзді аяқтау керек. Ойынды қиындатуға болады: сөзді суретсіз аяқтау, немесе берілген дыбыспен, буынмен аяқта. Қал-та, бал-та, мал-та, ба-та, қа-л, ма-л, ша-л, ба-л.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды
Ойын барысы	Ойын барысы: Бұл ойынды балалармен, олар бірінші дыбысты анықтап үйренгеннен кейін ойнауға болады. Суретті көрсетіп қандай дыбыстан басталатынын сұрау. Сосын осы дыбыстан тағы басталатын сөздерді атаңдар.  <b>«Қайтала»</b> Мақсаты: Есту зейінділігін , фонематикалық есту қабілетін дамыту. Құралдар: даңғыра, дауылпаз. Ойын барысы: Ойынды топпен де жеке де ойнауға болады. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші аспаппен ритмді соғады. Балалардан қайталауын сұрайды, балалар шапалақпен қайталауы қажет.	Қызыға қайталайды

**Күтілетін нәтиже :** Балалар дыбыстар туралы біледі.

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

**Күні:** 20.10.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Қандай?Қайсы? Қайсысы?»

**Мақсаты:** суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айтқызу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	Ойын шарты: әртүрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны, не үшін ұнайтындығы туралы сұралады. Олардың қай мезгілде бейнеленгенін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлентіруге болады. Олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды
Ойын барысы	«Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Ойын шарты: Үй жануарлары мен дала жануарларын ажырата білуге үйрету. Олардың тіршілік ететін ортасы мен немен қоректенетіні жөнінде әңгімелету. «Бұл қай кезде болады?» Ойын шарты: Балаларға жыл мезгілдері туралы түсінік беру. Олардың әр жыл мезгілдерін бір-бірінен ажыратып, суреттердегі жыл мезгілдері бейнеленген өзгерістер туралы әңгімелеп айтып беруге жаттықтыр	Ойынға қызыға қатысады

**Күтілетін нәтиже :** суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айта алады.

Мақсередегі  
Ж. Жаңабаев

Күні: 27.10.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Сөйлем құра»

**Мақсаты:** айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	<p align="center"><b>«Ойлан да аяқта» ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.</p> <p><b>Шарты:</b> Педагог сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемдерді аяқтайды.</p> <p>Ат шабады, ал қарлығаш.... Қозы..., сиыр...., Бота --- ...төлі, Лақ..., Құлыншақ....</p>	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды
Ойын барысы	<p align="center"><b>«Бір сөзбен» ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>Шарты:</b> Төмендегі тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын бір сөзбен қалай беруге болады?</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Жүрек жұтқан.</li><li>2. Көш ілгері.</li><li>3. Су тегін.</li><li>4. Ханға сәлем бермеу.</li><li>5. Тістен шығармау.</li></ol> <p align="center"><b>«Сөйлемді аяқта»</b></p> <p><b>Ойын мақсаты:</b> Ауыл, қала туралы түсініктерін кеңейту, байланыстырып сөйлеу тілдерін жетілдіру.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Мен сөз айтамын, сендер сөздерге сөз қосып, сөйлемді аяқтандар.</p> <p><b>Ойын мазмұны:</b> Мен ауылға.... Қалада..... көп. Мен ауылға атама.....</p>	Ойынға қызыға қатысады

**Күтілетін нәтиже :** айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айта алады

Мексеріңді  
Ш. Мамбетов

**Күні:** 03.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Жұмбақ құрастыр»

**Мақсаты:** Берілген суреттердің бас әрпін тауып, бағдар бойынша суреттерді әріптермен белгілеп, сол бойынша әңгіме құрауға үйрету, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<p data-bbox="124 976 368 1043">Ұйымдастырушы кезең</p> <p data-bbox="124 1234 320 1267">Ойын барысы</p>	<p data-bbox="523 797 1075 976">Балалар сендер жұмбақтарды шешкенді жақсы көресіңдер ме? Жұмбақтар әр түрлі болады екен. Олармен жақынырақ танысу үшін мен сендерді жұмбақтар көрмесіне шақырамын. <b>«Жұмбақ сағат»</b> <b>Ойын шарты:</b>Берілген сағат үлгісіндегі суреттердің бас әрпін тауып бағдар бойынша екеуін көрсетеді, сол суреттегі көріп тұрған заты бойынша әңгіме құрайды. Мысалы, Мынау алма, алма сөзі « А» әрпінен басталады. Сағаттың бір тілін алма суретіне, бір тілін әріпке апарды. Алма ағашта өседі, дәмі тәтті, пішіні дөңгелек т.с.с.</p> <p data-bbox="504 1352 1094 1420"><b>«Суреттердің жартысын тауып, буынды қосып оқы»</b></p> <p data-bbox="480 1429 1118 1532"><b>Ойын мақсаты:</b> Суреттердің жартысын тауып, буындарды қосып оқуға үйрету. Ойлау, сөйлеу тілдерін дамыту.</p> <p data-bbox="480 1541 1118 1787"><b>Ойын шарты:</b> Әр балаға суреттердің жартысы қиылған суреттер беріледі, астында буындары жазылған. Суреттің жартысын тауып, буындарды қосып оқиды. Мысалы: Кесенің жартысын тауып, бүтін кесе құрастырады, астындағы буындарды қосып оқиды, КЕ-СЕ,ҚО-БЫЗ, АЛ-МА т.с.с.</p>	<p data-bbox="1150 943 1422 1010">Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды</p> <p data-bbox="1150 1155 1414 1223">Жұмбақты қызыға шешеді</p>

**Күтілетін нәтиже :** Берілген суреттердің бас әрпін тауып, бағдар бойынша суреттерді әріптермен белгілеп, сол бойынша әңгіме құра алады

Мексеріңді  
Ж. Жанұлы

**Күні:** 10.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Қалай дұрыс айту керек?»

**Мақсаты:** Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең  Ойын барысы	<p>Қане тақтадағы суреттерге назар аудара қойыңдаршы.</p> <p>Бір күні топ бөлмесінде Раушан қуыршақпен ойнап отыр еді, Ақбота келді де қуыршағын сұрады. Раушан қуыршақты бергісі келмеді, себебі ол жаңадан ған ойнай бастаған еді. Ақбота қуыршақты Раушаннан тартып алмақшы болып еді, қуыршақтың аяғы жұлынып қалды.</p> <p>- Қалай ойлайсыңдар, кімдікі дұрыс емес? - Ақбота дұрыс істемеді. Ойыншықты тартып алмауы керек еді.</p> <p>- Ия, Ақботаның ісі дұрыс емес, ойыншықты жұлқып тартуға болмайды. Ойыншықты күтіп, ұқыпты ойнау керек. Раушанда дұрыс істемеді, ол ойыншықты жаңадан алған болса, соны Ақботаға түсіндіріп, «Мен біраз ойнайын, сосын саған беремін» - деп айту керек еді. Ойыншық тек Раушандікі ғана емес, барлық топ балаларының ойыншығы еді. Сондықтан балалардың кезектесіп ойнағаны жөн еді.</p> <p>Енді «Жақсы және жаман» деген ойын ойнайық. Ойын шарты: Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып, жақсы болса мына тақтадағы қызыл жолаққа, ал жаман болса мына көк жолаққа қоямыз. (Балалар суреттері орындарына орналастырады)</p>	Сурет бойынша әңгіме құрайды

**Күтілетін нәтиже :** Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдана алады



Тексерілді  
Ж. Мамбетов

**Күні:** 17.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** «Ойнайықта ойлайық»

**Тақырыбы :** «Аңдарды орманға орналастырайық»

**Мақсаты:** балалардың орман аңдары жайлы түсінігін қалыптастыру және аңдардың түрлерімен таныстыру.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең  Ойын барысы	<p>Балалар біз бүгін орман аңдарының төрт түрімен танысамыз. Олар аю, қасқыр, түлкі және де қоян.</p> <p>Балалар бұл аңдардың барлығын біз орман аңдары дейміз. Өйткені олар орманда өмір сүреді.</p> <p>- Балалар қараңдаршы мұнда паравоз және орман аңдары тұр екен. Бұлар поездға мініп жолбарысқа қонаққа барайын десе паравоздың вагондары жоқ екен. Біз бірнеше тапсырмаларды орындап, аңдарға вагондарды тауып беруге көмектесек қалай қарайсыңдар?</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• «Аңдар немен қоректенеді?» ойыны Ойын шарты: тақтада бейнеленген әр аңның өз қорегін табу.</li><li>• «Аңдарды мекеніне орналастыр» ойыны Ойын шарты: қорапшаларға орман және үй бейнесі бейнеленген. Үй жануарларын және орман аңдарын өз мекеніне орналастыру.</li><li>• «Қызықты текше» қимыл - қозғалыс ойыны Ойын шарты: текшеде орман аңдарының суреті бейнеленген. Педагог текшені ортаға лақтырады, текшеден қай аңның бейнесі түссе, балалар музыка ырғағымен сол аңның қимылын салу қажет. Ойын мақсаты: балалардың қимыл - қозғалысын, ірі моторикасын дамыту. Ойынға қызығушылығын арттыру.</li></ul>	Ойынға қызығушылықпен қатысады

**Күтілетін нәтиже :** балалар орман аңдары жайлы түсінеді және аңдардың түрлерімен танысады.

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

**Күні:** 24.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ойнайықта ойлайық

**Тақырыбы :** «Ненің ізі?»

**Мақсаты:** аңдардың ізін ажырата білуге тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	<p>Балалардың назарын далаға жаңадан жауған қарға аударады.</p> <p>Ол қандай? (таза, аппақ, жарқырайды)</p> <p>Қардан нені көруге болады?</p>	
Ойын барысы	<p>Бұл іздердің иелерін кім табады? (Адам, жануар, құстар).</p> <p>Дидактикалық ойын: «Аңдарды ізінен таны»</p> <p>2.Негізгі бөлім/оснавная часть:</p> <p>(Тақтадан аюдың ізі мен даусы шығады)</p> <p>-Балалар, мынау ненің даусы екен? (аю)</p> <p>-Аюдың үйін, балалар, апан деп айтамыз. Аю қысқа жаздан бастап қамданады. Қыста ол өз апанына кіріп, ұйықтайды</p> <p>(тақтадан қасқырдың даусы естіліп, ізі көрінеді)</p> <p>-Балалар, мынау ненің даусы, ненің ізі (қасқыр)</p> <p>Қасқыр-жыртқыш жануарға жатады. Қыс бойы жортып жүреді, жолда кездескендердің бәрін жейді. Оның үйінде апан деп айтамыз.</p> <p>-Балалар, қасқырдан байқап жүру керек. Оның ізі үшкір болады. Өйткені, оның тырнақтары бар</p>	Ойынға қызығушылықпен қатысады

Тексерілді  
 Ш. Мамбетов

**Күні:** 08.12.2021ж

**Вариативтік компонент:**

**Тақырыбы :** «Ұқсас сөздер »

**Мақсаты:** : антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
<p>Ұйымдастырушы кезең</p> <p>Ойын барысы</p>	<p align="center"><b>Керекті сөзді тап»</b></p> <p><b>Ойынның мазмұны:</b> Педагог сөйлемдерді оқып отырғанда, бала керекті сөзді табады.          Қыста өте суық және жиі...(жаңбыр, қар, бұршақ) жауады.          Жазғы каникулда Ермек...(конькимен, шанамен, велосипедпен) ойнайды.          Тамақ үстінде ең дұрысы ...(оқу, ойнау, үндемеу).          Қызық кітапты...(суға, қошақанға, досыма) беремін.          Өзенге үлкен ...(үй, көпір, қақпа) салынды.          Адамдардың көңілі...(жөтелді, көтерілді, жиналды).          Автобус Алматының шетіне дейін ...(жүзеді, ұшады, барады).          Шаңды...(ағашпен, темірмен, шүберекпен) сүрттім.</p> <p align="center"><b>«Қарама-қарсы сөздер»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> балалар бір-біріне кезекпен допты лақтырып, антоним сөздерінің бірін айтады. Ал допты қағып алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айтуы керек.</p> <p align="center"><b>«Заттарды топта»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> суреттерге қарап, заттарды топқа бөлу,және олардың жалпы атауын атау. Мысалы, ойыншықтар, көкөністер, жемістерт.б.</p> <p align="center"><b>«Кім жылдам?»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> отбасы мүшелерін үлкенінен кішісіне қарай ататып, ретімен орналастырады. Балалар ат қоюдан жарысады. Өз топтарындағы</p>	<p>Ойынға қызығушылықпен қатысады</p>

	балалардың аттарын жылдам атауға үйренеді. Өздерінің достарын атайды.	
--	--	--

**Күтілетін нәтиже :** антоним сөздерді салыстырады

*Тексерілді*  
*Ж. Мамбетов*

**Күні:** 15.12.2021ж

**Вариативтік компонент:**

**Тақырыбы :** «Сиқырлы дыбыстар»

**Мақсаты:** . Дыбыстар туралы түсінігін кеңейту және логикалық ойлау қабілетін дамыту, қалай қабылдайтынын зерттеп дамыту.

Іс –әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс – әрекеті.	Балалардың іс – әрекеті.
Ұйымдастырушы кезең	Бізге төрт сандық берілген.Егер барлық ертегінің жауабын тапсақ,төрт сандықта ашылады.	
Мотивациялық қозғалушылық Ұйымдастырушылық ізденушілік	-Топта музыка ойнап тұрады. Балалар осы музыкада сендерде қандай сезім пайда болды? -Балалардың жауабынан соң тәрбиеші балаларға музыка бойынша сурет салуды ұсынады. Суреттерін салып болған соң балалар әр қайсысы әңгімелеп береді. Балалар одан соң түрлі жағымды музыкалар тыңдап олар туралы айтып береді. -Мейірімділік дегенде не түсінесіңдер? -Ия, кішілер жыласа оны жұбатамыз. -Киімдерін кие алмаса, оларға көмектесеміз. -Қарны ашып жылап жатса оларға нан әкеп береміз. -Үсті басы кір, лас болса оның киімдерін ауыстырамыз. -Балалар күн ана өзінің мейірімін шуағын төгіп біздің бетімізге, саусақтарымызға, алақанымызға мейірім шуағын төгеді. -Аналарың да отбасындағы адамдарда сендерге мейірім шуағын төгеді. -Балалар сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма? -Балалардың білімдерін сұрақтар беру арқылы кеңейту. -Балаларды мақтап, мадақтау.	Мейірімділік қасиеттерін музыка арқылы сезінеді.  Бір-біріне жанашырлықты түсінеміз.  Балалар күн ананың шуағын төгу арқылы күнді бейнелейді.
Рефлексивтік түзетушілік		Ия.

**Нені игереді:** Әдепті, мейірімділікті, каталдық, қатыгездік пен салыстыруды біледі.

**Күні:** 19.10.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Сыпайылық туралы.

**Мақсаты:** Балаларды сыпайылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Сыпайы сөздерді қолдана білуге үйретеміз.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Мотивациялық қозғалушылық</b></p> <p><b>Ұйымдастырушылық ізденушілік</b></p> <p><b>Рефлексивтік түзетушілік</b></p>	<p>-Балалар сендермен қазір бір ойын ойнаймыз. Ол ойын: «Ғажайып сөздер» деп аталады.</p> <p>Ойын: Балалар қол ұстасып дөңгелек болып тұрады. Бір ойыншы ортаға шығады. Ортада сыртқа шығу үшін ортадағы ойыншы дөңгелекте тұрған бір ойыншыны таңдап алып оған сондай әдемі жылы сөздер айту керек. Ол сөздерге сенген ойыншы оны ортадан сыртқа шығарады. Егер ол бала оның сөзіне сенбесе одан да сыпайы сөздерді келесі балаға айтып дөңгелектен шығуға тырысады.</p> <p>Ойынды екінші бала жалғастырады.</p> <p>-Келесі ойын: «Сыпайылық қадамдары».</p> <p>Мен сендерге сұрақ қоямын, ал сендер сыпайылыққа жататын қылыққа қол соғасыңдар, жатпайтын сөзге қол соқпайсыңдар.</p> <p>-Үлкеннің сөзін бөлген бала сыпайы бола ма? -</p> <p>Ойыншығын бөліспейтін бала ше?</p> <p>-Үлкендерге бірінші болып сәлем беретін бала ше?</p> <p>- «Мүмкін бе?», «Кешіріңіз» деген бала ше? -</p> <p>Жарайсыңдар сендер ойындар арқылы сыпайы сөздер біліп алдыңдар.</p> <p>-Балаларды мақтап, мадақтау.</p>	<p>Балалар «Ғажайып сөздер» ойынын қызықты ойнады.</p> <p>Қол соқпайды.</p> <p>Қол соқпайды.</p> <p>Қол соғады.</p> <p>Қол соғады.</p>

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

**Нені игереді:** Балалар сыпайылық туралы біліп алды.

Күні:26.10.2021ж

Вариативтік компонент:Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы:Қонақ күтіп алу.

Мақсаты:Балаларға қонақты жақсы күтіп алып,оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Мотивациялықозғалушылық</b></p> <p><b>Ұйымдастырушылықізденушілік</b></p> <p><b>Рефлексивтік</b></p>	<p>-Балалармен қуыршақтармен қонақты сыйлау рәсімін ойнау. Қонаққа Қазыбектің үйіне екі жолдасы Сұлтан мен Алмас келеді. Қазыбек балаларға кітаптарын көрсетіп,музыкалық аспапта ойнап береді.Одан соң балаларды асқа шақырып тәтті торт пен жемістер береді.Одан соң Қазыбектің мамасы қуыршақ театрын ойнауды ұсынады.Ал,балалар қалулары бойынша ойын ойнады. - Балалар сендер қонақты қалай күтіп аласыңдар? -Қазыбек қонақтарын қалай күтіп алды сендерге ұнады ма? - Қонақтар өздерін жақсы сезіне алды ма? Қазбек қандай бала екен? -Шақырылған қонақтардың көңілді отыруын қарастырыңдар. - Қонаққа беретін сый-сыйапатты ұмытпаңдар. -Үй иелерін көп күттіріп қойма? Шақырылған уақытында бар. - Өздерінде ұзақ отырып</p>	<p>Балалар қонақтарды қалай күтіп алуларын білді.</p> <p>Ойыншықтарымызды береміз. Жақсы. Ия. Жақсы бала. Ия.</p> <p>Қонақ күтуді. Ия әрине ұнады.</p>

<b>түзетушілік</b>	қалмаңдар. -Балалар қонақтар бір-бірін танымаса оларды бір-біріне таныстыруды ұмытпаңдар. -Сендер не үйрендіңдер? -Сендерге Қазбектің әрекеті ұнады ма? -Балаларды мақтап,мадақтау.	
--------------------	---	--

**Нені игереді:**Қонақтардың көңілін көтеру керектігін,қонақты жақсы күтіп алу керектігін біледі.

Мәксеріңді  
Ж. Шамалдан

**Күні:** 02.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қонақтарды шығарып салу.

**Мақсаты:** Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету, ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялы қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік	«Қонақта» өлеңі. Көтеріміз көңіл біз Ертегілер елінен Бүгін біздің тойға Олар түгел келіпті Қасқыр шаппай қойға Құшыпты Аю Елікті Барыс, Қоян, Түлкі Қастықты енді білмесін Аю, Қабан, Кірпі Қол ұстасып билесін. -Балалар бұл жердегі қонақ аңдар бір-бірімен достық қатынаста. Олар бір-бірімен жақсы таныс орман тұрғындары. -Балалар сюжеттік-рөлді ойын ойнайды. Ол үшін түрлі орталықтар құрылады. Қонақ иесі ақылды қонақ болып, Үкі болып қонақ қабылдайды. Бір орталықта қонақтарға ән айтып берілсе, екінші орталықта түрлі ойындар ойналды. Ал үшінші орталықта түрлі үстел үсті театры ойналады. Қонаққа келген балалар рахметін айтып қонақта өте қызық болғанын айтып қоштасады. -Сендердің үйлеріңе де қонақтар келген бе? -Қонақ келсе қызық бола ма? -Ия олармен ойнайсыңдар, оларды көңілді етіп шығарып саласыңдар. Балаларды мактап, мадақтау.	Балалар өлеңді мұқият тыңдады.  Ертегіде ғана аңдар бос болатынын біледі.  Балалар сюжетті рөлді ойынды қызықты ойнады.
Рефлексивтік түзетушілік		Ия. Өте қызық болады.

**Нені игереді:** Қонақтардың көңілін көтеру керектігін біледі

Тексерілген  
Ж. Т. Т. Т.

Күні:09.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қонақ күтудегі дәстүрлер.

**Мақсаты:** Балалардың қонақ күту жайлы білімдерін тиянақтап әдептілікке, адамгершілік қасиеттерге баулу тілдерін дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялы қозғалушылық</b>  <b>Ұйымдастырушылық ізденушілік</b>	<p>-Балалар залда отырып сәлемдеседі. «Қазақтың дәстүрлері ай»-әнімен сабақты бастайды.</p> <p>-Балалар, біз қандай ән тыңдадық? -Біз қандай дәстүрлерді білеміз? Кім айтады?</p> <p>-Осы дәстүрлердің, тойлардың ең құрметті, ең сыйлы адамдары кімдер?</p> <p>-Қонақ күтудің сан алуан түрлі себептері бар олар нелер?</p> <p>-Қонақ келгенде.....</p> <p>-Бұдан кейін?</p> <p>-Қонаққа дастархан жайып.....</p> <p>-Дастарханға.....</p> <p>-Ал қонақ күтуге дастарханымыз дайын, ал қонақты шығарып салу кезінде жоралғы ретінде сыйлық ұсынуымыз керек. Олар нелер екен?</p> <p>-Балалар қонақтарға зергерлік бұйымдар беруге де болады.</p> <p>-Қане бәріміз ермексазбен зергерлік бұйымдар мүсіндеп көрейікші. Сол бұйымдарды қонаққа береміз.</p> <p>«Қазақы дастарханым» әнімен сабақты аяқтайды.</p> <p>-Балалардың еңбегін мақтап, мадақтау.</p> <p>-Сұрақтар арқылы балалардың білімдерін шыңдау, кенейту.</p>	<p>Қазақтың дәстүрлері туралы. Бесікке салу, ат қою, тұсау кесер, сүндет той т.б Қонақтар.</p> <p>Амандасамыз, көрпеше төсейміз, төрге шығарып нан қоямыз.</p> <p>Қамшы, айырқалпақ, камзол, орамал, тақия.</p> <p>Балалар мүсіндеді.</p>
<b>Рефлексивтік түзетушілік</b>		

**Нені игереді:** Қонақ күтудегі дәстүрлерді біледі.



Мексеріңді  
 Ш. Мамалбаева

**Күні:** 16.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Мақал-мәтел және әдептілік.

**Мақсаты:** Мақалдардың көмегімен балалардың ой-өрісін дамыту, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Мотивациялы қозғалушылық</b></p> <p><b>Ұйымдастырушылық ізденушілік</b></p> <p><b>Рефлексивтік түзетушілік</b></p>	<p>-Балалармен мақал-мәтел жарысын өткізу. Тәрбиеші мақалды халық шығарғанын олардың әр түрлі тақырыптарға арналатынын айтып бірнеше мақал оқып береді. Мақал оқып оның мағынасын айтып берген топтың жүлдеге ие болатынын айтып балаларды екі топқа бөледі. -Бірінші тақырып:</p> <p>Оқу, білім туралы:</p> <p>-Оқу білім бұлағы                      Білім өмір шырағы</p> <p>-Оқу инемен құдық қазғандай</p> <p>Еңбек туралы:</p> <p>-Еңбек ет те, мақтан                      Ойнап күлде, шаттан.</p> <p>-Еңбек түбі-бейнет,                      Бейнет-түбі зейнет.</p> <p>-Еңбексіз өмір,                      Сөнген көмір.</p> <p>Достық туралы:</p> <p>-Досы көпті жау алмайды,                      Жолдасы көпті жау алмайды.</p> <p>-Жүз теңгең болғанша,                      Жүз досың болсын.</p> <p>Жарайсыңдар балалар сендер көп мақал біледі екенсіңдер.</p> <p>-Мақалдардың не үшін айтылғанын да білдіңдер осымен жарысымыз аяқталды.</p> <p>-Балаларды мақтап, мадақтау.</p>	<p>Балалар мұқият тыңдады.</p> <p>Оқусыз білім жоқ                      Білімсіз күнің жоқ.</p> <p>Еңбек етсең ерінбей,                      Тояды қарның тіленбей.</p> <p>Доссыз адам жапырақсыз ағашпен тең.</p>

**Нені игереді:** Мақалдарды қарапайым халық шығарғанын біледі.

Тексерілді  
Ж. Т. Т.

Күні: 23.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Сөздің көркі мақал.

**Мақсаты:** Мақал түрлерімен таныстыру, ата-бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Мотивациялы қозғалушылық</b></p> <p><b>Ұйымдастырушылық ізденушілік</b></p> <p><b>Рефлексивтік түзетушілік</b></p>	<p>Шаттық шеңбері: Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздер ме, балалар! Өздеріңіз білесіздер, қазақ халқы эрқашанда сөз өнеріне үлкен мән берген, бір ауыз сөзге тоқтаған. «Сөздің көркі мақал» деген мақал арқылы халқымыз бүкіл өмірлік тәжірибесін, өсиет-өнегесін жеткізе білген, түіндеген. Мақалдың бала тәрбиесіндегі көмегі орасан зор. Мына суретте нелер бейнеленген? -Үй жануарларына не жатады? -Олардың қандай пайдасы бар? Төрт түлік туралы мақалдарда бар екен. Мысалы: Сиыр сүті-тілінде. Ас-адамның арқауы. Түйе атасы- нар. Мал өсірсең қой өсір. -Балалар еңбек жайлы қандай мақалдарды білеміз? Ал әдептілік жайлы ше? Жарайсыңдар балалар сөздің көркі мақал деп босқа айтпаған екен ия. Мақал адамды тәрбиелей ме? Балалардың білімін сұрақтар арқылы кеңейту. Балаларды мақтап, мадақтау.</p>	<p>Балалар шаттық шеңберін орындады.</p> <p>-Үй жануарлары. -Сиыр, жылқы, қой, түйе. -Сүтін ішеміз, етін жейміз.</p> <p>Балалар тыңдайды. Асан: Еңбек ер атандырады. Мерей: Еңбек түбі береке. Үсен: Еңбегіне қарай өнбегі. Бекзат: Әдепті бала- арлы бала. Әдепсіз бала-сорлы бала. -Ия тәрбиелейді.</p>

**Нені игереді:** Мақал балаларды адамгершілікке, әдептілікке үйрететінін білді.

Мексеріңді  
Ж. Мамбетов

Күні: 30.11.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** «Телефон».

**Мақсаты:** Байланыс қызметі түрлерімен таныстыру. Ой-өрісін, сана-сезімін, дүниетанымын дамыту. Мейірімділікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялы қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік</p>	<p>Балалармен амандасып, құрал-жабдықтарын алғызып, сабаққа назарын аудару. Балалар адамдар бір-бірімен байланысқа шығу үшін не керек?</p> <p>-Дұрыс бүгін қандай байланыс қызметтері бар соны өтеміз. Балаларды жақын жерде орналасқан байланыс қызметінің мекемесіне апарып, олардың түрлерімен мамандық иелері аттарымен таныстыру. Байланысшы, хат тасушы, телеграмма қабылдаушы т.б .сабақ барысында тәрбиеші балаларды қосымша телефон-телеграф, радио, почта т.б. байланыс түрлерімен таныстыру. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет екендігі туралы айтады.</p> <p>«Почташы». Ойын барысында балаларды үлкендермен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Әй, телефон, телефон Мамам келіп бұраса Кім керегін сұраса. Тез шақырып келесі, Айтқанына көнесің. Әй, телефон, телефон, Ал мен келіп бұрасам, Кім керегін сұрасам, Тыңдамайсың бірін де Гүлдейсің, мұның не?</p> <p>-Телефонмен сөйлесу мәдениеті дегенді қалай түсінесің? -Бүгін қандай тақырып өттік? -Адамдар бір-бірімен байланысқа шығу үшін не керек? Сабаққа жақсы, белсенді қатысқан баланы мадақтау.</p>	<p>Жұмбақтың шешуі: «Телефон».</p> <p>Ойын ойнайды.</p> <p>«Телефон» Ө. Ақып-беков, оқып беру.</p> <p>«Телефон» сымтетігі жайлы әңгімелестік.</p>

**Нені игереді:** Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет екендігі туралы айтады.

Тексерілгені  
Ж. Т. Т. Т.

Күні: 07.12.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** «Көргенді көшеде».

**Мақсаты:** Балаларды көше мәдениетін сақтап, тәртіпті болуға, тазалықты сүйеге тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялы қозғалушылық	-Балалар, мен бүгін сендерді Е.Өтетілеуов ағамыздың біраз өлеңдерін оқып беремін. Ал сендер өлеңдерді тыңдап маған олар не туралы екенін айтып беріңдер.	Балалар өлеңдерді мұқият тыңдайды.
Ұйымдастырушылық ізденушілік	Ісі түлкі оқысты Шашты жолға қоқысты Салақтықты даттаймыз Тазалықты сақтаймыз!  -Әлденеге асыққан Жүгіргенде Асылхан Қағып кетті бір қартты Киіп-жарып зырлауын Өгіз бе еді мынауы Ел не дерін білді енді -Мүйізтұмсық-бұл деді!  -Ит-серік қашан да Малшыға, шопанға Бүгін де ермек табылды Тентек сары пысыққа Дүрліктірді ол ауылды Итін қосып мысыққа	Артық заттарды, қағаздарды, балмұздақ орауышы және әлдене қабықтарын қоқыс салатын жәшіктерге салу керектігін біледі.  Мәдениетті адам мұрнын шұқып, түкіре бермейтінін біледі.
Рефлексивтік түзетушілік	-Көшеде тәртіпті балалар Өзін қалай ұстайды? -Көшеде де, ауылда да Айқайлауға болмайды.  Итерісіп-төбелесіп жүрген жан тәрбиелі кісі деп саналмайды. Балаларды мақтап, мадақтау.	Тәртіпті болу керек.

**Нені игереді:** Көше мәдениетін сақтап, тәртіпті болу керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Т. Т. Т.

**Күні:** 14.12.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** «Отаным-Алтын бесігім».

**Мақсаты:** Балаларды Отанды сүйуге, өз Отанына деген сыйластық сезімін туғызу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялы қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік</p>	<p>«Отан-отбасынан басталады» деген мақалды балаларға айтып беру. Балалардан «Отан» дегенде қалай түсінетіндіктерін сұрау. Отанымыз Қазақстан туралы Астана қаласы туралы сурет бойынша әңгімелеу. Өз өлкеміз Оңтүстік Қазақстан қысқаша мәлімет беру. Өлкемізде қандай Отанын сүйетін батыр аға әпкелер туралы әңгімелейді. Олардың барлығы Отан үшін еңбек етіп жүр. Сендер де сол аға әпкелердің жолын қуып отан үшін еңбек етіп, қызмет ету біздің міндетіміз. Отанымызды сүйюіміз керек. Отан отбасынан басталады. Өзіміздің үмізіміз ол біздің отанымыз. Отбасындағы адамдарды қалай сыйлаймыз. Қазақстан Республикасының адамдарын да солай сыйлап қадірлеуіміз керек. Біздің отанымыз Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы. Өзіміздің туған өлкеміз Оңтүстік Қазақстан облысы өз ауылымыз Темірлан елді мекені ауылын мақтан етіп жүруіміз керек.</p>	<p>Балалар отан туралы өз түсінгендерін айтып береді.</p> <p>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.</p>

**Нені игереді:** Отан туралы, отанды қорғау керек екенін

Тексерілген  
Ж. Т. Т.

**Күні:**21.12.2021ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** «Сұлулық туралы».

**Мақсаты:**Сезім мүшелеріміз арқылы сезінеміз:пішін мен түсті-көзбен көру арқылы,дыбысты есту арқылы,иісті-мұрын арқылы сезінетінімізді үйрету.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялы қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік</p>	<p>«Сұлулық деген не?»</p> <p>Көбінесе біз сұлулық деп сыртқы сұлулықты айтамыз.Бұны біз сезім мүшелеріміз арқылы сезінеміз:пішін мен түсті-көзбен көру арқылы,дыбысты есту арқылы,иісті-мұрын арқылы,денеміздің бір жерге жанасқанын түйсік сезімі арқылы сезінеміз. «Ұрық» аңызы: Бір күні әйел түс көреді.Түсінде құдай дүкен ұстап тұрады.</p> <p>-Құдай,бұл сен бе?-дейді ол қуанышты үнмен.</p> <p>-Иә,бұл мен,-деп жауап береді Құдай.</p> <p>-Сенен не сатып алуға болады?-деп сұрайды әйел.</p> <p>-Менде бәрі бар-деген естіледі.</p> <p>-Ондай болса,маған денсаулық,бақыт,сұлулық,махаббат,табыс,көп ақша берші.</p> <p>-Құдай жымияды да,сұраған нәрселерді алып келуге кетеді.Көп ұзамай ол кішкентай қорап әкеледі.</p> <p>-Бар болғаны осы ма?!-дейді әйел бір жағынан таңданып,бір жағынан көңілін су сепкендей басылып.</p> <p>-Иә,бары осы-деп жауап береді Құдай.Менің дүкенімде тек ұрықтар сатылатынын білмедің бе?</p> <p>-Мұнда бәрін сатып ала алмайсың.Оны өзің өсіруің керек.</p> <p>Әр адам-өз бақытының құрылысшысы,деп жауап береді.Қорытындылау.</p>	<p>Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Балалар аңызды қорытындылап «бақыт өз қолдарында» екенін түсіндіру.</p> <p>Әр күндерінді жақсы көңіл-күймен бастандар!</p> <p>Балаларды мақтап,мадақтау.</p>

**Нені игереді:**Сұлулықты-сезім мүшелеріміз арқылы сезінетіндерін біледі.

Тексерілген  
Ж. Б. Б. Б.

Күні: 28.12.2021 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Жаңа жыл

Мақсаты: Балаларға шырша мерекесі арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау. Жаңа жыл мерекесіне дайындықтарын бақылау.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	- Сәлемдесу. Қонақ күту салтымыз, Оқып біліп жатырмыз. Келген қонақ сіздерге, Сәлем бердік жалпымыз. Ұранымыз! Бір, екі, үш, Отырамыз тып тыныш. Жалқаулықты тастаймыз, Сабақты біз бастаймыз. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыста далада қандай өзгерістер болады? -Қыста қандай мереке бар? -- Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдер ме? - Ал жаңа жыл мерекесінде не міндетті түрде болу керек? -Шыршаны қайдан алуға болады? -Мерекеге шыршаны дайындау үшін не істейміз? Жұмбақ шешу. Тікен – тікен тік пісте, Қысы – жазы бір түсте. Ол не?( Жақында Жаңа жыл мерекесі болады. Ортада шырша тұрады, әсем етіп безендіріледі. Онда көптеген ойыншықтар болады, сол ойыншықтарды қағаздан киіп та жасауға болады екен, балалар. Мультфильм көру «Маша мен аю». Әр бала өз ойын айтады. Мұқият, қызығушылықпен тыңдайды. Түсінгендерін әр бала әңгімелеп береді. . Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бекіту. Балаларды мақтап мадақтау. Балаларға жұлдызшалар тарату. Сұрақтарға жауап береді.	Қонақ күту салтымыз, Оқып біліп жатырмыз. Келген қонақ сіздерге, Сәлем бердік жалпымыз. Ұранымыз! Бір, екі, үш, Отырамыз тып тыныш. Жалқаулықты тастаймыз,  Сабақты біз бастаймыз. Балалар сұрақтарға жауап береді  Шырша Сұрақтарға жауап береді  Суретке қарап тамсанып отырады <b>Билингвальды компонент:</b> Шырша-Елка Жаңа жыл-Новый год
Рефлексивтік түзетушілік.		

Нені игерді: Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі.

Тексерілген  
 Ш. Шайдар

**Күні:** 04.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қыс мезгіліндегі ойындар.

**Мақсаты:** Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету. Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білуге үйрету. Бір-біріне камкор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p><b>Мотивациялық қозғалушылық</b></p> <p><b>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</b></p> <p><b>Рефлексивтік түзетушілік.</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>                      Армысың, Алтын күн!                      Армысың, Жер Ана!                      Армысың, көк аспан!</p> <p>Балалар, аяз жылдың қай мезгілінде болады?                      – Қыс мезгілінде болады. Қыс айларын білесіңдер ме?                      – Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?                      – Қыста біздер қалай киінеміз?                      – Жылы киімдерімізді киеміз.                      – Қандай қысқы ойындарды білеміз?                      Бірақ біз қыстан қорықпаймыз денемізді шындаймыз, жылы киінеміз. Сырғанап ойнап, аққала жасаймыз.                      Үстел үстінде әр мезгілдің киімдері ілінеді, осы киімдердің ішінен артық киімдерді табу керек. Табылған артық киімдерді қай мезгілде киетінін сұрау.</p> <p><b>«Аққала» дидактикалық ойыны.</b>  <b>Ойын шарты:</b> Үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: басына киетін шелегі, аузы, қолы, сыпырғышы, ілгегі сияқты суреттері жатады. Балалар осы бөліктерді алып, артындағы сұраққа жауап беріп іледі                      – Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?                      – Қыста ойнайтын қандай ойындарды білесіңдер?                      – Қардан не жасаймыз?                      – Сырғанаққа бару үшін қалай киіну керек? Балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p>Балалар шаттық шеңберін жасады.</p> <p>Қыста, қыс мезгілінде. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан                      Салқын болады, беті-қолымыз тоңады. Қар жауады, боран болады. Аққала соғамыз, шанамен сырғанаймыз, шаңғы, коньки тебеміз.</p> <p>Балалар ойындарды қызығушылықпен ойнайды.</p> <p>Аққаланың неше бөліктен тұратынын, қандай геометриялық фигуралардан құралғанын, оны неден жасайтынын айтады.</p> <p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>

**Нені игерді:** Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажыратып, ұйымшылдықпен ойнау керектігін біледі.



Тексерілді  
Ш. Шайдар

Күні: 11.01.2022ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі

**Мақсаты:** Тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруді үйретуді жалғастыру. Жиһаз атауларымен таныстыру. Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.

Достарының, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу. .

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық козғалушылық  Ұйымдастырушы- лық ізденушілік.          Рефлексивтік түзетушілік.	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды қаламыз Жайнай түсті даламыз Қайырлы таң балалар! Қайырлы таң апайлар! <b>Ғажайып сәт:</b> Балалар бүгін қонаққа кім келді? Музыка әуенімен қуыршақ билеп кіреді Сәлеметсіңдер ме балалар? -Балалар мен қуыршақ боламын. -Қуыршақ қош келдің, біз бүгін балалармен Айгерімнің бөлмесі туралы оқу іс-әрекетін өтіп жатырмыз, сенде қатысқың келеді ма? -Ой қандай жақсы болды менде қатысайыншы? Балалар қуыршаққа ойыншық туралы тақпақ айтып береміз бе? -Балалар Айгерімнің өз бөлмесі бар екен. Қане қараңдаршы? -Бөлмесі қандай? -Бөлмесінде не бар екен? -Дұрыс жиһаздар, орындық, үстел, керуерт. Біздің топта үстел бар ма? -Біздің топта шкаф бар ма? -Балалар, сендердің бөлмелерінде қандай жиһаздар бар?  Әйгерімге не керек дидактикалық ойыны: Балалар өздеріне берілген ойынды пайдалана отырып Әйгерімге не керек екенін табуы керек.  Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесінде қандай жиһаздар бар екен?  Сұрақ-жауап арқылы оқу-іс әрекетін қорытындылау.	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды қаламыз Жайнай түсті даламыз Қайырлы таң балалар! Қайырлы таң апайлар!          Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін Кешке дейін жалықпай Олармен ойнап жүремін. Жиһаздар, орындық, үстел, керуерт. Ия, көп жиһаздар бар.  Жиһаздар бар Балалар ойын ойнайды    жиһаздар, орындық, үстел, керуерт <b>Билингвальды компонент:</b> Жиһаз-мебель, Үстел-стол, Орындық-стул.

**Нені игерді:** Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды біледі.

Тексерілді  
Ж. Маулишев

**Күні:** 18..01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Нұр-Сұлтан -бас қала.

**Мақсаты:** Балаларға Елордамыз Астана жайлы түсінік беру, Тұңғыш президенті күні жайлы әңгімелеу, Президентіміз жайлы түсінік беру, Астанаға саяхат жасау арқылы астананың көрнекті жерлерімен таныстыру. Ұйымшылдыққа, Отансүйгіштікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.          Рефлексивтік түзетушілік.	Шаттық шеңбері. Қуанамын менде, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге.Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! - Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біз қазақ деген ұлтпыз. Біздің президентіміз – Н.Ә.Назарбаев. Еліміздің астанасы – Астана қаласы. 1997 жылғы 20 қазандағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылғы 6 мамырдағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Қаланың ортасында ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағы қала халқы денмалатын жағажайға айналды. Бәйрөтек – Астананың символы. Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ. Енді балалар, астанаға саяхат жасаймыз: Астананың көрнекті жерлерін білесіңдер ме? Астана туралы білетін тақпақтарыңды айтыңдаршы: Диас: Астана арман, қала, Бағы бір жанған қала. Тұрады ол жап-жас болып, Мен үлкен болғанда да.  Дидактикалық ойын. «Ойлан тап». жауап жүргізу арқылы қорытындылау. Мақтап- мадақтау.	Әсемай: Ел намысы – Нұр Аға, Жер ырысы – қыр дала, Су шынысы – зер мұнай, Тау тынысы – гүл лала.     Мынау парламент үйі. - Мынау бәйтерек. - Мынау жабық футбол стадионы. - Мынау конькимен сырғанау жабық стадионы. - Республикалық велотрек. - Мынау НұрАстана мешіті. - Мынау Пирамида Аяулым: Төкті оған нұрын дала, Астана сұлу қала, Біз оны анамыздай, Сүйеміз шынында да.  Балалар ойын ойнайды. Сұрақтарға дұрыс жауап береді.

**Нені игерді:** Астанаға саяхат жасау арқылы Астананың көрнекті жерлерімен таныс болу керектігін,Елордамыз Астана қаласы екенін білу керек.

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

**Күні:** 25.01.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Біз тату-тәттіміз!

**Мақсаты:** «Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру.«Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, татулық- қа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	Шаттық шеңбері «Мен қандаймын?» тренинг Біз балдырған тең басқан! Дос құшағын кеңге ашқан! Тілегіміз әділдік! Ашық болсын кең аспан! - Балалар, бүгінгі «Достық» аялдамасына тоқтап , бұл аялдамада «Достық –татулықтан басталады» деген тақырыпта әңгімелесіп, қалай тату дос болу керектігін үйреніп, «татулық» ұғымы туралы түсінік аламыз.	Сәлемдесу – тәрбиенің басы- деп апайлармен амандасу.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Суретпен жұмыс • Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнайды ма? • Ал сендер, «татулық» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Балалардың жауаптары тыңдалады. Татулық деген бірін - бірі ренжітпеу, ойыншықтарын, қолдарындағы тәттілерімен бөлісу, бірге ойнау т.б.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Татулық деген бірін - бірі ренжітпеу, ойыншықтарын, қолдарындағы тәттілерімен бөлісу, бірге ойнау т.б.
Рефлексивтік түзетушілік.	Татулық достар арасындағы ең тамаша қасиет.Тату балалар бір – бірін ренжіт - пейді, тату - тәтті ойнайды, ойыншықтары мен, тәттілерімен бөліседі.Сондықтан да достық татулықтан басталады делінеді. - Балалар, біз бүгін татулық бар жерде достық туындайтынын ұғындық. Татулық бар жерде достықтың , бірліктің, сыйластықтың болатынын білдік. «Жүрек жылуы» тренинг - Балалар, қараңдаршы, мына сиқырлы түрлі - түсті баулар арқылы мен сендерге жүрегімнің жылуын беріп тұрмын.Қане, оң алақанымызды жүрегіміздің тұсына қойып, лүпілдеп соққан кішкене жүрегіміздің дүрсіліне бірсәт құлақ түріп көрейікші. Біздің жүрегіміз қандай, не деп соғады екен?	Менің жүрегім камқоршы Менің жүрегім жылы. Менің жүрегім қуанышты. Менің жүрегім адал. Менің жүрегім нәзік. Менің жүрегім сыпайы. Менің жүрегім батыл. Менің жүрегім ыстық. Менің жүрегім жұмсақ. Менің жүрегім жақсылыққа толы Менің жүрегім бақытты. Менің жүрегім қайырымды. Менің жүрегім сезімтал.

**Негізгі нәтиже:** «Татулық» ұғымы туралы түсінік беру, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, татулыққа тәрбиелеу.

Тексерілді  
 Ш. Тұрғанбаев

**Күні:** 01.02.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие. **Тақырыбы:** Менің елім-Қазақстан.

**Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру.

Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық козғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>- Арайлап таң атты,                      Алтын сәуле таратты                      Жарқырайды күніміз,                      Жарқырайды даламыз                      Біз бақытты баламыз, Қазақстан Республи-                      касының мемлекеттік әнұраны                      орындалады.</p> <p>-Балалар сендер қандай ән орындадыңдар?                      Дұрыс айтасындар, балалар .Әрбір                      республиканың өз ерекшелігін білдіретін                      әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Біз оны                      рәміздер деп атаймыз. -                      Мынау - біздің туымыз. Тудың түсі                      аспанның түсіне ұқсайды. Көк аспандай                      көгілдір, ортасында күн, астында                      бүркіт ұшып келе жатыр.</p> <p>- Мынау - елтаңбамыз. Елтаңбада                      шаңырақ, күн сәулесі, бес бұрышты                      жұлдыз, «Қазақстан » деген жазу бар.</p> <p>- Балалар, біздің Отанымыздың астанасы                      қай қала ? Астана қаласы.</p> <p>- Балалар, үлкен мерекелерде туымыз                      көтеріліп, әнұранымыз орындалады.                      Рәміздерімізді үлкен де, кіші құрметтеп                      жоғары ұстауы тиіс. Ал әнұранды біз                      білеміз. Сендер елтаңба мен туды                      әрқашан қастерлеуге тиіссіндер. Қазақстан                      республикасының рәміздері туралы кім                      тақпақ біледі?                      Біз Қазақстанда тұрамыз, демек,                      Отанымыз -Қазақстан. халқымызда « Отан                      отбасынан басталады» деген мақал                      бар. Сендер үлкен болып өскенде Отаны-                      мызды қорғайтын азамат боласындар!                      .Егеменді елдің басты белгісі-тіл. қазақ тілі                      мемлекеттік тіл болып саналады. Қазақ тілі                      –біздің ана тіліміз..                      Мақтап мадақтау.</p>	<p>Қазақстан                      Республикасының                      әнұранын орындадық.                      Нурали:                      Көк туымыз бетінде,                      Қыран бүркіт қанатты.                      Сол қырандай еркіндеп,                      Біз өсеміз талапты.                      Аяжан.                      Айнымайды аспаннан,                      Біздің тудың бояуы.                      Оны халық қашанда,                      Биікке іліп қояды.</p> <p>Асан:                      Елтаңбасы елімнің ,                      Қандай әйбат әдемі                      Тұнығындай көңілдің ,                      Ортада аспан әлемі                      Ел бөбегі бүлдіршін жас                      баламыз, Астанамыз                      Астана –бас қаламыз.</p> <p>Ақмырза:                      Тілім барда мақтанам,                      Тілім менің аппақ ән                      Бірлігім бүгінгі,                      Ана тілім сақтаған.</p> <p>Үсен:                      Ана тілің арың бұл,                      Ұятың боп тұр бетте,                      Өзге тілдің бәрін біл                      Өз тіліңді құрметте.</p>

**Нені игерді:** Туған елдей ел болмайды, туған жердей жер болмайтынын біледі.

Тексерілді  
Ш. Топалбаев

**Күні:** 08.02.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ұлттық жиһаздар.

**Мақсаты:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыруды, ұлттық жиһаздармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p data-bbox="181 486 395 555">Мотивациялық қозғалушылық</p> <p data-bbox="181 667 437 736">Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p data-bbox="181 1547 368 1617">Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p data-bbox="592 486 831 517">Шаттық шеңбері</p> <p data-bbox="507 524 1038 593">Балалар бүгін біз ұлттық жиһаздармен танысамыз.</p> <ol data-bbox="507 600 1098 1727" style="list-style-type: none"><li>1. <i>Абажа</i>-ас, тағам салуға, арналып жасалған сандықтың (кебеженің)үлкен түрі.</li><li>2. <i>Абдыра</i>-киім – кешек, әр түрлі бұйымдар салатын үлкен сандық.</li><li>3. <i>Ағаш төсек</i>-жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы.</li><li>4. <i>Адалбақан</i>-киім және тағы басқа үй мүліктерін ішуге арналған жиһаз.</li><li>5. <i>Асадал</i>-тамақ пен ыдыс – аяқ сақтауға арналған үй жиһазы.</li><li>6. <i>Бөгіре</i>-кішкене қол сандық (шай жабдықтары үшін).</li><li>7. <i>Жағылан</i>-былғарыдан істелген сандық.</li><li>8. <i>Жозы</i>-жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа үстел.</li><li>9. <i>Жұкаяқ</i>-жүк астына қоятын төрт аяқты бұйым.</li><li>10. <i>Кебеже</i>-ас, тағам салуға арналып, ағаштан жасалған үлкен сандық.</li><li>11. <i>Сандық</i>-әр түрлі бұйым салуға арналып, ағаштан не металдан жасалатын үй жиһазы. Қазақтың киіз бұйымдары Киіз басып, одан алуан түрлі дүние-бұйымдар жасау қазақтың ең ежелден келе жатқан қолөнері. Киізбен үйді жапқан, жерге төсеген, керегеге керген. Сол киізден кебеже, сандық қаптайтын әбдіреқаптар, ыдыс-аяқ салатын аяқ-қаптар жасаған. Одан кебенек, киіз қалпақтар мен киіз байпақ тіккен. Балаларды мақтап-мадақтау</li></ol>	<p data-bbox="1134 524 1246 555">Алақай!</p> <p data-bbox="1134 600 1374 669">Балалар шаттық шеңберін жасады</p> <p data-bbox="1134 748 1481 1032"><i>Киіз</i> – ақ немесе басқа түстерден басылған, киіз үйдің жабуына қажетті туырлықтар, түндіктер және шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасайтын жұмсақ жүн екенін біледі.</p> <p data-bbox="1134 1077 1449 1182"><i>Текемет</i> – киіз үйдің ішіне төселетін жайма киіз екенін біледі.</p> <p data-bbox="1134 1227 1469 1473"><i>Сырмақ</i> – басылған киіздің бетіне екі түрлі өрнек, бояумен жиектеліп, жұқа жүннің үстіне матамен сырылып жасалатын төсеніш кілем екенін біледі.</p> <p data-bbox="1134 1480 1469 1839"><i>Сырдақ</i> – киіздің үстіне алуан түсті жүн жіптермен кестеленіп тігілген төсеніш кілем, тұс киіз – киіздің үстіне барқыт қиындыларымен жапсырыла тігіліп, өрнектелген қабырғаға ілетін кілем екенін біледі.</p>

**Нені игерді:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыру керектігін біледі.

Тексерілген  
 Ш. Байтұрған

**Күні:** 15.02.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ас атасы-нан.

**Мақсаты:** Нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нан пісіру кезендері, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру. Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даяр - лайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезендері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Жұмбақ шешу.</p> <p>Ұзын мұртты сарылар, қойнында наны бар. Жауабы не екен?</p> <p>- Балалар тақтадағы суретті мұқият зер сала қарай отырып, бидай дәнінен нанның қалай жасалатындығын анықтайық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жерді жыртады.</li> <li>2. Дәндер өсе бастайды.</li> <li>3. Бидайдың сабақтары пайда болады.</li> <li>4. Оны сушылар не диқандар суғарады.</li> <li>5. Бидайды орады, бастырады.</li> <li>6. Машинамен элеваторға тасиды.</li> <li>7. Диірменге апарып тартады.</li> <li>8. Машиналар қап - қап ұнды тасиды.</li> <li>9. Нан илейді. Нан пісіреді.</li> <li>10. Нан таситын машинамен дайын нанды дүкенге әкеледі.</li> <li>11. Дүкеншілер мен сатып алушылар дүкенде</li> <li>12. Нан дастарханда.</li> </ol> <p>- Міне, балалар күнделікті жеп жүрген нанымыз осындай ұзақ та қиын жолдан өтіп, біздің диқаншыларға, наубайшыларға, біздің дастарханымызға келеді екен. Олай болса нанды өсіретін адамдарға деген құрметімізді көрсетейік.</p> <p><b>Нанға деген құрмет</b></p> <p><b>Тийм сөздер.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Нанды бір қолыңмен үзбе!</li> <li>2. Нанды жерге тастама!</li> <li>3. Нанды текке лақтырма!</li> </ol> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Нан қықымын шашпаңдар,          Жерде жатса баспаңдар.          Теріп алып қастерлеп,          Торғайларға тастаңдар.          Балаларды мактап мадақтау.</p>	<p>Жауабы-Бидай</p> <p>Бидай дәнінен нанның қалай жасалатындығын анықтайық.</p> <p>Балалар нанның дастарханға қалай келгенін біледі.</p> <p>Орындарынан тұрып, қолдарын жүрек тұсына қойып, нанға, диқаншыларға, наубайшыларға деген құрмет сезімдерін білдіреді.</p> <p><b>Мақал - мәтелдер.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Нан қадірін аштықта білесің.</li> <li>2. Нан болса ән де болады.</li> <li>3. Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен.</li> </ol>

**Нені игерді:** Нанды қадірлеу, қастерлеу, нанды даярлайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білу керектігін біледі.

Тексерілген  
 Ш. Шайқас

**Күні:** 22.02.2022ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие..

**Тақырыбы:** Үлкенге құрмет-кішіге ізет. **Мақсаты:** Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету. Өзара сыйластық қарым - қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру; жағымды қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту; жақсылыққа, имандылыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Кәне, балалар бәріміз бір - бірімізге жақсы тілек тілеп бастайық! (Жүректен-жүрекке)</p> <p>1. Әдепті бол!            2. Мейірімді бол!            3. Кішіпейіл бол!            4. Қамқоршы бол!            5. Тәртіпті бол!</p> <p>Ұлы істердің қандайы болмасын кішіпейілділіктен басталады. Сондықтан әркім өзінен кішілердің мінезі кішкентайынан дұрыс қалыптасуына қамқорлық жасап, оларға жол көрсете білуі керек</p> <p>Кішіпейілділік, сыпайыгершілікке байланысты мақалдар айту. Кішіпейілділік дегеніміз — өзімшілдік пен менмендіктің болмауы. Кішіпейіл адам басқаларды өзінен төмен санамайды.</p> <p>1. Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі. 2. Жасанды кішіпейілділік – жақсы қасиет емес. 3. Кішіпейілдің абыройы асады, Тәкәппардың құты қашады</p> <p>Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі - тыйым сөздер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің белгісі екенін білеміз, осындай ерсі істерге қатаң тыйым салынған.</p> <p>Жасы үлкенге иіліп сәлем беру, алдын кесіп өтпеу, алдынан барып есік ашу заң болып есептелген!</p> <p>Балаларды мақтап мадақтау</p>	<p>Біз үлкенді құрметтеген, кішіге ізет көрсеткен жалынды ұрпақтармыз! Шаттық шеңберін жасады.</p> <p>Адам бойында жақсы– жаман қасиеттер болады екен. Біздің халқымызда үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуға бала кезден көп көңіл бөлінеді. Ол ананың сүтінен, үлкеннің ақылынан, ұстаздың үйреткенінен, кез келген адамның кісілігінен білінеді-біліп алады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ата-анаға қарсы келме.</li> <li>- Үлкеннен бұрын сөйлеме.</li> <li>- Әдепсіз сөзді айтпа, өтірік айтпа.</li> <li>- Жаман әдетті үйренбе.</li> <li>- Мақтаншақ болма, тәкәппар болма.</li> </ul> <p>Үйге бұрын кірмеу, дастарханға бұрын қол созбау, үлкеннің сөзін бөлмеу, сөз жарыстырмау-жастарымыз үшін бұлжымас заң екенін біліп алады.</p>

**Нені игерді:** Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту;

Тексерілді  
Ш. Шайдар

**Күні:** 01.03.2022ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ертегіде қонақта

**Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық козғалушылық  Ұйымдастырушы- лық ізденушілік.         Рефлексивтік түзетушілік.	Жылулық шеңбері - Аспанымыз ашық болсын! Деніміз сау болсын! Нанымыз мол болсын! Отанымыз тыныш болсын! Көк туымыз биік болсын! -Балалар, міне, бүгін біз «Ертегіде қонақта» тақырыбында оқу іс-әрекет өтеміз және ертегі әлеміне қонаққа барамыз. «Ертегі- бұл ерекше жанр. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам сияқты түрлі нәрселер істей алуы мүмкін Ертегіде сикырлы құралдар бар. Ертегіде әрқашан қайырымдылық, зұлымдықты жеңеді. Қайырымды, шыдамды, еңбекқор адамдар әрқашан сый алады.» Ал өмірде ше? «Кейіпкерді тап» ойынын ойнап алайық.. Шарты: Тәрбиеші балаларға өткен ертегі кейіпкерлерінің макеттерін, суреттерін көрсетеді. Ал балалар қай ертегінің кейіпкері екенін тауып айтулары керек. Мақсаты: Балаларды білімділік- ке,біліктілікке, сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білуге тәрбиелеу. Балалардан сұрақ-жауап алысу арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін пысықтау, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау	Балалар бір – бірімізге жылы тілектер айтумен бастайық.  «Ертектер-жақсылыққа жетектер», әрқашан қайырымдылық, зұлымдықты жеңетінін біледі..  Өмірде де солай!  Өткен ертегі кейіпкерлерінің макеттерін, қай ертегінің кейіпкері екенін, суреттерін көрсетеді.  Балалар тәрбиешінің сұрақтарына толықта мағыналы жауап береді.

**Нені игерді:** Ертегілер батыр, адал, еңбекқор болуға жетелейтінін білу. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратуын меңгеру.



Тексерілген  
Ж. Мамбетов

Күні: 15.03.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ұлттық тағамдар пайдасы.

**Мақсаты:** Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспен-шілігін арттыру. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>«Шаттық шеңберін»</p> <p>Қазақ ұлты дарамыз, Өсіп келеді санамыз Жылуыңа жылу қос, Болашаққа бірге барамыз. «Ұлттық тағам - ырысым»</p> <p>Интерактивті тақтадан төрт түлік малдың суреттері көрсетіледі. Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр. Балалар, мына төрт – түлік малдың аттарын білесіздер ме? Кім айтады?</p> <p>Өте жақсы, барлығымызда ұлттық тағамдардың түрлерін, қайдан алынатынын жақсы білеміз екен.</p> <p><b>Балқаймақ</b> - Түйе сүтінен немесе айраннан пісірілетін тағам. <b>Құрт</b> – Ашытылған түйенің сүтінен немесе ашылатын жасалатын сусын. <b>Шұбат</b> - Тайлақты түйенің сүтінен ашытылған жасалатын сусын. <b>Ежегей</b> - Жаңа төлдеген малдың уызына қант қосылып пісірілетін тағам. <b>Айран</b> - Жас түйенің сүтінен алынатын сусын. <b>Қымыз</b> - Жылқы сүтінен алынып ашытылатын сусын. <b>Ірімшік</b> - Сиыр сүтінен қант қосылып пісірілетін тағам. <b>Бұжы</b> - Малдың іш майына ұн қосылып ішекке салынып пісірілген тағам. <b>Қазы</b> - Жылқы етін тұз бен бұрыш қосып, ішекке салып пісірілетін тағам. <b>Қуырдақ</b> - Төрт – түлік малдың етінен май араластырып пісіретін тағам. <b>Бауырсақ</b> - Бауырсақты білмейтін қазақ жоқ шығар, ұлттық тағамның ұлы асы. Ұн мен майға пісірілетін тағам. Бүгінгі сабаққа барлықтарың жақсы қатынастыңдар. Мақтап мадақтау.</p>	<p>Балалар қол ұстасып айтады</p> <p>Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр.</p> <p><b>1:</b> Түйе өнімі бағалы, Айран, сүзбе, шұбаты Уыз дәмі тым тәтті, Есіңе түсер шын аты.</p> <p><b>2:</b> Бал мен қаймақ дәмі бар, Таңдайында қалады. Балқаймақты, құртты да, Түйе сүтінен алады.</p> <p><b>3:</b> Қамбар ата ұрпағы, Жылқы малы киелі. Жылқы сүтінен алынған, Қымызды бәрі сүйеді.</p> <p><b>4:</b> Қойдың сүті қорғасын, Құнарлы ол болғасын, Ірімшік өнімін беретін, Қошқар атам қолдасын.</p> <p><b>5:</b> Төрт – түліктің бірі ол, Бізге берер өнім мол. Қаймақ, ірімшік, қатықты, Сиыр малынан алып көр.</p> <p><b>6:</b> Қазы-қарта, жал - жая,</p>

**Нені игерді:** Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатынын, алынатынын, түрлерін біледі.

Тексерілді  
Ж. Мамбетов

Күні: 22.03.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: «Қош келдің Наурыз».

Мақсаты: Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Ұлттық тағамдармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.          Рефлексивтік түзетушілік.	-Балалар, сендер қандай мерекелерді білесіңдер? -Ия наурыз айында 22 наурыз «Наурыз-жыл басы» мерекесін тойлаймыз.  -Наурыз мерекесіне ерте кезде алдын-ала дайындалған, үйлерді тазартқан, бұл тоқшылықтың белгісі. Наурыз мерекесінде ерлер қос қолдап, ал әйелдер құшақтасып амандасады. -Адамдардың барлығы: «Армысың қайырымды күн-Ана!»-деп күнге басын иеді. Ағаштар отырғызады, айна, тарақ, су дайындаған. Наурыз көже пісірген. Наурыз көжені-түрлі тағамнан жасаған. Дастарханға бауырсақ, қазы, сок, жент деген тағамдар қойған. -Қыдыр ата келіп өзінің батасын береді. -Әр халықтың өзіндік дәстүрлері болады. Қазақ қонақшыл халық. Барын қонағының алдына тосады. Осы Наурызда күн мен түн теңеледі.  -Жарайсыңдар, балалардың білімдерін сұрақтар қою арқылы кеңейту. Мақтап мадақтау.	Жаңа жыл Аналар мерекесі Наурыз мерекесі  Наурыз тойы елдің тойы Бұл мереке бізге ойлы Көжесі көп, шелпегі көп, Жақсы көрем, Наурыз тойын  Ұлттық тағамдар жайлы біліп алды.  Наурыз тойы-Ұлы той, Мұны бәрің біліп қой!

Нені игерді: Наурыз мерекесі туралы түсініктерді біледі. Ұлттық тағамдар туралы біледі.

Мексерідегі  
Ж. Тұрабаев

**Күні:** 29.03.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

**Тақырыбы:** «Көшеден өту».

**Мақсаты:** Балалардың есіне көше тәртібі ережелерін қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық	-Балалар мына суреттерде кімдер бейнеленген? Ондағы ит, қарға басқа жан-жпнуарлар немен айналысуда? -Осы беттегі суреттерге Ермек аға мынадай өлең жолдарын арнапты. Қане, оқып көрейік. Тыңдағыларың келе ме?	Сұрақтарға жауап қайтарады.
Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Бүгін де, кеше де Дәл біздің көшеде Көрдік бір ағаның Жүрісті реттеп Тұрғанын күзетте Таяғын: «Жүр! Кідір!» Деп, нұсқап, сермеді Машина бірде-бір Оныңсыз жүрмейді. Өлең не туралы айтылған? -Мына суретте Тұрабай деген бала бағдаршамның бұйрығын орындамапты. Көшеде балаларға көмекші қызметін атқаратын тағы да біздің көмекшілеріміз бар. Мынау көше тәртібін сақтауға арналған белгілер.	Ия.  Тақпақты мұқият тыңдады.  Бағдаршам Жолды үлкендермен кесіп өткен дұрыс екенін білді.  Жолды ешқашан жүгіріп өтуге болмайды.
Рефлексивтік түзетушілік.	Алтын ақылдар: -Әрқашан абай бол! -Өздерің танымайтын, білмейтін жандардың машинасына отыруға болмайды. Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар келісті.

**Нені игерді:** Көше тәртібі ережелерін қалыптастыруды біледі.

Тексерілгені  
Ж. Т. Т.

**Күні:** 05.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие

Тақырыбы: «Көліктер».

**Мақсаты:** Балаларға көліктер туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық козғалушылық  Ұйымдастырушы- лық ізденушілік.          Рефлексивтік түзетушілік.	-Балалар, мына суреттен не көріп тұрсыңдар? -Көліктермен кімдер ойнайды? Бүгін сендермен көлік түрлерімен танысамыз. -Мынау жүк көлігі. Бұл көлікпен тас, құм, топырақ тасиды. Ол гүрілдейді. -Мынау автобус. Автобуспен адамдарды тасиды. Ол қоғамдық көлік болып есептеледі. .Көліктер жолдың шетіне шық дегенді білдіріп «Бип-Бип-Бип» деп белгі береді. -Мынау жедел жәрдем көлігі. Бұл көлікті басқа көліктер кезек күттірмей өткізіп жібереді. Жедел жәрдем көлігі екенін білдіретін төбесінде қондырғысы бар. -Бұл өрт сөндіруші көлік. Көліктің түсі қызыл түсті болады. Олардың ұзын басқыштары мен өрт сөндіруге арналған су шашатын шлангалары бар. Бұл көлік те жылдам жүреді. Себебі өртті тез сөндіру үшін жылдам уілдеп жүреді. -Көліктердің пайдасы барар жеріңе тез жеткізеді. -Ал зиянды жағы көліктерден бөлініп шығатын газдары мен түтіндері ауаны ластайды. -Ауаны тазарту үшін ағаштар мен гүлдер отырғызылады.	Көліктерді көріп тұрмыз. Ұл балалар ойнайды.  Гүр-гүр-гүр- дейді.  В-В-В-В- деп қайталайды.  Бип-Бип-Бип-деп қайталайды.  Дені саудың-жаны сау!  Сақтықта -қорлық жоқ!  Олар табиғатқа таза ауа береді.

**Нені игерді:** Көліктердің түрлерін ажыратуды біледі.

Мексеріңді  
 Ш. Шайқас

**Күні:** 12.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие. **Тақырыбы:** Мен көмекшімін.

**Мақсаты:** Балалардың айналасына көмектесу дұрыс әрекет құндылығынан туындайтынын ұғындыру, қамқорлық жасау туралы білім беру, айналасына мейірімді бола білуге дамыту, барлығына жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p><b>Мотивациялық қозғалушылық</b></p> <p><b>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</b></p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Шаттық шеңбері:            Бақшамызға барғанда,            Жолыққан бар жандарға.            Ертемен, ақ пейілмен,            «Қайырлы таң!» деймін мен. Ыңғайланып отырындар, денелеріңді түзу ұстандар.            Аяқ-қолыңды аяқастырмандар. Көздеріңді жұмуларыңды өтінемін. Елестетіп көріңдер: Күн нұры төбелеріңнен өтіп, кеуделеріңе қарай бойлап барады. Оймен осы нұрды қолдарыңа түсіріңдер. Сендердің қолдарың нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңа таряды. Аяқтарың нұр сәулесін шашуда. Олар тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады.</p> <p><b>«Бала—ата-ананың қолғанаты»</b>            Апам үшін күнде мен,            Отын ағаш жарамын.            Су құямын гүлге де,            Дүкенге де барамын.            Жылай қалса бөпем де,            Жұбатамын ойнатып.            Апам үшін күнде мен,            Сыпырамын үйді де.            Бірақ апам мен үшін,            Оқымайды сабақты.</p> <p><b>Ситуациялық сұрақ:</b> Тақтаға сурет ілінеді(жолдың шетінде сөмке көтеріп тұрған қарт әжейдің суреті) Балалар сендер осы кезде не істер едіңдер? бейнелеп беріңдерші.            Бал достыққа, Жолдастыққа Шақырады әніміз, Тыныштықта, нұр құштықта Бақыттымыз бәріміз! !Сендерге рахмет!            Балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p>Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып, бір-бірімен амандасады.</p> <p>Ыңғайланып отырып, денелерін түзу ұстап отырды.</p> <p>Нақыл сөзді екі рет қайталапқызып айтқызу. 2рет қыздар, 2рет ұлдар қайталайды.            Тақпақты жаттап алады.</p> <p>Әнмен бірге қайталап, қимылмен көрсетеді. Балалар сұрақтарға жауап береді Балалардың жауаптары. Бейнелеп береді</p>

**Нені игерді:** Адамдарға жақсылық жасау, көмек беру керектігін біледі.

**Күні:** 19.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ұлттық жиһаздар.

**Мақсаты:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыруды, ұлттық жиһаздармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p data-bbox="181 416 395 483">Мотивациялық қозғалушылық</p> <p data-bbox="181 600 437 667">Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p data-bbox="181 1480 368 1547">Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p data-bbox="592 416 831 450">Шаттық шеңбері</p> <p data-bbox="507 454 1038 521">Балалар бүгін біз ұлттық жиһаздармен танысамыз.</p> <ol data-bbox="507 526 1098 1659" style="list-style-type: none"><li>1. <i>Абажа</i>-ас, тағам салуға, арналып жасалған сандықтың (кебеженің)үлкен түрі.</li><li>2. <i>Абдыра</i>-киім – кешек, әр түрлі бұйымдар салатын үлкен сандық.</li><li>3. <i>Ағаш төсек</i>-жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы.</li><li>4. <i>Адалбақан</i>-киім және тағы басқа үй мүліктерін ішуге арналған жиһаз.</li><li>5. <i>Асадал</i>-тамақ пен ыдыс – аяқ сақтауға арналған үй жиһазы.</li><li>6. <i>Бөгіре</i>-кішкене қол сандық (шай жабдықтары үшін).</li><li>7. <i>Жағылан</i>-былғарыдан істелген сандық.</li><li>8. <i>Жозы</i>-жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа үстел.</li><li>9. <i>Жұкаяқ</i>-жүк астына қоятын төрт аяқты бұйым.</li><li>10. <i>Кебеже</i>-ас, тағам салуға арналып, ағаштан жасалған үлкен сандық.</li><li>11. <i>Сандық</i>-әр түрлі бұйым салуға арналып, ағаштан не металдан жасалатын үй жиһазы. Қазақтың киіз бұйымдары Киіз басып, одан алуан түрлі дүние-бұйымдар жасау қазақтың ең ежелден келе жатқан қолөнері. Киізбен үйді жапқан, жерге төсеген, керегеге керген. Сол киізден кебеже, сандық қаптайтын әбдіреқаптар, ыдыс-аяқ салатын аяқ-қаптар жасаған. Одан кебенек, киіз қалпақтар мен киіз байпақ тіккен.</li></ol> <p data-bbox="507 1626 895 1659">Балаларды мақтап-мадақтау</p>	<p data-bbox="1134 454 1246 488">Алақай!</p> <p data-bbox="1134 526 1374 593">Балалар шаттық шеңберін жасады</p> <p data-bbox="1134 674 1481 965"><i>Киіз</i> – ақ немесе басқа түстерден басылған, киіз үйдің жабуына қажетті туырлықтар, түндіктер және шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасайтын жұмсақ жүн екенін біледі.</p> <p data-bbox="1134 1003 1449 1115"><i>Текемет</i> – киіз үйдің ішіне төселетін жайма киіз екенін біледі.</p> <p data-bbox="1134 1153 1469 1400"><i>Сырмақ</i> – басылған киіздің бетіне екі түрлі өрнек, бояумен жиектеліп, жұқа жүннің үстіне матамен сырылып жасалатын төсеніш кілем екенін біледі.</p> <p data-bbox="1134 1413 1469 1771"><i>Сырдақ</i> – киіздің үстіне алуан түсті жүн жіптермен кестеленіп тігілген төсеніш кілем, тұс киіз – киіздің үстіне барқыт қиындыларымен жапсырыла тігіліп, өрнектелген қабырғаға ілетін кілем екенін біледі.</p>

**Нені игерді:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыру керектігін біледі.

Күні: 26.04.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие..

Тақырыбы: Бір шаңырақ астында.

Мақсаты: Балаларға бір шаңырақ астында тұратындардың бір - біріне сыйластығы, махаббаты, бауырмалдығы, бір - бірімен ынтымағы, татулығы, бірлігі шаңырақ жарастығын құрайтынын үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p><b>Тыныштық сәті. «Нұрға бөлену»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Балалар ыңғайланып отырады;</li> <li>• Қолдарын тізесіне немесе үстел үстіне қояды;</li> <li>• Аяқтарын айқастырмайды;</li> <li>• Арқаларын тік ұстайды;</li> <li>• Жайлы әуен тыңдайды;</li> </ul> <p>Балалар, бір шаңырақ астында тұратындардың бір - біріне сыйластығы, махаббаты, бауырмалдығы, бір - бірімен ынтымағы, татулығы, бірлігі шаңырақ жарастығын құрайды.</p> <p>Әр адам көзін ашып дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі жылы жанды көреді. Ол - Ана. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да – Ана. Ана – бұл жел жағымызға пана, біріміз үшін дара, дана тұлға. Ана дегенде сөзге келмейтін тіл, лүпіл қақпайтын жүрек, мөлтілдемейтін жанар жоқ. Балаға анадан артық, анадан қымбат жан жоқ. Әрбір ана отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм соғыстың болмауын, қызыл гүлдің солмауын тілейді.</p> <p>Жай әуен мен көзді жұма отырып бүгінгі сағаты елестету сабақ ұнадым тұжырым жасау. Мен сендердің шаңырақтарыңа шын жүрегімнен бақыт тілеймін. Ал сендер де достарыңның шаңырағына жақсы тілектеріңді айтыңдар. Бір шаңырақ астында тұратындар бір - біріне тосын сый дайындап қуантады. Мысалы: қолдан жасалған бұйым жасау Балаларды мақтап мадақтау</p>	<p>Шаңырақтағы сыйластық сүйіспеншілік, бірлік, ынтымақ, бауырмалдық, камқорлық, өзара түсінісу шаңырақтың сәнін кіргізіп, жарастық орнататынын біледі..</p> <p>Ұрпағы – атасының, Шуағы - әжесінің, Тұяғы - әкесінің, Тілегі – анасының, Тірегі – ағасының Түлегі – даласының Дарытқан бар асылын Мен – қазақ баласымын!</p> <p>Жерінде – бабасының, Елінде – атасының, Көңілінде - әжесінің, Қолында – анасының, Жолында – ағасының, Төсінде – даласының Тапқан өз жарасымын. Мен қазақ баласымын!</p> <p>Жай әуен мен көздерін жұма отырып бүгінгі сағаты елестету сабақ ұнағанын тұжырым жасайды.</p> <p>Гүл, ашықхат жасап береді.</p>

Нені игерді: . Отбасы және оның маңызын түсінеді.

Күні: 03.05.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие. **Тақырыбы:** Отбасындағы тәрбие.

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атауға, сұрақ - жауап арқылы сұхбатқа үйрету. Отбасы мүшелері туралы тақпақтарды жатқа айтқызу, «Кім жоқ» ойыны арқылы отбасы мүшелерінің атауын білуге үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.  Рефлексивтік түзетушілік.	<p>Шаттық шеңбер</p> <p>Бақыт - біздің сиқырлы шеңберіміз! Бақыт - біздің достарға сенгеніміз! Бақыт - біздің жарқын болашағымыз! Бақыт біздің тату - тәті отбасымыз! Бақыт біздің бала бақшаға келгеніміз!</p> <p>Отбасы дегеніміз бір үйде тұратын бізге ең жақын адамдар. Олар ата, әже, әке, ана, аға, апа, іні, қарындас бір отбасында тұрады. Біздерге үлкендердің көмегі және сүйіспеншілігі қажет. Ата мен әжелер демалыспен тыныштықты ұнатады.</p> <p>Ғажайып сәт: Балалар бізге көрші ауылдан ата мен әже келіпті! Кәнекей, қарсы алайықшы!</p> <p>Ата мен әже: Ал, балалар! Қандай өнерлерің бар? Біз соны көрейін деп келдік.</p> <p>Ата мен әже балаларға мақал - мәтелдерді айтып түсіндіріп береді.</p> <p>Балалы үй – базар, Баласыз үй – мазар.</p> <p>Ата тілін алмаған ұлдан без, Ана тілін алмаған қыздан без.</p> <p>Рахмет әже біз үлкендердің айтқанын тыңдаймыз ақылды бала болып өсеміз.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім жоқ?»</p> <p>Үйдің ішіне (ата, әже, әке, ана, аға, қарындасты) іліп қоямыз. Біреуін алып тастаймыз, балалар кім жоқ екенін айтады.</p> <p>Ата мен әже көп – көп рахмет, балалар сендер тәрбиелі, ақылды, үлкенді сыйлай білетін азамат болыңдар! Отбасындағы үлкендердің айтқанын тыңдаңдар. Бала-бақша сендердің екінші үйлерің балалар!</p> <p>Ата мен әже мадақтап балаларға сыйлықтарын таратады.</p>	<p>Сәлемдесу – тәрбиенің басы- деп апайлармен амандасу. (дөңгелек шеңберден ленталарды ұстап айту)</p> <p>(Ата мен әже еңкейіп келе жатады.) Ата мен әжеге амандасу. - Ер балалар! Ассалаумағалекум, ата! Сәлеметсіз бе, әже? – деп қарсы алады. Балалар: ата, әже біз сіздерге әдемі отбасы туралы тақпақ айтып береміз.</p> <p>Сергіту сәті: Бас бармағым атам – үйдің данасы, Балан үйрек әжем – ошақ анасы, Ортан терек әкем – отау панасы, Шылдыр шүмек шешем – шаңырақ ажары, Кішкентай бөбек мен - бәрінің базары.</p> <p>Ата мен әже қоштасады.</p>

**Нені игерді:** Отбасы мүшелеріне ата, әже, әке, ана, аға, апа, іні, қарындас жататынын, үлкендерді құрметтеу, сыйлау керектігін біледі.

Тексерілді  
Ш. Мамбетов



Күні: 10.05.2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие. Тақырыбы: Ұлттық салт-дәстүрлер.

Мақсаты: Балалар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлты-мыздың дәстүрлерінен үлгі алу, ұлттық салт-дәстүр үлгісіндетәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p>	<p>Бүгінгі сабағымыздың негізгі мақсаты өз халқымыздың салт-дәстүрлері, асыл қазыналары, асыл мұралары туралы сендерге түсінді- ріп, бойларына сіңіру болып табылады.</p> <p>Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі-өзіміздің қазақ халқы. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халқымыздың ғасырлар бойы жазған зор еңбектері – салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы.</p> <p><b>Сүйінші!</b> Қуанышты хабар жеткізуші адам Шашу! Қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанаты дәстүр.</p> <p><b>Қонақасы</b> –Үйіне келген қонақты құрметпен қарсы алып, мал сойып қонақасы беру-жомарттықтың, елдіктің үлкен белгісі.</p> <p><b>Сыбаға.</b> Құрметті қонаққа немесе өздерінің, жақын-жуығына арнап сақтаған кәделі ет мүшелері сыбаға деп аталады.</p> <p><b>Бастаңғы.</b> Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналған, жолаушылардың жолда басы ауырмасын «бастаңғы» жаса дейді.</p> <p><b>Ерулік.</b> Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұратын дар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады.</p> <p><b>Қалау.</b> Біреудің жақсы малына , затына, мүлкіне көңілі кеткен адам, сол үйге барып қалау қалайды.</p> <p><b>Жеті ата.</b> Әр адам өзінің жеті атасын білуі көрегенділік пен білімділігін танытады. Білмесе жеті атасын білмеген жетесіз деп сөккен.</p> <p><b>Кекіл-жас</b> балалардың шашын тегістеп ұстарамен алып тастайды да бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды.</p> <p><b>Сыралғы</b>-олжалы, қанжығасы қанданып келе жатқан аңшыдан саятшыдан кездескенде сұралатын жол.</p>	<p>Бауырласқан тәніміз, Бұзылмаған антымыз. Кең даланың ежелгі, Қазақ дейтін халқымыз. Өзге ұлттай біздің де, Бар дәстүр мен салтымыз.</p> <p>Балалар салт-дәстүрлерді мұқият тындап отырады.</p> <p>Үлкен ақсақалдарға, құдаларға, жолы үлкен адамдарға сыбаға әдейі сақталады. Бастаңғының мәнісі жастардың сол үйде ойын-сауық жасап бас қосуы. Дәстүр бойынша үй иесі қалаушы адамға қонақасы беріп, қалағанын орындап қайтаруға тиіс. Бұл жомарттық пен мәрттіктің, сыйластықтың белгісі. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді.</p> <p>Мәрт аңшылар мұндайда сыралғы сұрағанның сөзін жерге тастамайды. Мұндайда арнаулы мал</p>

<p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p><b>Тоқымқазар</b>-жас жігіт алғаш жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу.</p> <p><b>Тұлым қою</b>-кішкентай кезінде баланың шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны тұлым деп атайды. Тұлым көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты болады.</p> <p><b>Сауын айту</b>. Бір елде ас, үлкен той болатын болса, ол кісі күні бұрын жан-жаққа хабарлатып сауын айтады.</p> <p><b>Кеусен</b>-бұл егіншілікке байланысты айтылатын сөз. Әдетте егін пісіп мол өнім алғанда егіншілер туған-туысқандары мен ауылдастарына астық береді.</p> <p><b>Аманат</b>-бір адамның екінші біреуге сақтауға берген заттары. Аманатты сақтау, оны мезгілінде қайтару зор адамгершілікке жатады.</p> <p><b>Көгентүр</b> – бір-біріне жақын туыс, ілік, жұрағат адамдардың баласына ескерткіш сый ретінде берілетін мал.</p> <p><b>Байғазы</b> – балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай-заттай сый.</p> <p><b>Бәсіре</b> – қыз ұзатылғанда немесе жиен алғаш келгенде меншіктеп аталатын, ен салынған мал.</p> <p><b>Сәлем беру</b>. Алыс жолдан жолаушы немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру-қалыптасқан дәстүріміз.</p> <p><b>Енші</b>. – балалары ержетіп жеке үй болғанда ата-анасы оған дүние мүлік, мал беріп, отау тігіп жеке шығарады.</p> <p><b>Сонар</b>-бұл аңшылар үшін өте қызықты сәттердің бірі</p> <p><b>«Тұсау кесу» рәсімінен көрініс.</b></p> <p>Әдетте сәби аяғын тәй-тәй басып жүре бастағанда оның тұсауын кеседі. Ата-әжелеріміз бұл ырымға қатты көңіл бөлген, өйткені баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болуы осы тұсау кесуге байланысты деп шешкен. Әжелер мен ата-лар дастарханға шақырылды. Тұсауын кесетін сәби Жанеркені ортаға әкеліп «Тұсау кесу» жыры айтылады. Сәбидің тұсауы ала жіппен кесіледі. Шашу шашылып, ән айтылады. Сәбиді жүгіріп, жүргізеді. Барлық ырымдары жасалады. Балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p>сойып немесе сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады. Ойын-сауық, өлең – жыр айтылады. Бұл жәй шақыру емес, әр ел салт-дәстүрмен, яғни батыр палуанымен, жүйрік атымен, ақын-жыршысымен, сойыс малымен, сабалы қымызымен келсін дегенді білдіреді. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Ол өте ауыр күнә деп есептеледі.</p> <p>Бұл бала үшін сый-қуаныш болса, оның ата-аналары үшін құрмет көрсетудің белгісі десе де болады.</p> <p>Байғазы сұраудың еш артықтығы жоқ.</p> <p>Бұны енші деп атайды. Ал қызға берілетін дүние мүлік «жасау» деп аталады.</p> <p>Баланың тұсауын малдың тоқ ішегімен кесу елдің тоқ болуы және баланың келешекте бай болуы деген ұйғарым болған. Ала жіппен тұсау кесу баланың келешекте ешкімнің ала жібін аттамай, адал болып өссін деген ниеттен туған.</p>
----------------------------------	---	---

**Нені игерді:** Балалар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлты-мыздың дәстүрлерінен үлгі алу керектігін біледі.

Тексерілді  
Ж. Жаңай

Күні: 17.05. 2022 ж

Вариативтік компонент: Ұлттық тәрбие.

Тақырыбы: Сөздің көркі мақал.

Мақсаты: Мақал түрлерімен таныстыру, ата- бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғалушылық  Ұйымдастырушылық ізденушілік.	Шаттық шеңбері: Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздер ме, балалар! Өздеріңіз білесіздер, қазақ халқы әрқашанда сөз өнеріне үлкен мән берген, бір ауыз сөзге тоқтаған. «Сөздің көркі - мақал» деген мақал арқылы халқымыз бүкіл өмірлік тәжірибесін, өсиет - өнегесін жеткізе білген, түйіндеген. Мына суретте нелер бейнеленген? - Үй жануарларына не жатады? - Олардың қандай пайдасы бар? Төрт түлік туралы мақалдарда бар екен. Мысалы: Сыыр сүті – тілінде. Ат – адамның арқауы. Түйе атасы – нар. Мал өсірсең қой өсір, -Балалар еңбек жайлы қандай мақалдарды білеміз? Ал әдептілік жайлы ше? Жарайсындар балалар сөздің көркі мақал деп босқа айтпаған екен ия? Мақал адамды тәрбиелей ма? Балалардың білімін сұрақтар арқылы кеңейту. Балаларды мақтап мадақтау.	Балалар шаттық шеңберін жасады.        - Үй жануарлары. - Сыыр, жылқы, қой, түйе. - Сүтін ішеміз, етін жейміз.  Балалар тыңдайды. Асан: Еңбек ер атандырады. Мерей: Еңбек түбі – береке. Үсен: Еңбегіне қарай өнбегі. Бекзат: Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала. Ия, тәрбиелейді.
Рефлексивтік түзетушілік.		

Нені игерді: Мақал балаларды адамгершілікке, әдептілікке үйрететінін білді

Тексерілді  
 Ш. Шамалбаев

**Күні:** 19.04.2022 ж

**Вариативтік компонент:** Ұлттық тәрбие.

**Тақырыбы:** Ұлттық жиһаздар.

**Мақсаты:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыруды, ұлттық жиһаздармен таныстыру.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялық қозғалушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденушілік.</p> <p>Рефлексивтік түзетушілік.</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Балалар бүгін біз ұлттық жиһаздармен танысамыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <i>Абажа</i>-ас, тағам салуға, арналып жасалған сандықтың (кебеженің) үлкен түрі.</li> <li>2. <i>Абдыра</i>-киім – кешек, әр түрлі бұйымдар салатын үлкен сандық.</li> <li>3. <i>Ағаш төсек</i>-жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы.</li> <li>4. <i>Адалбақан</i>-киім және тағы басқа үй мүліктерін ішуге арналған жиһаз.</li> <li>5. <i>Асадал</i>-тамақ пен ыдыс – аяқ сақтауға арналған үй жиһазы.</li> <li>6. <i>Бөгіре</i>-кішкене қол сандық (шай жабдықтары үшін).</li> <li>7. <i>Жағылан</i>-былғарыдан істелген сандық.</li> <li>8. <i>Жозы</i>-жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа үстел.</li> <li>9. <i>Жұкаяқ</i>-жүк астына қоятын төрт аяқты бұйым.</li> <li>10. <i>Кебеже</i>-ас, тағам салуға арналып, ағаштан жасалған үлкен сандық.</li> <li>11. <i>Сандық</i>-әр түрлі бұйым салуға арналып, ағаштан не металдан жасалатын үй жиһазы. Қазақтың киіз бұйымдары Киіз басып, одан алуан түрлі дүние-бұйымдар жасау қазақтың ең ежелден келе жатқан қолөнері.</li> </ol> <p>Киізбен үйді жапқан, жерге төсеген, керегеге керген. Сол киізден кебеже, сандық қаптайтын әбдіреқаптар, ыдыс-аяқ салатын аяқ-қаптар жасаған. Одан кебенек, киіз қалпақтар мен киіз байпақ тіккен.</p> <p>Балаларды мақтап-мадақтау</p>	<p>Алақай!</p> <p>Балалар шаттық шеңберін жасады</p> <p><i>Киіз</i> – ақ немесе басқа түстерден басылған, киіз үйдің жабуына қажетті туырлықтар, түндіктер және шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасайтын жұмсақ жүн екенін біледі.</p> <p><i>Текемет</i> – киіз үйдің ішіне төселетін жайма киіз екенін біледі.</p> <p><i>Сырмақ</i> – басылған киіздің бетіне екі түрлі өрнек, бояумен жиектеліп, жұқа жүннің үстіне матамен сырылып жасалатын төсеніш кілем екенін біледі.</p> <p><i>Сырдақ</i> – киіздің үстіне алуан түсті жүн жіптермен кестеленіп тігілген төсеніш кілем, тұс киіз – киіздің үстіне барқыт қиындыларымен жапсырыла тігіліп, өрнектелген қабырғаға ілетін кілем екенін біледі.</p>

**Нені игерді:** Қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастыру керектігін біледі.



«Балдәурен» мектепалды даярлық тобының 2021-2022 оқу жылының «Шашу» вариативтік компонентіне тақырыптық жоспары.

Қ/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні
1	Жеміс-жидек. «Алма»	Жеміс-жидектер ерекшеліктерін еске түсіреді; буынға бөлу, буында қанша әріп, дыбыс сандарын біледі; түсті таңдау, қажетті құралдарды нақтылауды түсінеді; ажыратады;	1	02.09.2021ж
2	Жеміс-жидек. «Қауын»	Қауын туралы білімдерін еске түсіреді; әріп, дыбыс сандарын есептеуді біледі; суреттегі қауындардың түсінен басқа қандай ерекшелігін ажыратады; табылған ерекшелікті бірігейлікке айналдырады;	1	09.09.2021ж
3	Жеміс-жидек. «Қарбыз»	Қарбыз туралы әңгімелейді; қазақша атын айтып, қайталайды, буынға бөлу, буында қанша әріп, дыбыс сандарын біледі; қарбыз суретіндегі кесіліп тұрған кесінді неге тегіс еместігін нақтылайды	1	16.09.2021ж
4	Жеміс-жидек. «Бүлдірген»	Бүлдіргеннің дәмін, көлемін, қай кезде көп болатындығын еске түсіреді; есте сақтау, қанша буын, әріп, дыбыс екенін біледі; боялған бүлдіргенде неше түс бар екенін анықтайды,	1	23.09.2021ж
5	Жеміс-жидек. «Өрік»	Өрік, оның дәмі, пішіні біз танысқан қай жеміске ұқсайды, ерекшелігі еске түсіреді; суретте өрік саны 1 неге ол 2 өрік тәрізді бейнеленген.	1	30.09.2021ж
6	Құстар. «Қаз»	Үй құстарының аттарын естеріне түсіреді; барлығы қанша әріп барын біледі; құстың дене бөліктерінің қандай түстермен белгілендігін анықтайды;	1	07.10.2021ж
7	Құстар. «Тауық»	Үй құстарының ішінде тауық туралы білетіндерін еске түсіреді; қанша буын, әріп, дыбыс бар екендігін айтады; тауықтың дене бөліктерін атайды, тауықтың аяғын қаздың аяғымен салыстырып, ерекшелігін табады.	1	14.10.2021ж
8	Құстар. «Үйрек»	Үйрек туралы білетінін еске түсіреді; қаз бен тауықтан үйрек немен ерекшеленетіндігін талдайды; аяғы қайсыныкіне (тауық, қаз) ұқсайды неге екенін тұжырымдайды;	1	21.10.2021ж

9	Құстар. «Күркетауық»	Күркетауық пен тауықтың неге атаулары ұқсас екені туралы әңгімелейді; күркетауық деп аталуын талдайды, оның бейнесін көз алдына елестетеді; күркетауық пен тауықтың дене бөлігінің ұқсастығын тауып, оның неге байланысты екендігін түсіндіреді;	1	28.10.2021ж
10	Құстар: «Бөдене»	Бөдене туралы көрсетілімнен кейін ондай құс және оның жұмыртқасы туралы білетінімізді еске түсіреді; бөденені және оның жұмыртқасының пішінін көлемін басқа құстармен, олардың жұмыртқасымен салыстырады;	1	04.11.2021ж
11	Үй жануары: «Жылқы»	Үй жануарларының ерекшелігін еске түсіреді. Жылқы туралы әңгімелейді; қа суретте бейнеленген жылқы сендер көріп жүрген қандай жылқыға ұқсайды; жылқының дене, бөліктерін атауды санауды;	1	11.11.2021ж
12	Үй жануары: «Түйе»	Түйе туралы білетіндерін еске түсіреді; түйенің жылқыдан ерекшелігі мен ұқсастығы неге екендігі нақтылайды;	1	18.11.2021ж
13	Үй жануары: «Сиыр»	Сиыр туралы білетіндерін әңгімелейді; сиырдың жылқы мен түйеден айырмашылығын, оларда жоқ ненің бар екенін талдайды;	1	25.11.2021ж
14	Үй жануары: «Қой»	Қой туралы білетіндерін еске түсіреді; қойды сиырмен үлкен-кіші, ауыр-жеңіл екендігімен салыстырады;	1	02.12.2021ж
15	Үй жануары: «Ешкі»	Ешкі туралы білетінді еске түсіреді; қоймен ешкіні салыстырады ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратады;	1	09.12.2021ж
16	Жыртқыш аң: «Арыстан»	Адамға үй жануарларынан қауіп төндіретін аңдарды еске түсіру; үй жануарларының қайсысымен арыстанның дене бөліктерін салыстырады;	1	23.12.2021ж
17	Жыртқыш аң: «Аю»	Аю туралы білетіндерін еске түсіреді; арыстан мен аюдың ұқсастығы, аюдың қандай әрекет жасауға дайындалғандығын нақтылайды. Суретті салыстырады, бағалайды.	1	30.12.2021ж
18	Жыртқыш аң: «Жолбарыс»	Жолбарыс туралы білетіндерін еске түсіреді; қайсысының мықты екенін көрсетеді; Жолбарыстың неше аяғы бейнеленген? Неге? Екенін тұжырымдайды;	1	06.01.2022ж
19	Жыртқыш аң:	Түлкі қандай аң екендігі туралы білімін еске түсіреді; түлкіні бұған дейінгі танысқан аю мен арыстанмен	1	13.01.2022ж

	«Түлкі»	салыстырып, ұқсастығын тауып түсіндіреді; түлкінің суреті оның қай әрекетін бейнелеп тұрғандығы туралы ой қорытады;		
20	Жыртқыш аң: «Қасқыр»	Қасқырдың қандай екендігін естіген көргендерін естеріне түсіреді; қазақша қайталайды, жыртқыш жануарлар суреттерін қасқыр суретімен салыстырамыз, ерекшелігін көрсетеміз;	1	20.01.2022ж
21	Ас үй заты: «Шәйнек»	Ас үй заттарын еске түсіреді; шәйнектің не үшін пайдаланатындығымен, оның бөліктерін ажыратады; шәйнектің сыртындағы ою өрнек түсінің қандай ою түріне жататындығын таңдайды;	1	27.01.2022ж
22	Ас үй заты: «Тәрелке»	Суреттегі тәрелкенің неге қажеттігін еске түсіреді; тәрелке ішінде неше ою бейнеленгендігін болжайды,	1	03.02.2022ж
23	Ас үй заты: «Қасық»	Қасық, қасық түрлері туралы білімдерін еске түсіреді; айтады, қайталайды дыбыстың талдау жасайды;	1	10.02.2022ж
24	Ас үй заты: «Кесе»	Кесе, кесе түрлері, олардың пішіндерін туралы еске түсіреді; айтады қайталайды, дыбыстық талдау жасайды; суреттегі кесенің қандай кесе, оны неге пайдаланған тұжырымдайды; ою өрнекті қарап, шәйнек сыртындағымен салыстырады;	1	17.02.2022ж
25	«Ас үй заты: «Шанышқы»	Шанышқы да ас үй заттарына жататынын еске түсіреді; дыбыстық талдау жасайды; суреттегі шанышқыда неге ою салынбаған деп ойлайсың,	1	24.02.2022ж
26	«Көлік «Велосипед»	Өзі білетін көліктерді есіңе түсіреді; көліктерді пайдалануда, жолдан өтуде, қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігін түсінеді;	1	03.03.2022ж
27	«Көлік: «Жеңіл көлік»	Жеңіл көліктің неге олай аталатынын еске түсіреді; жеңіл көлік пайдаланғанда қандай қауіпсіздік шараларын пайдаланатындығын түсінеді, велосипед пен жеңіл көлік ұқсастығын ажыратады;	1	10.03.2022ж
28	«Көлік: «Жүк көлік»	Көлік түрлерін еске түсіреді; жеңіл ауыр екендігін салыстырады; оларды кездестіргенде қандай қауіпсіздік шарасын сақтау керек екенін біледі.	1	17.03.2022ж
29	Көлік: «Автобус»	Автобусты көліктің ерекше түрі екенін біледі; оның ішінде, көп адам отыра алатындығын көзінің алдына елестеді.	1	24.03.2022ж
30	Көлік: «Трактор»	трактордың көлікке жататынын біледі; біз танысқан көлік түрлерінен ерекшеліктерін ажыратады; трактор	1	31.03.2022ж



		қандай қызмет атқаратындығын болжайды;		
31	Саз аспап: «Домбыра»	Музыка аспаптарының түрлерін еске түсіреді. домбыра қазақ ұлттық музыка аспабы екенін біледі; домбыраның бөліктерін ажыратады,	1	07.04.2022ж
32	Саз аспаптар. «Жетіген»	Жетіген – ішекті аспап екенін біледі; жетіген бөліктерін атайды, жетігеннің домбырадан (ішек санына қарай) айырмашылығын көрсетеді;	1	14.04.2022ж
33	Саз аспабы: «Қобыз»	Қобыз – ішекті аспап екенін еске түсіреді; өткен музыка аспаптардың қайсысына ұқсас екендігін анықтайды;	1	21.04.2022ж
34	Саз аспабы: «Сазсырнай»	Ішекті аспаптан басқа үрмелі аспаптар болатының еске түсіреді; ішекті аспаптар мен үрмелі аспапты ерекшелігін ажыратады;	1	28.04.2022ж
35	Саз аспабы. «Дауылпаз»	Ішекті, үрмелі аспаптардан басқа үрмеліден ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратады;	1	05.05.2022ж
36	Саз аспап: «Домбыра»	Музыка аспаптарының түрлерін еске түсіреді. домбыра қазақ ұлттық музыка аспабы екенін біледі; домбыраның бөліктерін ажыратады,	1	12.05.2022ж
		<b>Барлығы: 36</b>		

02.09.2021ж

«Шашу» оқу-танымдық кешені негізінде

Тақырыбы: Жеміс-жидек: Алма

<b>Ойын-сабақ мақсаты:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- жеміс-жидектер ерекшеліктерін еске түсіреді;</li><li>- атауын айту, буынға бөлу, буында қанша әріп, дыбыс сандарын біледі;</li><li>- түсті таңдау, қажетті құралдарды нақтылауды түсінеді;</li><li>- екі суреттегі айырмашылық пен ұқсастықты ажыратады;</li><li>- екеуін бірдей ету бағытындағы тапсырманы орындайды;</li><li>- орындалған жұмысты салыстырып қорытындылайды.</li></ul>
<b>Кіріктіріліп оқыту:</b>	
	танымдық (жаратылыстану, математика) шығармашылық (бейнелеу) коммуникациялық (сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер) әлеумет (қоршаған ортамен таныстыру)
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- жеміс-жидек ерекшелігін есіне түсіреді;</li><li>- анық айта алады, буынға бөледі, қанша буын, әріп, дыбыс бар екенін біледі;</li><li>- түсті ажыратады, қандай түс керектігін таңдай алады;</li><li>- екі суреттегі айырмашылық пен ұқсастықты таба алады;</li><li>- ұқсас түспен суретті бояй алады, салыстырады;</li><li>- қалай орындалғандығын өзін және басқаны бағалай алады.</li></ul>
<b>Жоспар</b>	
	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)</li><li>2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (7 мин. топтық, +7 мин. өзіндік)</li><li>3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (6 мин. жұптық)</li></ol>
<b>1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)</b>	
<b>Топқа сұрақ:</b>	
	Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суретпен жұмыс) Жеміс-жидектер қай кезде піседі? Топпен суреттегі жеміс түрі, түсі, дәмі туралы әңгімелейді. (тілдік дағды қалыптасады)
<b>ЖЕМІС – АЛМА (кітапшамен жұмыс)</b>	
	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қазақ тілінде айтамыз, қайталаймыз (тілдік дағды қалыптастыр</li><li>2. 2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)</li><li>3. Түрлі түсті қарындаш ішінен қажетті</li><li>4 – түсті қарындашты таңдап алу</li><li>3. (тиянақтылыққа баулу) Кітаптағы суретке назар аударып: табу. (танымдық дағды) Екі сурет бірдей болуы үшін не істеу қажет? (бояймыз) Тапсырманы орындау алгоритмі:<ul style="list-style-type: none"><li>- Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз</li><li>- Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)</li></ul></li></ol>

Тексерілді  
Ш. Шамалдан

Мексеріңді  
Ж. Шамалдан

09.09.2021ж

«Шашу» оқу-танымдық кешені негізінде

**Тақырыбы: Жеміс-жидек. «Қауын»**

<b>Ойын-сабақ мақсаты: Қауын түрлерін ажырату</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- қауын туралы білімдерін еске түсіреді;</li><li>- қазақша анық айту, қайталау буын, әріп, дыбыс сандарын есептеуді біледі;</li><li>- суреттегі түсті шығару үшін керек қарындаш нешеу, жеткілікті ме нақтылауды түсінеді;</li><li>- суреттегі қауындардың түсінен басқа қандай ерекшелігін ажыратады;</li><li>- табылған ерекшелікті бірігейлікке айналдырады;</li><li>- өзің бояған қауынның суретінен күнделікті жеп жүрген қауынның дәмін сезіне алдың ба тұжырым жасайды.</li></ul>
<b>Кіріктіріп оқыту:</b>	
	«Қатынас» білім беру саласы «Шығармашылық» білім беру саласы «Әлеумет» білім беру саласы
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- қауын туралы оның дәмін, сезімін есіне түсіреді;</li><li>- қазақша анық айтып, қайталайды, есте сақтап қалу дағдысы қалыптасады;</li><li>- кітапшадағы суретті бояуға қажетті түсті қарындашты таңдауда, шығармашылық танытады;</li><li>- екі суреттегі ерекшелікті табуда салыстыру дағдысын пайдаланады;</li><li>- табылған ерекшелікті бірігейлікке айналдыруда шығармашылық танытады;</li><li>- салынған сурет өзің ұнатып жейтін қауынның дәмін сезінетіндей болды ма, ой қорытуға дағдыланады.</li></ul>
<b>ЖОСПАР:</b>	
	1. Тақырып бойынша ой қорыту (топпен жұмыс) (5 мин.) 2. Тапсырманы орындау (топтық және өздік жұмыс) (6 мин. топтық, +9 мин. өздік) 3. Рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (5 мин. жұптық)
<b>1. Тақырып бойынша ой қорыту (топпен жұмыс)</b>	
<b>Топқа сұрақ:</b>	
	Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс) Қайсысымен таныстық? Бүгін қайсысымен танысамыз? Өзің жеген қауынның дәмін туралы әңгімеле... (тілдік дағды қалыптасады)
<b>ЖЕМІС – ҚАУЫН (кітапшамен жұмыс)</b>	
	1. Қазақ тілінде айтамыз, қайталаймыз (тілдік дағды қалыптастыру)
	2. Кітапшадағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)
	3. Кітапшадағы 4 бетте неше қарындаш бейнеленген, бізге бояуға осы қарындаш жетеді. Жетпесе неше, қанша және қандай қарындаш керек

	<p>(тиянақтылыққа баулу)</p> <p>4. Кітапшадағы боялған және боялмаған суреттердің қандай ерекшелігі бар?</p> <p>Қабығындағы жолақтар салынбағандығынтабу (танымдық дағды).</p> <p>Екі суретті бір-біріне ұқсату үшін не істейміз? Бояймыз.</p> <p>Тапсырманы орындау алгоритмі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз</li> <li>- Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)</li> </ul>
	<p>5. Өзің салған қауынның суреті, саған ұнады ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-ұнады</li> <li>-ұнамады</li> </ul> <p>6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қауын туралы оның дәмін, сезімін есіне түсіреді;</li> <li>2) қазақша анық айтып, қайталайды, есте сақтап қалу дағдысы қалыптасады;</li> <li>3) кітапшадағы суретті бояуға қажетті түсті қарындашты таңдауда, шығармашылық танытады;</li> <li>4) екі суреттегі ерекшелікті табуда салыстыру дағдысын пайдаланады;</li> <li>5) табылған ерекшелікті бірігейлікке айналдыруда шығармашылық танытады;</li> <li>6) салынған сурет өзің ұнатып жейтін қауынның дәмін сезінетіндей болды ма, ой қорытуға дағдыланады.</li> </ol> <p>Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.</p>

Мәксеріндегі  
*Ж. Мамбетов*

16.09.2021ж

«Шашу» оқу-танымдық кешені негізінде

Тақырыбы: Жеміс-жидек. «Қарбыз»

<b>Ойын-сабақ мақсаты: Қарбыз туралы әңгімелейді</b>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарбыз туралы әңгімелейді;</li> <li>- қазақша атын айтып, қайталайды, жаттап алуға тырысады, буынға бөлу, буында қанша әріп, дыбыс сандарын біледі;</li> <li>- боялған қарбызда неше түс бар екенін анықтайды, оны қарындаш санымен салыстырады;</li> <li>- қарбыз суретіндегі кесіліп тұрған кесінді неге тегіс еместігін нақтылайды;</li> <li>- суреттегі боялған қарбызға ұқсатып салу үшін жұмыс ретін ойластырады;</li> <li>- салынған суреттерді салыстырады.</li> </ul>
<b>Кіріктіріліп оқыту:</b>	
	<p>«Қатынас» білім беру саласы</p> <p>«Шығармашылық» білім беру саласы</p> <p>«Әлеумет» білім беру саласы</p>
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарбыз, оның ерекшелігі, дәмі, жеген кездегі сезімін еске түсіреді;</li> <li>- қазақша атауын еске сақтайды, буын, әріпті санайды;</li> <li>- боялған суреттегі түс санымен қарындаш сандарын санап, ой қорытады;</li> <li>- боялған қарбыз кесіндісінің неге олай боялғанын салыстырып тұжырымдайды;</li> <li>- боялған сурет бойынша екінші қарбызды бояу үшін, жұмыс алгоритмін құрады;</li> <li>- суреттерді салыстырып тұжырым жасайды.</li> </ul>
<b>ЖОСПАР:</b>	
	<p>4. ҰОҚ-ның тақырыбын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)</p> <p>5. Тапсырманы орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)</p> <p>6. Рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)</p>
<p><b>1. ҰОҚ-ның тақырыбын ашу (топпен жұмыс)</b></p> <p><b>2. Топқа сұрақ</b></p>	
	<p>Дидактикалық ойын «Бұл не?»(суреттермен жұмыс)</p> <p>Өткен сабақта қандай жеміспен таныстық? Қауын</p> <p>Бүгін қарбызбен танысамы</p>
	<p><b>Қарбыз:</b> Ерекшелігі _____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <hr/> <p><b>Қауын:</b> Ұқсастығы _____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Сюжетті сурет (топпен әңгімелеп, салыстырады) (тілдік дағды қалыптасады)</p>
<b>ЖЕМІС – ҚАРБЫЗ</b>	
<b>(кітапшамен жұмыс)</b>	
	<p>4. Қазақ тілінде айтамыз, қайталаймыз (тілдік дағды қалыптастыру)</p> <p>Қауын Дыня</p> <p>Қарбыз Арбуз</p>
	<p>5. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санын жазамыз (танымдық дағды)</p> <p>6. Боялған қарбызда не түс бар? _____</p> <p>Қарындаш саны 3 неге? _____</p> <p>(тиянақтылыққа баулу)</p> <p>7. Боялған қарбызға ұқсатып салу үшін алдымен қай түстен бастаймыз? Еске түсір!(танымдық дағды)</p> <p>Екі сурет бірдей болуы үшін не істеу қажет? Бояймыз.</p> <p><b>Тапсырманы орындау алгоритмі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз</li> <li>- Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)</li> </ul>
	<p><b>8. Кітаптағы салынған сурет пен боялған суретті салыстыр.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бірдей</li> <li>-бірдей емес</li> <li>= ұқсас</li> </ul> <p><b>9. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қарбыз, оның ерекшелігі, дәмі, жеген кездегі сезімін еске түсіреді;</li> <li>2) қазақ тілінде еске сақтайды, буын, әріпті санайды;</li> </ol>

- |  |
|--|
| <ol style="list-style-type: none"><li>3) боялған суреттегі түс санымен қарындаш сандарын санап, ой қорытады;</li><li>4) боялған қарбыз кесіндісінің неге олай боялғанын салыстырып тұжырымдайды;</li><li>5) боялған сурет бойынша екінші қарбызды бояу үшін, жұмыс алгоритмін құрады;</li><li>6) суреттерді салыстырып тұжырым жасайды.</li></ol> <p>Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.</p> |
|--|

23.09.2021ж

**«Шашу» оқу-танымдық кешені негізінде  
Тақырыбы: Жеміс-жидек. «Бүлдірген»**

<b>Ойын-сабақ мақсаты: Бүлдіргеннің дәм</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- бүлдіргеннің дәмін, көлемін, қай кезде көп болатындығын еске түсіреді;</li><li>- қазақша атауын қайталау, есте сақтау, қанша буын, әріп, дыбыс екенін біледі; - боялған бүлдіргенде неше түс бар екенін анықтайды, қанша қарындаш бар екенін түспен нақтылайды;</li><li>- екі суретті салыстырады бояуға керек емес қарындашты алып тастайды, неге екендігін түсіндіреді;</li><li>- бүлдіргенді қарбызбен салыстырып, оның пішінінің үлкен-кіші (&gt;,&lt;) екендігін нақтылайды;</li><li>- бүлдірген суретіндегі ақшыл дақтардың өздері жеп жүрген жемістегі не екендігі туралы ой қорытады.</li></ul>
<b>Кіріктіріліп оқыту:</b>	
	«Қатынас» білім беру саласы «Шығармашылық» білім беру саласы «Әлеумет» білім беру саласы
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- бүлдіргеннің қай кезде көп болатындығын, дәмін, көлемін есіне түсіреді;</li><li>- қанша дыбыс, буын, әріптен тұратындығын біледі;</li><li>- боялған бүлдіргенде қанша бояу екенін анықтап, қандай бояулар керектігін нақтылайды;</li><li>- көрсетілген суретті бояуға қажет емес қарындашты тауып анықтайды;</li><li>- бүлдіргенді қарбызбен салыстырады, оның пішінінің үлкен кіші екендігі туралы ой қорытады;</li><li>- бүлдірген суретіндегі ақшыл дақтың не екені туралы тұжырым жасайды.</li></ul>
<b>ЖОСПАР:</b>	
	1. Тақырып бойынша ой қорыту (топпен жұмыс) (5 мин.) 2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік) 3. Рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
<b>1. Тақырып бойынша ой қорыту (топпен жұмыс)</b>	
	Суретте қандай жеміс бейнеленген?
<b>Топқа сұрақ:</b>	
	Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суретпен жұмыс). Нені көріп тұрмыз? Сурет бойынша әңгіме құрастырамыз. (тілдік дағды қалыптасады)
<b>ЖЕМІС – БҮЛДІРГЕН (кітапшамен жұмыс)</b>	
	1. Қазақ тілінде айтамыз, қайталаймыз (тілдік дағды қалыптастыру)
	2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз

	<p>(танымдық дағды)</p> <p>3. Суреттерді салыстыр, кітапшада көрсетілген түсті қарындаштың қайсысының керек емес екендігін анықта (тиянақтылыққа баулу)</p> <p>4. Суретке қарап салыстыр, пішіні қандай, қайсысы үлкен (&gt;,&lt;) белгі қой.</p> <p>(танымдық дағды)</p> <p>Екі сурет бірдей болуы үшін не істеу қажет?</p> <p>Бояймыз.</p> <p><b>Тапсырманы орындау алгоритмі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз</li> <li>- Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)</li> </ul>
	<p>5. Бүлдіргеннің суреті мен фотосуретін салыстыр, ақшыл дақтың нені білдіретіндігін тұжырымда.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бірдей</li> <li>-бірдей емес</li> <li>= ұқсас</li> </ul> <p>6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бүлдіргеннің қай кезде көп болатындығын, дәмін, көлемін есіне түсіреді;</li> <li>2) қанша дыбыс, буын, әріптен тұратындығын біледі;</li> <li>3) боялған бүлдіргенде қанша бояу екенін анықтап, қандай бояулар керектігін нақтылайды;</li> <li>4) көрсетілген суретті бояуға қажет емес қарындашты тауып анықтайды;</li> <li>5) бүлдіргенді қарбызбен салыстырады, оның пішінінің үлкен кіші екендігі туралы ой қорытады;</li> <li>6) бүлдірген суретіндегі ақшыл дақтың не екені туралы тұжырым жасайды.</li> </ol> <p>Тапсырманың орындалу деңгейіне қарап бағалаймыз.</p>



Тексерілді  
Ш. Қарашев

30.09.2021ж

**«Шашу» оқу-танымдық кешені негізінде  
Тақырыбы: Жеміс-жидек. «Өрік»**

<b>Ойын-сабақ мақсаты: Өріктің пішіні</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- өрік, оның дәмі, пішіні біз танысқан қай жеміске ұқсайды, ерекшелігі еске түсіреді;</li><li>- қазақша айтамыз, буын, әріп, дыбыс санын білеміз;</li><li>- суретте неше өрік, қанша жапырақ бейнеленгенін анықтаймыз;</li><li>- жапырағы мен өрік жемісінің неге таза бір түс еместігін туралы тұжырым жасаймыз;</li><li>- суретте өрік саны 1 неге ол 2 өрік тәрізді бейнеленген.</li></ul>
<b>Кіріктіріліп оқыту:</b>	
	«Қатынас» білім беру саласы «Шығармашылық» білім беру саласы «Әлеумет» білім беру саласы
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- өріктің пішіні алмағаұқсайтынын еске түсіреді, бірақ дәмінің өзгеше екенін біледі;</li><li>- қазақша атауын анық айтып қайталайды, қанша буын, әріп, дыбыс көрсетеді;</li><li>- суретке назар аударып, жапырақты санайды, өрік неге көп болып көрінетіндігін анықтайды;</li><li>- жапырақ пен өрік жемісінің неге бір түс еместігін ескереді;</li><li>- оны сәйкестендіріп бояйды;</li><li>- суреттегі өріктерді салып нешеу екендігін тұжырымдайды.</li></ul>
<b>Жоспар</b>	
	1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.) 2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік) 3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
<b>1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)</b>	
<b>2. Топқа сұрақ</b>	
	Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс) Қайсыларымен таныстың? Алма, қауын, қарбыз, бүлдірген. Бүгін – өрікпен танысамыз. Жеміс-жидектер қай кезде піседі? Балалар өз ойларын әңгімелейді...(тілдік дағды қалыптасады)
<b>ЖЕМІС – ӨРІК (кітапшамен жұмыс)</b>	
	4. Қазақ тілінде айтамыз, қайталаймыз (тілдік дағды қалыптастыру)
	2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды) 3. Суреттерді салыстыр, кітапшада көрсетілген түсті қарындаштың қайсысының керек емес екендігін анықта (тиянақтылыққа баулу) 4. Суретке қарап салыстыр, пішіні қандай, қайсысы үлкен (>,<) белгі қой.

	<p>(танымдық дағды) Екі сурет бірдей болуы үшін не істеу қажет? Бояймыз. <b>Тапсырманы орындау алгоритмі:</b> - Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз -Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)</p>
	<p>5. Бүлдіргеннің суреті мен фотосуретін салыстыр, ақшыл дақтың нені білдіретіндігін тұжырымда. -бірдей -бірдей емес = ұқсас</p> <p><b>6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бүлдіргеннің қай кезде көп болатындығын, дәмін, көлемін есіне түсіреді;</li> <li>2) қанша дыбыс, буын, әріптен тұратындығын біледі;</li> <li>3) боялған бүлдіргенде қанша бояу екенін анықтап, қандай бояулар керектігін нақтылайды;</li> <li>4) көрсетілген суретті бояуға қажет емес қарындашты тауып анықтайды;</li> <li>5) бүлдіргенді қарбызбен салыстырады, оның пішінінің үлкен кіші екендігі туралы ой қорытады;</li> <li>6) бүлдірген суретіндегі ақшыл дақтың не екені туралы тұжырым жасайды.</li> </ol> <p>Тапсырманың орындалу деңгейіне қарап бағалаймыз.</p>

Мексередегі  
Ш. Шайқас

07.10.2021ж

«Шашу» оқу-танымдық кешені негізінде  
Тақырыбы: Құстар. «Қаз»

<b>Ойын-сабақ мақсаты: Үй құсы</b>	
